

Е.Ониськова

**100 ЖЫЛДЫК
МЕРЕЙТОЙ**

**100-летний
ЮБИЛЕЙ**





**Мәртөк ауданының әкімі
Ботағарин Серік Көшерұлы**

Е. ОНИСЬКОВА

**100 ЖЫЛДЫК
МЕРЕЙТОЙ**



**100-летний
ЮБИЛЕЙ**

АЛҒЫ СӨЗ

Тылсым уақыт! Адамға арзан да, сонымен қатар құны жоқ қымбат та осы уақыт. Болашақты болжаудың қиындығы халқымыздың «елу жылда ел жаңа» қағидасынан шығады, себебі уақытпен бірге адамның болмысы да өзгереді. Әр атқан таң тарихтың жаңа беті болса, өткен күн – бүкіл өмірдің миниатюрасы.

Әдебиет классигі Т.Драйзер айтқандай: «өмірді, өмірдің өзінен гөрі кітаптан көбірек тануға болады» деген қағидамен келіспеуге болмайды. Әр азамат өзінен бұрынғылардың жүріп, өткендердің жолын білуі керек. Ол үшін туған өлкенің тарихын оқу парыз.

Бұл кітапта автор әр жерлерде сақталған ауданға қатысты тарихи құжаттарды жинап, архивдерде сақталған статистикалық мәліметтерді пайдаланып, Мәртөк селосының тарихын ХІХ ғасырдың ортасынан бері уақытты қамтыған.

Әлеуметтік-экономикалық процестердің негізінде ауданның көпұлтты болып қалыптасу себептерін ашқан.

Оқырманға ұсынғалы отырған бұл кітапта Мәртөк ауданындағы халықтың саны, оның орналасуы, ұлттық құрамы 1855-1913, революцияға дейінгі кезең көрсетілген.

ХІХ ғасырдағы қазақ ауылының өзгеруіне Ресей мемлекетінің ішкі қарама-қайшылықтары әсер еткендігі және ол процестердің бұл өңірдің тыныс-тіршілігіне әкелген өзгерістері мен қайшылықтары ашылған.

Кітаптағы көп материалдар аудандық газеттен алынған. Библиографиялық жәдігей болып табылатын бұл басылымдарды халыққа жеткізудің ролі зор деп есептей отырып, сол кездегі қазақ шаруаларының да көшушілер келгенге дейін егіс салғаны, олардың өз агротехнологиялары болғаны және орыс шаруалардың олардан үйренгенін көреміз.

Менің пікірімше, кітапта статистикалық материалдарды тиімді пайдаланып, тарихи мәліметтер түсінікті тілмен берілген. Мәртөк селосының қалыптасуындағы адамдардың тағдыры мен тарихи оқиғалар суреттеліп, осы күнге дейінгі ұрпақ жалғастығы көрсетілген.

Мәртөк селосының дамуынан бастап еліміздің егемендік алған кезеңіндегі жетістіктерін баяндайтын кітаптың алдағы ұрпақты тәрбиелеуде өз орны болады деп сенемін.

Аудан әкімі: С.Ботағарин

Әр ауылдың, қаланың, ауданның адамдардікі сияқты өзіндік өмірі мен өмірбаяны бар. Біздің ауданымызға 70 жыл толды. 1935 жылдың 31 қаңтардағы (ЖООК) Жоғары Орталық Орындау Комитетінің «Қазақ ССР-нда жаңа аудандар құру» туралы қаулысына сәйкес Ақтөбе облыстық атқару комитеті қаулы қабылдады:

1. Бұрынғы Ақбұлақ, Степной және Ақтөбе қаласы аумақтарының бөліктерінен Мәртөк және Новороссийск аудандары құрылсын. (16 ақпан 1935 ж., хаттама № 28, т. 10).

Осылайша дербес Мәртөк ауданы құрылды. Осыған дейін, 1931 – 1935 жылдар аралығында оның кейбір бөліктері Ақбұлақ ауданына кірісті болған.

Облыстық мемлекеттік архивтегі Ақтөбе округінің құрылуы туралы құжаттарында 1928 жылдың 17 қаңтарында аудандардың бірігуі болғаны айтылады. Округтің құрамына 14 аудан кірді, соның ішінде Мәртөк ауданы да бар. Мәртөк ауданы Ақтөбе уезінің Андреевка, Мәртөк, Родниковка, Степановка және Астрахан мен Жайсаң болыстарының бөліктерінен құрылды. Бұл күн аудандардың құрылған күні, яғни Мәртөк ауданының құрылған күні болып саналады. Сол уақыттағы Мәртөк пен орталық қандай болды? Оның аумағында қандай өзгерістер болды?

Ауданның 70 жылдығы мен селоның 100 жылдығын тойлағалы отырмыз. Бұл көп пе, аз ба? Көп те, аз да. Барлығы салыстырумен танылады. Уақыттың ең қатал төрешісі – тарих, ол бүкіл болмысымызға баға береді.

Өткенге көз жүгіртіп, архивтік жазулар, газет тігінділерін оқи отырып, ауданымыздың уақытпен бірге жасап жатқанына қуанасың. Әрине, қиын кездер де болған. Қазір арамызда бір кездері ең алғашқы трактор көрген кісі де, ең бірінші артель, коммуна мен колхоз ұйымдастырғандар да жоқ. Ұлы Отан соғысы Батырлары: А.Г. Батуриң, Е.К. Мазков, Ф.Ф. Озмитель, К.Я. Губин, М.И. Кожемякин, Социалистік Еңбек Ерлері: Е.Н. Иващенко, Г.М. Шведа, М.М. Чипегина, И.П. Пономаренко, Н.И. Горобецтер де арамызда жоқ. Бұның бәрі тарихқа айналып кетті. Бізді ауданымыз бен аудан орталығымыздың өсіп – дамығаны қызықтырады. Әкелеріміз, аталарымыз бен арғы аталарымыз Мәртөк ауданы алдыңғы қатарда болып, гүлденіп, дамуы үшін, мәртөктіктердің даңқын асқақтату үшін аянбай еңбек еткен.

Ауданымыздың өзінің өткен батырлық тарихы бар, қазіргі күн

де жақсы. Оның жарқын болашағына сенеміз. Болашақтағыны ұрпақтарымыз жазар. Ал қазір оқырманға ескі және жуырдағы туған өлке тарихындағы қиындығы мен қайшылықтары басым процестерді түсіндіріп көрейік.

XX ғасырдың басы. Шексіз кең дала. Күнге күйіп кеткен топырақ пен өртеніп кеткен шөп. Кейбір жерлерде жыртылған жердің жіңішке бөліктері көрінеді. Айнала тым-тырыс. Тек биік аспанда бозторғайдың әні естіледі. Жазық дала келе жатқан өзгерістерді сезбей, өзінің бірқалыпты өмірімен өмір сүруде.

1902 жыл Патша Николай II «Орынбор – Ташкент» темір жолын салуға бұйрық берді. Бұл жолды аптық пен жоқшылықтан торыққан бейшаралар салды. Жұмыс қиын да ұзақ болды. Күрек, қол арба мен жеккі ат – бұл сол кездің механизациясы болатын.

Жедел темір жол магистралі ұлы құрылысының жаңғырығы біздің жерімізге де келіп жетті. Теміржолшы-құрылысшыларға «Ақбұлақ – Қаратоғай» бөлігі қиындық көрсетті. 1904 – 1905 жылдың қарлы, боранды және үскірік желді қысы жол салуды баяулатты, тіпті бірнеше күн бойы салған рельстік төсемді бір түнде бүкіл далаға ұшырып кеткен жағдайлар да болды. Қайтадан жаңаша еңбек ету керек болды.

Темір жол төсемі жергілікті материалдан, ал тастарды жолдың солтүстік учаскесіне Орынбор қаласының маңындағы Маяк тауынан, оңтүстік учаскесіне Мұғалжар тауынан жеккі арбамен тасыды. Ағашты Башқұртстаннан Пименов деген көпес тасып тұрды. Құрылыс бірнеше учаскелерде бір уақытта жүрді. Арнайы құрылған құрылысшылар бригадалары әркім өзінің 30 шақырым учаскесіне жауапты еді. Қабылдау комиссиясы жұмыс сызбаларының орындалуын қатал бақылап отырды. Стандарттар, төсеніш биіктігі мен көлбеу бұрышы да назардан тыс қалмады. Егер комиссия жоспардағы көрсеткіштерге сәйкессіздіктер тапса, бригада жұмысы қабылданбай, құрылыс қайтадан басталды.

Жолды қар басып, транспорт жүрісіне кедергі келтіргендіктен, 1903 жылы темір жол төсемі бойына «қарды ұстап қалатын ағаштар» отырғызу шешімі қабылданды.

Құрылысшылармен қатар Мәртөкте теміржолшылар да пайда болды. Олардың жұмыстары ауыр болатын.

Құрылысшы – теміржолшылардың өмірі қандай болды екен? Мәртөк станциясының қарт теміржолшысы А.И.Зайцевтің

естеліктерінен: «Күн атқанынан түн батқанына дейін жұмыс істедік. Таңғы асқа 30 минут, түскі асқа 2 сағат уақыт берілді. Төбесі ескі шпалдармен жабылған жертөлелерде тұрдық. Осындай шұңқырларда ерте көктемнен, күздің соңына дейін тұрдық. Жалақымыз жылына 132 сомды болды. Жүйелі түрдегі еңбек демалыстары берілген жоқ, санатория, курорт, демалыс үйі деген сөздерді тіпті білмедік. Клубтар, кітапханалар, кинолар болған жоқ, патша кезінде бұл туралы ойлауға да болмайтын. Дворяндық клубтар (Жайсаң, Қаратоғай селоларында) болды, бірақ оларға бізді жолатқан жоқ. Егер адам ауырып қалса, қартайса, оған тек жылдық төлемақы берілді, әрі қарай өз өмірін өзі көрді, кейбір жерлерде ондай да болмады.»

1905 жылы вокзал, өндірістік қоймалар мен темір жол жұмысшылары, шенуніктерге арналған алғашқы үйлер салынды. Бұл станцияға «Мөртөк» атауы берілді.

Станция атауы ұзақ талқыға түсті, әр түрлі нұсқалар ұсынылды. Мысалы, біреулер тарихи ұлы адамдар мен болған үлкен оқиғалардың атауларын бергісі келді, ал екіншілері станцияларға атақты жазушылар, мәдениет пен өнер адамдарының аттарын бергенді жөн санады. Осылайша Ақбұлақты – «Тургенев», Жайсаңды – «Гоголево», Мөртөкті – «Чехово» деп атау ойластырылды. Алайда, барлық нұсқаларды қарай отырып, Торғай облысының Губернаторы генерал-лейтенант А.А. Ломачевский станцияның атауын жердің бұрынғы атауына сәйкес беру керек деген шешімге келді.

Біздің болашақ станциямыздың орны өте ылғалды болып, қамыс қаптап кететін, сонымен қатар бұнда ерекше шүйгін «мортық» деген шөп өсті. Бұл шөп пілде айында түйнектеп үлгеретін. Шөптің көптігі сонша, Мөртөк станциясынан Ресей патшалығына шөп тиелген эшелондар жөнелтіліп отырған (кестені кара). Жердің атауын берген де сол 1904 жыл, берекелі өлке туралы «үш жыл шапсаң да, ешқандай шекараға жете алмайсың» деген әңгіме ауыздан-ауызға тарап кетті. Осылай Украинадан, Ресейдің орталық губернияларынан, Солтүстік Кавказдан, Татарстан мен Башқұртастаннан көшпшілер келе бастады. Бұл бақыт іздеп, туған жерлерін мәңгі тастап келе жатқан жерсіз шаруалар болатын.

Бұл өлке берекелі еді. Күн жайнап тұрды. Айнала жазық дала.

Осылайша қазіргі Мөртөк пен Мөртөк ауданы жеріне көшіп

келушілер қоныстана бастады. Ең бірінші болып Кривченко, Тарасов, Дегтярев, Аргатюк, Гомора, Воля, Гриненко, Личковахалар және т.б. отбасылары қоныс тепті.

Неге адамдар осы жаққа келе бастады?

Личковаха А.Е. еске алады: «Запорожьеде отбасыларымыздың жері аз болды, кедей тұрдық. Астық аз шыққан жылдары жағдайларымыз тіпті қиын еді: байларға қарызға кіретінбіз. Сол кезде жер аударғысы келетіндерге жаңа мекендерден жақсы жер береміз деді. Мен біріншілердің қатарында жазылдым.»

Жер аударғандар өз мүліктерін алып, көшіп келе бастады. Жаңа қоныс: ашық дала, көкөрай шалғын мен самал жел – еркіндік!

Келушілер өз жерлерін Андреевка, Вознесенка, Веренка, Родниковка, Степановка, Ново-Михайловка, Ново-Федоровка, Шевченко және т.б. деп атай бастады. Ал қазақша бұл жерелер Қызылжар, Аққұдық, Бұлақ, Жайсаң, Мөлдір, Құрмансай, Құрманалы тоғай және т.б. болып аталған.

Көшіп келушілер жолда қандай қызық көрді?

Мысалы, Електің бойында, жазық далада Көкбөкте ауылы бар екен. Ойпаңдау жерде шатыры бар саманнан жасалған төрт үй тұр. Қасында – қой қора, мал тұратын жер, шөмелелер. Көктемде дала құлшырып кетеді. Ол өзінің ерекше әдемі киімін киеді. Қайда қарасаң да – түрлі шопті жасыл кілем. Қырларда қызғалдақтар жайнап тұр. Еріксіз ескен самал желмен түрлі өсімдіктердің арасынан жас жусанның ашқыптым иісі сезіледі. Бірақ дала әрқашан да көрікті бола бермейді. Жазда күннің ыстығынан қызарып, күзде қатты жел соғып, қарлы қыста кішкентай Көктөбе ауылын шатырына дейін қармен басып тастайды. Тек шатырдан ғана адам мен жылы ошақтың белгісіндей тезектің түтіні шығады.

Осындай ауылдар Електің бойында, қазіргі Мәртөктің маңында көп болған.

Жергілікті тұрғындар көшкендерді өз туыстарынша қабылдап, оларды «тамыр» деп атаған («дос» деген мағынада). Алғашқы жылдары өлкеміздегі тұрғындар санының өсуі 1, 2 кестедегі өкелінген жүк көрсеткіштерінен анық көруге болады.

№ 1 кесте

станциялар	мануфактура	сабын	кант	тұз	балық	тақтай
1906 жыл						
Жайсаң	0,3	0,1	0,5	0,3	-	2,0
Мәртөк	0,3	0,0	0,5	0,1	-	0,5
Қаратоғай	0,2	0,0	0,3	0,1	-	1,0
1907 жыл						
Жайсаң	1,1	0,2	1,2	2,0	0,1	9,0
Мәртөк	1,1	0,1	0,9	1,0	-	2,3
Қаратоғай	0,6	0,1	0,8	0,7	-	1,1
1906-1907 жылғы станцияға жүк әкелуінің өсуі. (мың пұт)						
Жайсаң	+0,8	0,1	+0,7	1,7	0,1	+7,0
Мәртөк	+0,8	0,1	+0,4	0,9	-	+1,8
Қаратоғай	+0,4	0,1	+0,5	0,6	-	+0,1

№ 2 кесте

станциялар	темір	жер өңдеу құралдары	бидай	сұлы	ұн	тұқымға дән	тары
1906 жыл							
Жайсаң	0,1	2,3	0,9	-	5,7	-	-
Мәртөк	0,0	0,2	0,0	0,1	5,0	-	-
Қаратоғай	0,0	0,4	3,8	0,1	1,6	-	-
1907 жыл							
Жайсаң	0,3	1,9	1,3	0,0	1,1	1,4	0,0
Мәртөк	-	0,7	0,0	0,0	1,8	0,1	0,0
Қаратоғай	-	0,6	1,9	0,0	5,0	2,4	0,4
1906-1907 жылғы станцияға жүк әкелуінің өсуі. (мың пұт)							
Жайсаң	+0,2	-0,4	+0,4	-	-4,6	+1,4	-
Мәртөк	-	+0,5	-	-0,1	-3,2	+0,1	-
Қаратоғай	-	+0,2	-1,9	-0,1	+3,4	+2,4	+0,4

XX ғасыр – үлкен қасірет және үлкен жаңалықтар ғасыры! Өткен ғасырда көптеген жаңалықтар болды, бірақ Мәртөк станциясының құрылған жылы қандай жаңалықтар болғанын қарайық.

1905 жылы есте қалған оқиғалар:

1. Тәңірберген аумағында іш сүзегі көптеген адамдардың өмірін қиды.

2. Ресейдің Мемлекеттік Думасына сайлау өтті.

3. Шалқар станциясының жанынан ең бірінші әр түрлі корреспонденциялар меншіткі телеграммалар қабылдайтын пошталық-телеграфтық бөлім ашылды.

4. Мекеге қажылық жасалды: Торғай облысынан – 79 адам, соның ішіндегі 27 адам Ақтөбе уезінің адамдары. Ең құрметті де, ең үлкен қажы Мінайдар Жараспаев болды.

5. Торғай облысының Әскери Губернаторының 1904 жылғы 31 желтоқсанындағы № 35 «1891 жылғы 25 наурызда бекітілген Дала Заңының 69 және 114 баптарының негізіндегі болыстық сайлау съездтерінің шешімдерімен 1905 жылдан бастап қызметке үш жылға бекітіледі» деген бұйрығына сәйкес Қаратоғай болысының болысы болып үш жылға халық биі Алғазы Жіліспаев сайланды, бірақ бұл бұйрық 1904 жылдың 31 желтоқсанында ғана күшіне енді.

6. 1905 жылдың ақпанынан 19 бастап темір жолмен ерекше пошта вагондары жүре бастады, олар жолаушылар пойызына тіркелді.

7. Әскери жағдайға байланысты темір жол қызметкерлеріне бастықтың рұқсатысыз жұмыстан кетуге тыйым салынды, егер ол берілген уақыттың ішінде жұмысқа келмесе, 4-8 айға түрмеге отырады.

8. 1905 жылдың 19 маусымында Қазалыдан Орынборға Бұқар Әмірі аттанды. Жолда ол болашақ вокзалдың бірінші тасын қалау үшін Ақтөбеде 30 минут тоқтады. Бұл рәсімді Әмірдің жұбайы жасады. Жоғары мәртебелі Бұқар Әмірі мінген № 5 пойыз «Экстренный» деп аталды. Бұл пойыз 7 вагоннан тұрды. Соның 2 вагоны (вагон-салон және вагон-ресторан) Патшаның таққа отырған Қасиетті Күніне сыйлығы еді. Мәртөк жерінен бұл пойыз

саяхатының үшінші күні кешкі сағат 4 пен 7 аралығында өтті. Станцияның барлық жеке құрамы бастықтары пойызды перонда салтанатты киіммен құрмет көрсете қарсы алды.

9. «Орынбор – Ташкент» темір жолының солтүстік бөлігі 1905 жылы шілденің 25-нен 26-на қараған түні сағат 12-де қолданысқа берілді.

10. Жайсаң ауылында темір шатыры бар екі ағаш үйі пайда болды (қазіргі селолық әкімдігінің қасы). Бұл үйлер вино қоймасы бар жерасты өткелімен біріктірілген. Сол жерде дворяндық офицерлік клуб болды. Сол маңда темір жол жаңындағы жазықта (қазіргі мектептің қасы) жүн, құрт, май, тары-талқан саудасы қызу жүріп жатты.

11. Нагорное ауылында Ресей мен Украинаның жері аз аудандарынан көшіп келгендердің 60-тан астам үйлері болды.

Б.Н.Лускань өзінің «Край родной» очеркісінде ғасыр басындағы Мәртөкті суреттейді: «1905 жылы атам отбасымен Мәртөкке келді. Ауылдың ең шеткі жағына, темір жол көпірінен келетін ордан 50 метрдей жерде жартылай жерге қазылған жертөле салды. Атам бұл жерді өте ыңғайлы деп санаған: ордан жаз бойы су ағып жатады, адамдар сол жерге орамжапырақ егіп, кейбіреулері үй салу үшін саман кірпіш басқан. Көпірдің арғы бетінде, қазіргі сиыр айдайтын жерде батпақ болды. Ол көп жерге созылатын: шығысқа қарай нефтебазаға дейін, батысқа қарай екі шақырым, солтүстік жаққа подстанцияға дейін 1 шақырымдай жерді алып жатты. Жыл сайын сайдағы су азая берді. Отызыншы жылдары жаздың ортасында бұлақ құрғап, су тек үлкен жыраларда қалды. Біз сияқты ауыл балаларына бұл да жарайтын: суға түсу мерзімін біз осы шалшықтардан бастайтынбыз. Судың ластығы ешкімді де тоқтатпайтын. Уақыт өте келе батпақ құрғап, «3 интернационал» колхозы сол жерге егін еге бастады. Отызыншы жылдарға дейін темір жол вокзалының маңындағы жерлерде ғана батпақ қалды. Жаздың ортасына дейін сол жерлермен өту мүмкін емес болатын. Ауылдың атауы қайдан шықты деген талассөзде, мен Мәртөк «лас жер» деген ойды ұсындым. Әрине, патриоттық сезім жағынан қарасақ, бізге қымбат атауда жаман нәрсе болмасын дейсің, бірақ...

Өткен ғасырдың жиырмамыншы-отызыншы жылдары Мәртөкті айнала шалғын шөп өскен. Әсіресе православ мейітінің оңтүстік және

шығыс жағындағы, тіпті қазіргі полиция ғимаратының орнындағы жерде шөп қалың және құнарлы болатын. Әрбір үйге сол жерден шөп шабу үшін учаскелер берілетін.

Електің төменгі жайылысында, қоқыстың арғы жағында, көптеген ұсақ көлшіктер болды. Олардың арғы жағында құнарлы жайылым болатын. Малдың алысқа айдаудың керегі жоқ еді. Мал сол көлшіктердің маңынан тойып, су ішіп, үйге қайтатын. Сол уақыттан бері 40-50 жылдай өтті. Қазір баяғы көлшіктер жоқ, тіпті ұзын да терең «Косилка» көлі де құрғап кетті (бұрынғы тұрғындардың есінде). Өзгерістерге қызығатындай ештеңе жоқ. Климат ылғалдың азаюы жағына өзгеруде.»

Бұрынғы жылдары «Торғай облысына жер аударып келгендер мен жаяу жүргіншілерге арналған мәліметтер» деген кітапшалар Полтавада басылып, тегін таратылатын. Онда жергілікті аумақтың картасы басылатын. Оңтүстік-Орыс Облыстық Көшкіншілер Ұйымы шығарған. Әртүрлі анықтамалармен Торғай-Орал аумағындағы жаяу жүргіншілер мен көшкіншілер Орынборда – Григорий Иванович Картавцев, Ақтөбеде – Корнилий Емельянович Дудко, Троицкіде – Тимофей Иванович Жданов жергілікті көшкіншілер агенттерімен тікелей немесе хат арқылы хабарласа алған.

Онда не деп жазған? Географиялық жағдай, кәсібі, саудасы – барлығы 28 бетте 26 бөлім. Өз шаруашылығын жақсарту үшін, әрбір отбасына 600-720 сом керек болған: үй – 55 сом (6 адамға), мал қора – 25 сом, соқа – 15 сом, тырма – 5 сом, шөпорақ – 120 сом, арба – 60 сом (егер арба ағаштан жасалып, темір білігі болса, бағасын азайтуға болады), сиыр – 40 сом, 2 жылқы – 100 сом, 2 өгіз – 300 сом. Осы ауданға аттанушы жаяу жүргіншілерге 35 сом керек болды. Көшіп келушіге «көтерме» 200 сом берілді, бірақ бір шарты бар еді: ол көшер кезінде қолына 100 сом алады, егер жолда сол ақшаны жұмсамай, келген кезде агентке көрсетсе, «көтерменін» екінші жартысын алатын болған. Олай болмаса екінші жартысынан айырылатын болған. Сондықтан «көтерме ақшаны» тек санаулылар ғана алды. Жер аударушылар Қаратоғай станциясына дейін пойызбен келген, мұнда жергілікті тұрғындар оларды түйе жегіп күтіп тұратын. 50 сомға айтқан жеріне апарып тастайды.

Мәртөк ауданына (сондағы 1907 жылы – Ақтөбе уезі, Қаратоғай болысы) көшіп келушілер топ-топ болып келді. Мысалы, Барашина ауылына көктемде 4 отбасы келді, біреуі бөлек

қоныстанды, ал үшеуі бірге тұра бастады. Қарақұдық ауылына қыста 3 отбасы, көктемде – 25, жазда 2 отбасы келді, тағы бір отбасының қашан келгені белгісіз. Адамдар негізінен көктемгі егін себу уақытында, күзгі ораққа сирек келді. Барлық келгендердің ішінен осы ауылға тек 3 отбасы қоныстанды, ал қалғандары қалаған жақтарына кетті. Жалға алынған жерге 21 үй, ал бос жерге 23 үй салынды. Төртеуі еңбесімен күн көрді, соның ішінде екеуі ауыл шаруашылық, екеуі басқа кәсіппен айналысты. Негізінен көбісі рұқсатсыз келіп жатты, тек 5 отбасы өту кәулігімен келді. Жайсаң ауылына 4 отбасы, көктемде 13 отбасы келіп, барлығы да ауылдың шетіне қоныстанды. Барлығы да рұқсатсыз келген.

Келген отбасылардың саны жағынан мәлімет беретін болсақ, Башарина ауылына келген 4 отбасының 16-сы әйел, 16-сы ер адамдар, барлығы 32 адам. (18-ден 55 жасқа дейін) +2 адам 60 жастан асқан ер адамдар саны – 7, қалғандары балалар. (18-ден 55 жасқа дейін) +1 адам адам 55 жастан асқан әйел адамдардың саны – 4. Әр отбасында орта есеппен алғанда 7-8 адам болды.

Жайсаң ауылына 17 отбасы – 110 адам келді. ерлер – 65 адам, соның ішінде 30-ы (18-ден 55 жасқа дейін) +3 адам 50-60 жастан асқан, +1 қарт кісі, қалғаны балалар. әйелдер – 45, соның ішінде 19 (18-ден 55 жасқа дейін) +2 адам 55 жастан асқан, қалғаны балалар.

Көшушілердің ақшасы аз болды: Башарина ауылында төрт отбасына 300 сом (әрқайсысына 75 сомнан); Қарақұдықта 31 отбасына 1225 сом (әрқайсысына 40 сомнан); Жайсаң ауылында 17 отбасына 2560 сом (әрқайсысына 151 сом).

Қаражаттарына байланысты көшушілердің сатып алған шаруашылықтары:

1. Башарина ауылы – 6 ат, 40 өгіз, 16 сиыр, 30 ұсақ мал және ауылшаруашылық құралдары.

2. Қарақұдық ауылы – 32 ат, 106 өгіз, 64 сиыр, 99 ұсақ мал және ауылшаруашылық құралдары.

3. Жайсаң ауылы – 17 ат, 5 сиыр, 1 ұсақ мал және ауылшаруашылық құралдары, қалған ақша ағаш қима салуға жұмсалды.

Облыс бойынша егін өнімі қазақтарда көшіп келгендерге қарағанда көп болды, себебі олар бұл жерде туып-өскен, қай жерге не егіп, қашан жинап алатынын біледі. Мысалы, орыс көшушілері берілген десятинасына 2 пұт тары ексе, қазақтар 25 фунт егін, көп өнім алады.

Дәулет ақсақалдың әңгімесінен: «Сол уақытта дала тұрғындары мал шаруашылығымен қоса тары да екті, плуг деген болған жоқ, жерді соқамен өңдеу тиімсіз болды, сондықтан бетегелі жерлермен қойды отарлап айдап, кейін ат жегіп тырмалап, тары егетін. Десятинадан 100 пұт өнім алған.»

1910 жылдың өнімі аз болды. Оның себебі климат пен топырақта емес, көшіп келгендердің шаруашылықты жүргізу үшін жергілікті жағдайларын білмеуде еді.

Осындай жағдайда үйреншікті әдеттерді тастап, жаңа жағдайға бейімделу керек еді. Туған жерлерінде дәнді-дақыл шаруашылығы қолайлы жағдайда өсті, ал бұл жерде барлығы өзгеше: ауа райы құрғақ, топырақ басқа және бөтен де ауыл шаруашылығына зиян келтіретін нәрселер көп.

Шаруалар «еркін жерлерден» бақыт тапшады. Әсіресе, 1911 жыл есте қалды. Араларын аштық аралай бастады. Сол жылы облысымыздың көптеген жерлерінде өнім шықпай қалды.

Империалистік соғыс жылдары кедей ауылдардың халі тіпті мүшкіл болды. Бірақ адамдардың келуі тоқтамады. Сол уақыттағы Мәртөк ауданының қоныстану картасында 1911 жылға дейін құрылған ауылдар: Березовский, Морозовский, Родниковый, Ново-Николаевский (Родниковка мен Қаратоғайдың арасында), Андреевка, Полтавка, Дмитриевка, Вознесенка, Веренка, Хлебодаровка, Степановка, Нагорное, Ново-Михайловка, Ново-Федоровка, Чайдинский.

Березовский және Андреевкада фельдшерлік-медикалдық пунктер болды, ал дәрігерлік тек Ақбұлақ пен Ақтөбеде болды.

Көшіп келушілерге арналған пункттер Мәртөк және Қаратоғай станцияларында болды. Олар қандай болды? Сұр тақтайлы дарбазамен қоршалған, ішін шөп басып кеткен аула. Ауланың ортасында үйшік тұр. Терезесінен жақын жердегі кеңсе көрініп тұрады. Сол кеңседе құжаттар тіркеледі, ал арғы жағы – шексіз дала. Осы жерде көшушілер тұратын. Біреулері келіп, бірі кетіп жататын, үйдің іші адамға толы. Бұл жерде әрдайым кім қайда, неге кетіп бара жатқанын біліп тұрған.

Ауданымыздың солтүстігіне бара жатқан отбасылар тез аттануға тырысты, қазіргі Дмитриевка ауылына қараңғы түспей жеткісі келді. Сол жермен пошта өтетін. Кешке таман мұнда адам көп болатын. Жолдың жанында ат жайылып, арбалардың арасынан

от жағылып, бүкіл алаңға көшіп келушілер таборы орналасатын. Осында түнеп, күн шыға адамдар тұра бастайды. Ерлер арбаларын қарап, бұзығын жөндейді, әйелдер кепкен мата, киім-кешегін жинап, таңғы шықта жалаң аяқ жүтірген балалар арбаларға жайғасып, көш ілгері басады. Алдарында не күтіп тұрғанын бір құдай біледі. Бірақ отандарында да күн көріс болмады.

Полтавада туғандардың айтуы бойынша, олар аштықтан әбден азған малды аман алып қалу үшін үй төбесін жапқан шөпті беріп, ол біткесін малдарын сойып, шаруашылығын күйзелтіп алған ұлы аштықтан кейін бақыт іздеп бос жерлерге кеткен. Осылайша Полтавка ауылы пайда болған.

1908 жылғы Торғай - Орал аумағының қысқаша статистикалық шолуы сол кездің толық жағдайын көрсетеді.

Болыстар, ауылдар	Жандық бөлігінің жалпы саны	Жан басына бөлінетін десятина саны	Қоныстану басталған жылы	1908 ж. Үй, отбасы	1908 ж. Ер адамдар саны	Старостаның мәліметтері бойынша қоныстар саны
-------------------	-----------------------------	------------------------------------	--------------------------	--------------------	-------------------------	---

Ақтөбе уезі

Ақбұлақ болысы

Ақбұлақ	879	10	1902	260	801	336
Васильевский (Мәйкесай)	384	10	1907	85	269	95
Высокий	248	10	1906	50	157	42
Харьковский (Қайыңсай)	480	10	1906	101	367	97

Әлімбет (қазақ) болысы

Дальний	99	13	1908	3	12	3
Жаңа-Орал	251	15	1904	66	251	110
Студенческий	175	12	1908	16	43	16
Аралтөбе болысы	-	-	-	-	-	-
Бестамақ болысы	-	-	-	-	-	-

Бөрлі (қазақ) болысы

Андреевский (Торанғұл)	493	10	1907	137	367	137
Байторысай	344	12	1908	9	37	9
Веренка	178	10	1908	16	50	16
Қаратаусай	95	12	1908	8	21	8
Клокбай	231	13	1908	36	107	36
Липовшы (Жұса)	309	10		50	177	50
Мақпалсай	288	10	1908	18	65	20
Морозовский (Айдарлы)	222	10		44	115	41
Надеждинский	205	10	1908	33	85	33
Полтавский	418	10	1908	53	155	53
1.Бөрте (қазақ) болысы	-	-	-	-	-	-
2.Бөрте (қазақ) болысы	-	-	-	-	-	-

Вознесенска болысы

Вознесенский (Удачный)	707	10	1905	173	614	163
Елек болысы						
Байнасай	314	12	1908	50	149	50
Төбетсай	334	12	1908	26	76	26

Қаратоғай (қазақ) болысы

Ақмоласай	272	10	1907	56	161	56
Құрмансай	503	10	1907	75	192	70

Қарахабда (қазақ) болысы

Бегішсай	214	15	1908	24	62	24
Жайтөлжусай	276	12	1907	47	136	48
Іспұлсай	292	11	1908	10	33	10
Қарақобда	118	12	1908	16	40	16

Тонбай	187	12	1907	34	101	34
Шанды	217	12	1908	15	48	15
Қосістек болысы	-	-	-	-	-	-

Нагорный болысы

Всесвятский (Пригородный)	405	10	1906	100	303	64
Георгиевский (Құрайлы)	262	10	1906	82	250	70
Қаратоғай	167	10	1906	53	150	55
Нагорный	443	10	1906	122	357	103
Жаңа-Алек- сандровка (Қарағанды)	343	10	1906	79	226	65

Петропавловка болысы

Александровский	235	10	1905	79	220	65
Березовский	288	10	1905	85	277	70
Ново-Покровка (Холмистый)	179	10	1905	47	149	48
Петропавловка (Шпаковский)	698	10	1904	212	687	160

Родниковка болысы

Ново- Николаевский (Ключевой)	323	10	1904	78	309	78
Родниковка (Родниковый)	982	10	1904	227	858	216
Сазда болысы	-	-	-	-	-	-
Степь болысы	-	-	-	-	-	-
Херсон болысы	-	-	-	-	-	-
Хобда (казак) болысы	-	-	-	-	-	-

Темір жол құрылы басталғанға дейін біздің аймақ белгісіз болған деп ойлау қате. Гидротехникалық терең бұрғылап іздестіру жұмыстары Полтавка және Липовицы (қазіргі Липовицкий) ауылдарында жүргізілді. Жоса ауылы маңында 1900 жылдан бастап, Нобельдің мұнай ұңғымалары болды, ал одан да ертерек 1892 жылы Бөрлі болысында (ауданымыздың солтүстігі) ағайынды Эмириктер атындағы мыс балқыту зауыты ашылып, 2 жылдан кейін, 1894 жылы шикізаттың жетіспеуінен жабылып қалды, бірақ өндірістік бұйымдары қалды.

Бұл шағын, техникалық жағынан артта қалған, бай кенімізді өндіруге арналып ашылған зауыт еді. Таузауытшылар руданың құрамында 12 % металл болған жағдайда ғана өндірісті пайда өкелді деп санайтын еді, ал оны өндіретін арзан жанар май мен төлемақылары төмен жұмысшылар күші бар болатын.

Қазіргі Мәртөк жері мен ауылдарының орналасқан жерлері «жайлау» деп аталды, яғни жазғы жайылым. Қазақтар (жергілікті халық) көп малын көлге, өзенге, бұлаққа жақын бақты.

Мәртөк ауданының солтүстік-шығыс бөлігі ойлы-қырлы төбелерге бай жер. Бұл жерлердің құнарлы қара топырағы мен жусалы жері және суы орыс шаруалары мен қазақ көшпенділерін тұрақтандырды. 1855 жылғы құжаттар бұл жерде ірі бай феодал Абдана және оның ұлдары мекендегенін дәлелдейді. Олардың ауылы Қызылжар селолық аймағы төңірегінде болған.

XXI ғасырдың 70 жылдары мұнда орыс элементтері енгізіле бастады. Бастапқы кезде жер көп болды, қазақтар оны жалға беруге ынталы еді, шаруалар бұл жерге мал бағып, еңбек етті, артынан жер көлемі тарыла бастап, қазақтар жерді жалға бермейтін болды.

1879-1880 жылдарындағы қыс мезгілі бұл өңірді кедейлікке өкеліп соқты, азықтың жетіспеуінен үй жануарларының көбі қырылып қалды. Бұл қыста қолда бар малдың 42 % қырылды.

1891-1892 жылдарда егіннің, шөптің шықпауынан бұл жағдай екінші рет қайталанды. Жерді реттен, игеру үшін қазақтар 1894-1895 үш облыстың өкілдерін жинап, съезд өткізді. Бұл съезде көшу жолдары, жазғы жайылым, қыстақтар белгіленді. Съезд Таңірберген жерінде өтті.

1895 жылы біздің аймақ тағы да жұтқа тап болды. Қаратоғай болысында 6 қаңтар мен 31 қаңтар аралығында қатты жел мен аяз болды. Бұл аязды күндері ағаштарда торғайлар үсіп, тебіндегі

жылқылар қырылды. Бұрын ондай боран мен аяз болып көрген жоқ, сондықтан жылқылар тебінге жіберілмеді.

1 ақпаннан бастап ауа райы жылынды, бірақ 13-16 ақпан аралығында қайтадан қар жауып, боран соқты. Алғашқы екі күн бойы жел шығыстан соғып, соңғы күндері батысқа ауысты. Ол көпшелі халықтың жағдайын әлсіретті.

1896 жылы Жер ісі министрлігі мен Ақтөбе уезінің мемлекеттік меншікті бақылау бөлімдерінің ұсыныстарымен орыс тұрғындарына жер бөлінді. Бұл кезде біздің ауданымыздың аймағында екі қазақ болыстары орналасқан болатын: Бөрлі және Қаратоғай. Олардың ішіне кіргендер:

1. Бөрлі болысы: 5 ауыл – 1188 киіз үй.
2. Қаратоғай болысы: 10 ауыл – 2578 киіз үй.

Бөрлі болысы 1884 жылы құрылып, Бөрте болысынан үш ауыл, Терекілі болысынан екі ауыл құрамына енгізілді. Сол мезгілдегі 3000 киіз үйден тұратын Бөрте болысынан Тама және Жағалбайлы руларының ұрыс-таласының кесірінен Бөрлі болысы бөлініп шығады.

Қаратоғай болысы 1890 жылы пайда болды, бес жыл өткен соң 1895 жылы Қаратоғай және Елек болыстары болып екіге бөлінеді.

1896 жылы Бөрлі болысында (№ 3 ауылы, Полтавкаға жақын) жеті сайын сенбі күні белгілі дала базары өтетін болған, ол кейін № 2 ауылға ауыстырылды.

Сонымен XX ғасырға қайта оралайық.

Мәртөк ауданына бірінші келген көшкіншілері 1907-1912 жылдары 15-12 десятинаға орналасты, кейін жерлері 12-ден 7 десятинаға дейін төмендеді. Одан кейін жер ақылы болды. 1913 жылдан бастап жем-шөп, азық сатыла бастады. Көшіп келу қарқыны азайды.

1909-1912 жылдары көшіп-қону саясатына сәйкес біздің ауданымызда төменгідей болыстар бөлініп шықты:

Андреевка болысы:

1. Андреевка ауылы (Торанғұл)
2. Липовицы ауылы (Жуса)
3. Каратаусай ауылы
4. Краснояр ауылы (Мақпалсай)
5. Студенческий ауылы

Бөрлі болысы:

6 қазақ ауылы

Вознесеновка болысы:

1. Вознесеновка ауылы (Аққұдық)
2. Веренка ауылы
3. Рыбаковка ауылы
4. Жайсаң ауылы

Елек болысы:

5 қазақ ауылы

Қаратоғай болысы:

9 қазақ ауылы

Нагорный болысы:

1. Всесвятский ауылы (Пригородный)
2. Георгиевский ауылы (Құрайлы)
3. Қаратоғай ауылы
4. Нагорный ауылы
5. Ново-Алексеевский ауылы (Қарағанды)

Петропавловка ауылы:

1. Александровка ауылы
2. Березовка ауылы
3. Қия ауылы
4. Ново-Покровка ауылы (Холмистый)
5. Петропавловка ауылы
6. Хазретовка ауылы

Полтавка болысы:

1. Байторысай ауылы
2. Қарашай ауылы
3. Надеждинский ауылы
4. Ново-Уральский ауылы
5. Покровка ауылы
6. Полтавка ауылы

Родниковка болысы:

1. Морозовка ауылы (Айдарлы)
2. Ново-Николаевка ауылы (Ключевой)
3. Родниковка ауылы

Степановка болысы:

1. Қарақобда ауылы
2. Константиновка ауылы (Төбетсай)
3. Ново-Михайловка ауылы (Байнасай)
4. Ново-Федоровка ауылы
5. Степановка ауылы (Құрмансай)
6. Шаңды ауылы

Ондаған жыл ішінде Мәртөк селосы, Мәртөк ауданы танымастай өзгерді.

1907 жылы Мәртөкте ең бірінші үй салынды. 1911 жылы 15 үй, 1913 жылы — 30 үй болды. Сөйтіп екі көше пайда болды.

Сол жылдары Мәртөкте Бостыбай атты байдың есімі белгілі еді. Ол көпке дейін сауда-саттық саласының монополисті болды.

Байдың үйі Көкі-ұлы мен Стрелковая көшесінің қиылысында тұратын (қазіргі халық соты). Ол Көкі-ұлы көшесінің екі жағында орналасқан сауда қатарларының, сонымен бірге соттың кіреберіс есігінің сол жағында орналысқан сайлы ат қораларының иесі еді. Бостыбай соншалықты бай болғаны, онын Орынбор қаласындағы айырбастау ауласында (үлкен базар, мұнда күніне 5 мың бас мал сатып алу жөнінде келісімдер жасалған) жеке бұйрықшысы болған. Байдың жеке ауласында советтік кезінде ұзақ уақыт бойы АІБ және төлқұжат үстелі орналасқан. Кейін оны қиратып, орнына гүл отырғызған. Қазір көзінің жауын алып тұрған гүлдердің орнында бұрын қонақжай Бостыбай Ырғыз, Ойыл базарларынан Орынборға бара жатқан керуендерді қарсы алатын. Көптеген сапалы тауарлар оның сауда қатарларында сатылып, Мәртөк округіндегі базарлардың атағын шығарған. Жолаушылар үшін де ат қораларында әрқашан қымбат мен түйелер болған. Байдың негізгі табындары Құмсай ауылының маңында жайылған.

Бастыбайдың үйіне Байторы мен Қаратоғайдан болыстар жиі қонақ болып, сонымен қатар даулар шешіп, адамдарды татуластырып, кеңес беріп тұратын би де қонаққа келіп тұрған.

1839 жылғы 14 желтоқсанында шыққан № 285 «Актюбинская правда» газетінде В.Козаченконың «Мәртөк – аудан орталығы» деп аталатын мақаласы жарияланған. Автордың айтуынша 1909 жылы Мәртөкте 10 үй және 17 аласа жертөлелер болған. Ауруханасы жоқ, мектебі жоқ, ешқандай кәсіпорын да жоқ – зерттелмеген жер. Осы жаққа біреу келсе, ол туралы «тағы біреуі келіп, батпаққа батты» дейтін. Көзге көрінетін көкжиекке дейін сап-сары дала жататын.

Тек саудагерлер мен алып-сатарлар, жер иелері (Вавилов, ағайынды Сейфуллиндер, Валитов сияқты) ғана риза болып, ат пен қойларды арзан алғандарына қуанып, қуаныштарын жасырмайтын. Олар дүкен ашып, кедей қазақтарды жалдап, аз ақшаға жер өндетіп, мал бақтыратын. Патша күзетшісі бейнесіндегі жергілікті «өкімет» жергілікті шаруашылық және мәдени құрылыспен айналысқан жоқ. Осылай жылдар өтіп бара жатты. Байлардың кірістері өсіп, кейбір ғана адамдардың қалталары ақшаға толды, еңбекшіл бұқара кедейленіп, қайыршы болып болды.

1912-1920 жылдары татар, қазақ, башқұрттар мұсылмандар тұратын, Татарка деп аталатын Мәртөктің ескі жағында жеке дүкендер пайда бола бастады. Бүлік пен өртүрлі көтерілістерден кейін татарлар мен башқұрттарға жермен айналысуға рұқсат етілген жоқ, оларға тек саудамен айналысып, құдайға қызмет етуге рұқсат етілді.

Бірақ ауыл өмірінің бірінші орнында станция тұрды. Бұл патша қазынасына қымбатқа түсетін, экономикалық, стратегиялық және мәдени объекті болды. Революцияға дейінгі баяғыда ұмытылған тарих беттерін ақтара отырып, мен 1914 жылғы темір жолының мәдени өмірі туралы сарғайған жазуларын тауып, оқыдым. Дүниежүзілік соғыс қарсаны мен жақындап жатқан революция кездерінде қарапайым темір жол қызметкерлері жазғы демалыс күні цейхгаузда спектакль қойды. Неге «Жертва эгоизма» спектаклінің қойылған себебін табу қиын. Онда үш бөлімінде де арақ ішіп, өз қызын араққа сатқан адам жағымды етіліп көрсетіледі. Бұл Ақбұлақтан келген әріптес-теміржолшылардың гастролі еді. Көрермендер қатарында балалар, қарттар мен Мәртөк теміржол вокзалының қызметкерлері, жергілікті шаруалар. Балалар әкенің сұмдық әрекеттерін көп түсіне қойған жоқ, бірақ қарияның мас сөздері мен әрекеттеріне бар пейілдерімен күлді, олардың бастарында маскүнемдік қызық та көңілді деген жалған түсінік пайда

болуы мүмкін еді. Бірақ пьесаны көріп болғаннан кейін балалар: «Ревизорды немесе Недоросльді қараған дұрыс болар еді» деген тұжырымға келді.

Сонымен қатар, түнгі уақытта станция жап-жарық етіліп, электкуатымен жақсы қамтамасыз етілген, өйткені 1909 жылы «Самоцвет» фонарі сатып алынды, сондай-ақ жарықпен толық қамтамасыз ету үшін 7 камельді фонарь болған. Олардың жұмыс жасау үшін жылына 1400 сом кететін, бұл көп ақша еді.

1916 жылы диірмен салынды.

Айта кететін бір қызықты нәрсе бар. НЭП кезінде осы өңірде үш бай ағайынды тұрған. Бай болғандары сонша, баяғы сол жылдарының өзінде жеке меншіктерінде шет ел жеңіл машинасы бар еді. Мәртөк диірменін де салған осы кісілер еді.

Сол уақытта диірменнің жұмысы көп болатын. Оның қуаты жетпейтін еді. Моторды оталдыру үшін бірнеше еркек жиналып, қолдарымен үлкен сермеуіштің жандарынан ұстап, «бір, екі, алдык» - деген сөздерімен сермеуішті астыққа тартатын. Сонан соң барлығы жан-жақтарға секіретін. Қозғауыш дауысы тегіс шыққанынша ұзақ «түшкіретін». халық диірменде таңертеннен кешке дейін топталып тұратын. Астықты қашпыққа, ат арбаға, не тіпті 5-6 келі бидай, арпаны жастыққа да салып әкелетін.

Диірменнің қасында далада базар орналасқан. Әуелі ол қоршаусыз еді, бірақ кейін оның шекарасын шарбақпен белгіленді. Базардың менгерушісі болып Бесчастный Афанасий Васильевич істеді. Баска селолардан базарға келушілер оңтүстік-шығыс жағынан тапалған жолмен келетін. Мәртөктіктер осы жол бойы өздеріне жертөлелер сала бастады, осылай Базарная деп аталатын көше пайда болды. Поселоктің шығыс жағынан базарға жету үшін бұқа мен түйе жегіп, май зауытының қасындағы кішігірім өзеннен өту қажет болды. Ол бүкіл поселок бойымен ағып, Елек өзеніне құйды. Базардың аумақтағы арзан бағасымен атағы шықты. Онда мал, құс, жүн, ет, сүт, жем, малдың азығын, көкініс пен жемістерді, сондай-ақ отқа жағатын алабота, солом, тезекті де сатып алуға болатын еді. Базарда қасапшы Шаймарданов Барийдің беделі зор еді. Ол сыра зауытының маңындағы жерде мал соятын. Сонымен қатар, ақылды да әділ қасапшы әр мұсылманның бейітіне орнатылатын құлпытастарды тегін құйып беретін.

30-шы жылдардың ортасында базар алаңында саманнан,

ағаштан дүкендер салынды. Чубачук, Бесчастный Афанасий, Куатжанов Есендер базардағы төртінгі бақылады.

Базарға Ақтөбеден, Түзтөбеден, Ақбұлақтан, Қуандықтан, қандыағаштан сатып алушылар жиі келетін. Базар сол жерде 1959 жылға дейін болды, кейін быткомбинаттың қасындағы алаңға, қазір «Тополек» балабақшасы орналасқан жерге көшірілді.

1917 жылы ер адамдар майданнан туған жерлеріне оралды. Бірақ егіншілердің үйлеріндегі бейбіт өмірлері ұзақ болған жоқ, өйткені мазасыз уақыт басталды. Бейбіт құрылысты уақытша азаматтық соғыс жылдары тоқтатты.

Әр уақытта, әр халық үшін мемлекет ішіндегі күрес-тартыстар тарихта жағымсыз таңба қалдырады. Қазір де сол ағайындылар арасындағы соғыстың нәтижелерін дұрыс бағалау қиын.

Патшаның тағынан құлауы, ал кейін қазан революциясы туралы жаңалықтарды Мәртөктіктердің көбісі қуана, революциялық рухпен қарсы алды. Бұл жаңалықтар, әрине, саудагерлер мен ауқатты шаруаларды қуанта қойған жоқ. Мәртөк сол кезде революциялық село болып саналатын. 1918 жылы орта Азия жақтан Мәртөк арқылы Орынбор мен Орал казактарынан құрылған полк оралды. Орынборға сол кезде пойыз жүрмей қалып (қала ол кезде Дутовтың қолында еді), казактар атқа мініп, бірнеше топ болып, саппен өтті. Жол бойы казактар арасында большевиктер үгіттеу жұмыстарын өткізген болуы керек, себебі казактардың көбісі Дутов басып отырған станицаларына бармай, қалып қойған. Бұл казактар Алғашқы совет казак полкінің құрамына кірді, мұнда көп мәртөктіктер де болды.

Егіс науқанынан кейін Мәртөкке ақтар келді.

Қаратоғай жақтағы селоның ар жағында орналасты. Астық жинардың алдында Мәртөкті Ақтөбеден келе жатқан Қызыл Армия бөлімшілері ұрыспен басып алды. Майдан Жайсаң мен Сағарчин арасындағы аумақта өтті.

1918 жылдың тамыз айында таңата Дмитриевка жағынан ақ казактар (кавалерия) мен көбіне башқұрттардан құрылған жаяу әскерлері шабуыл жасады. Станцияда эшелондарда Орал жұмысшылар полкінің батальондары тұрды. Батальонда пулеметтер мен мақта тюктерімен жабдықталған платформалар (бұл ол кезде бронепойыз деп аталатын) болды. Түнде 17 – 50 жас аралығындағы ерлер қолдарына қару алды. Ақтар Мәртөкке зеңбіректерден оқ жаудырды. Олар темір жолға жақындап еді, бірақ пулемет оғымен

тойтарылды. Ұрыс күн ортасына дейін созылды. Сол уақытқа Алғашқы совет казак полкі ақтарды қоршауға алды, ал Ақтөбеден машиналармен зеңбіректер әкелінді. Ақтардың шабуылы тоқтап қалды. Осы ұрыстан кейін Мәртөк ұрыс дружинасы ұйымдастырылды. Оның ұйымдастырушылары Чернявский, Гамора, Прядколар болды. Дружинаның командирі Гамора болып тағайындалды. Дружина атты және жаяу әскерлерден құрылды.

1918 жылдың жазында атаман Дутовтың бандалары адамдарды өз армияларына күштеп жинай бастады. Шаруалар, әрине, өз өкіметіне қарсы соғысқылары келмей, өз еріктерімен қызыл армиясына кірді.

Азаматтық соғысқа қатысушысы Ф.М.Харченконың әңгімесінен:

«1918 жылғы сәуір айында Мәртөкте азаматтық соғыс жайында билетіндер көп болған жоқ. Сәуірдің аяғында және мамырдың басында Такшкент жаққа жасақтары мен әскери жабдықтар бар эшелондар жөнелтілді. Ұзамай-ақ біздің жерде кішігірім ақ топтары пайда бола бастады. Маусымның басында Ақтөбеден Казанқада тұратын Торғай халық комиссары Ф.Е.Маслов өз отбасына келді. Жергілікті қарақшылар Масловты ұстап алып, Мәртөктің қасында темір жолдың арғы жағында семафорға қарама-қарсы атып тастады. Казанкалықтар Масловты өз селосына жерледі.» *Умк*

Азаматтық соғысқа қатысушысы Л.С.Таранюктың естеліктерінен:

«1918 жылы қызыл комиссар Масловты өлтіргеннен кейін Мәртөкке казактар бандасы келіп, қызыл гвардияшыларды жапнай ата бастады. Мен жарақат алғандарды мінәжат үйіне апардым.»

Мәртөкте қыркүйектен бастап ерікті дружина ұйымдастырылды, мұның құрамына Таранюк та кіріп, нұсқаушы және рота командирінің меңгерушісі болып сайланды. Қаруды Жайсаңнан алды. 1918 жылдың 28 тамызында казак қарақшылары тағы да Мәртөкке шабуыл жасады. Ерікті дружина осы бандамен ұрысқа кірісті. Ұрыс таңертеңгі сағат 10-нан кешкі 10-ға дейін созылды. Ауыр ұрыста дружина жеңіске жетті. Қаза тапқан қызылдарды Мәртөк шетіндегі туыстастар бейітіне жерледі (қазіргі Көкіұлы көшесінде).] *Умк*

Ақтардың бандалары Құрайлы – Қаратоғай аралығындағы темір жолы аумағында шабуылдар жасап, өгіздердің көмегімен бөгеттерді қиратуға тырысты.

1919 жыл – нағыз күрес жылы, қасірет пен аштық жылы. Біреулері ақ артардың әр табысына қуанып, біреулері – керісінше.

- Жақын арада большевиктер құриды! – Мирошников деген ауқатты шаруа бой бермеді.

- Біздің күшіміз – бірлікте. Бұл күш жауларды жояды! – Николай Николаевич Тарасов кедейлерді үгіттеді. Ауқаттылар сыртынан күліп жүрді. Батрактары мен 40-тан астам бас малы бар, май шайқағыш пен диірменнің қожайыны Иван Щербань сары мұртын сипай отырып:

- Совет өкіметі де жақсы, егер большевиктер болмаса. – деп отыратын.

Қыста Вознесенка поселкісіне волисполком комиссары Маслов келді де абайлап адамдарды жинай бастады. Тарасов, Иващенко, Козарь, Позыченко және т.б. сияқты 15 адам жинады. Олармен тек артель жайында сөйлесті: «Артельде тұрған жақсы... Күштірек те боласыздар, қарақшылармен жалғыз күреуге қиын. Барлығымызды қырып тастайды.»

21 кедей ауласынан «Степь» коммунасы құрылды. 14 сәуірде 22 ат пен 11 соқамен жер жыртуға шықты. Коммунарларға бұрын ауқатты шаруалардың жеке меншігінде болған жерлердің ең тәуірі тиді. Не болып шықты? Кедейлер жер жыртады, ал іздерінен жерді ауқатты шарулар қайта жыртады: «Жер – біздікі, өзіміз күтіп-баптадық. Көмек бергендерің үшін рақмет!» бірақ коммунарлар абыржыған жоқ. Орта шаруа Ефим Саенко ауқатты шаруалардың қорлығына шыдай алмады. Ол Семен Жуков деген байды ұстап алып, жұрттың көзінше оны қамшымен сабады. Содан кейін ауылдың ауқатты адамдары мен поп Сысоев тұтқынға алынып, жер аударылды.

1914 жылы «Степь» коммунасы мен Ақбұлақтың қасында орналасқан «Муравьи» коммунасын қосу туралы шешім қабылданды. «Муравьидің» төрағасы Антон Тимошук қуана келісті: «Берік боламыз. Екі орта күш – бір үлкен күшке айналады!» олар өз диірмендерін «Стень» коммунасына әкелді, өйткені бұл жерде - өзен, жері де жақсы. Ақтөбеге «Фордзон» алғашқы тракторы әкелініп, майшайқауыш салынды. Коммунаға енді 22 шаруашылық кіретін болды. Жыл сайын мал саны өсті, егін көбейіп, пайда түсетін болды. 1935 жылы өз электр станциясы, клубы, радиосы, мектебі, кітапханасы болды. «Ильич лампочкасы» барлық үйлерде жана

бастады. Жаңа өмір басталды. (Ақтөбе мемлекеттік мұрағат мәлеметтерінен)

Аудан тарихында Вознесеновка селосы коммунадан басқа алғашқы жастардың комсомол қозғалысымен әйгілі. 1920 жылғы наурыздың 20-нда Вознесеновка селосының жастары ескі мектеп ғимаратында жиналып, 16 адамды біріктірген алғашқы комсомол ұйымы құрылды. Міне, алғашқы комсомолдардың тізімі: Иван Фалько, Елена мен Василий Шейко, Ефросинья мен Елена Яковенко, Парфирий Оваров, Филипп Позычинюк, Иван Коцур, Дмитрий Тимошенко, Петр Дьяченко, Ксения Фоменко, Иосиф Крот, Иван Кравцов, Василий Костюк, Галина Лымарева, Галина Суховарова. Барлығы да кедей шаруалардың балалары. Ұйым бірте-бірте өсіп, қағайя бастады. Онда атеисттік үйірме, мәдени-ағарту секторы, фельдшер Яков Михайлович Бойконың жетекшілігі астында драммалық үйірме жұмыс істеді.

1920 жылының маусымында комсомолдың бірінші губерниялық съезі болды. Ұйымның делегаттары: Е.Яковенко, Д.Тимошенко, Г.Суховарова. комсомол ұйымы екі жыл ішінде сауатсыздықпен күресіп, ликбез ұйымдастырды. Комсомолға кірген әр жас адамға 3-4 жасөспірім қыз бен бала бекітілді. Азамат соғыс жылдары дұрыс оқуға жағдай болған жоқ, өйткені Вознесеновский поселкісін 11 рет біресе ақтар, біресе қызылдар басып алып тұрды. Мектепте жараланған аурулар орналасты. Көптеген балалар жетім қалды. 1920 жылы поселкіде балалар үйі ұйымдастырылды. әуелі онда 50 бала тұрды, кейін – 150, балалар үйі үлкен үйлер есебінен кеңейтілді. Алғашқы меңгеруші қызметін Николай Всеволодович Крот, ал тәрбиешілікті Қамбар Медетов атқарды.

Уақытша Мәртөкке қайтып оралайық, онда қарқынды құрылыс басталды. 1920 жылы селода 100 шақты аула саналатын, бірақ ұжымдастыруға байланысты құрылыс тоқтап қалды.

Сол жылдары жастар қозғалысы күшее түсті.

1920 жылының пілде айында Мәртөкке уезден 2 өкіл келді. Жастар клубта -- бұрын жергілікті саудагерлердің дүкендері болған жерде жиналды. Бұл клубты жастардың өздері жабдықтаған болатын. Сол жиналыста комсомол ұйымы құрылған-ды. Алғашқы өкілі И.Козерод болса, ал Григорий Матросов хатшысы болды. Күзге таман ұйымда 40 адам болды. Жиналыс аптасына 1 рет сенбі күні кешкісін не демалыс күні күндіз (мәртөктіктер үшін) өткізілетін.

Мәртөктіктерге қамқорлық жасаушы – Ақтөбе темір жол станциясының комсомолдары.

Осы 40 жігіт пен қыз ұрылдармен күрес жүргізуге, тығылған астықты табуға белсенді араласты. Бұл жұмысқа жастарды қатыстырған аудандық азық-түлік комиссары, Мәртөкте туып-өскен Попович болатын. Бір күні Попович азық-түлік қиыншылықтарын айта отырып, еліміздің қорғаныс қорына арнап күздік қара бидай егуді ұсынды. Жастар тұқым жинап, құрал-жабдықтарын алып, өгіз, аттарын ертіп келді. Оларға басқа жастар да қосылды. Үрмелі оркестр туш орындады. Митинг болды. Олар 20 гектар егіс отырғызды.

1921 жылы құрғақшылық жылы болды. Күзгі егістен алғандарын жастар кедейлік комитетіне берді.

Осы 1920 жылы Мәртөктің жастары жексенбілікке шығып, бұлақтары бар сайда тоған жасады. Жігіттер мен қыздардың пайдалы еңбектері осымен аяқталған жоқ. Олар клуб пен кітапханаға, жағдайлары төмен майдангер отбасыларын қамтамасыз ететін кедейлік комитетіне отын әзірледі. Клуб жанында 1919 жылдың аяғында Шумаков жетекшілік еткен белсенділер мен интелгенцияның басқаруымен әжептәуір оркестр және драмалық үйірме ұйымдастырылды. Онда А.Островскийдің, М.Горькийдің, Н.Гогольдің және украин авторларының пьесаларын қойды. Жеке қойылымдар, концерттер мен лотереялар көмекті қажет ететін отбасылар мен оқушыларға көмек көрсету мақсатында қаражат жинау үшін ұйымдастырылды. Қарттар үшін классиктердің шығармаларын дауыстап оқыды. Оқырмандар саны өсті. Таңдап оқу үшін әдеби шығармалар жеткіліксіз еді. Мүмкіндігінше, үйлерінен кітаптарды әкеліп, кітапханаға сыйға тартты. Ол кезде кітапханалар жастардың саяси және жалпы дамуына ықпал ететін ірі мәдени ошақтар болатын.

Алғашқы кітапханалар жексенбі күндері сағат 4-тен кешкі 8-ге дейін жұмыс істеді. Олар мектептерде орналасты. Кітапханашы село жиналысында ашық дауыс беру арқылы сайланып, ақысыз жұмыс істейтін. Оқу залына көбіне ер адамдар келетін. Кітапханалардың қорына 200-300 кітап кіретін. Мәртөктегі кітапханада мазмұны әртүрлі орыс әдебиетінен - 1600 кітап және 1200 кітап мұсылман әдебиетінен болатын, сол сияқты бірінші мұсылман кітапханасының қоры (№ 2 ауыл) – 159 кітап және екінші ауыл кітапханасының қоры (№ 5 ауыл) – 72 кітап.

Елді-мекеннің атауы	Ашылу күні	Алғаш кітапханашысы
Мәртөк ауылы	27.12.1917 ж.	Мәртөк училищесінің мұғалімі Владимир Романовский
Линовицкәе ауылы	20.11.1919 ж.	Сауатты Иван Бондаренко
Вознесенка ауылы	07.10.1920 ж.	Сауатты Макар Бушан
Покровка ауылы	18.05.1920 ж.	Мұғалім Михаил Вилков
Полтавка ауылы	15.12.1920 ж.	Мұғалім Николай Батура
Студеческәе ауылы	10.12.1920 ж.	Сауатты Цескәо
Жайсаң ауылы	16.12.1920 ж.	Сауатты Калений Нацекин
№ 2 ауыл, Қарағаш	17.12.1920 ж.	Сауатты Әбиш Жұрынов
Горшоводск ауылы	12.01.1921 ж.	Сауатты З.Кривцов
Ново-Донцы ауылы	15.01.1921 ж.	Сауатты Т.М.Мринский
Ново-Михайловка ауылы	10.02.1921 ж.	Мұғалім Дашевский
Казанка ауылы	11.02.1921 ж.	Мұғалім Головчечко
№ 5 ауыл	25.03.1921 ж.	Сауатты Молдашев Жүсіп

1924-1927 жылдар аралығында аудандағы кітапханалар саны тез өсті. Жаңа оқу үйлері ашылды (Қаратаусай, Ново-Федоровка, Степановка және т.б.), жаппай сұранысты қанағаттандыратын тұрғындарға кітап пен газет таратудың арзан да ыңғайлы жолы табылды – жылжымала кітапханалар. Сонымен қатар, Жайсаң, Қаратоғай, Мәртөк және Хлебодаровка тұрғындары үшін Қазақстан темір жолынан өтетін жылжымалы вагон-кітапханалардан кітап алуға мүмкіндік туды.

1924 жылы Мәртөк жастар ұйымына 50-ден астам адам кіретін. Бір жылдан соң жастар тағы 70 га бидай отығызды. Егін жақсы шықты. Жексенбілік кезінде жинап, астықты дайындау пунктіне тапсырды. Түскен ақшаға Орынбордан клубқа кейбір музыкалық инструментгер, сахнаны безендіру үшін мата және пионер отрядына

2 горн сатып алды. (Мәртөкте пионер ұйымы 1924 жылы ұйымдастырылды.)

Ол кезде клуб жастар комсомол ұйымының карамағында болатын. Онда драмалық үйірме, оркестр, хор, саяси оқулар үйірмелері жұмыс жасады. Мәртөкте жастар ұйымы құрылған жылдары қызу күрес жүріп жатты. Ауқатты шаруалар белсенді жастарды салық саясатын жүргізіп, жасырып қойған мал мен егінді табуға көмектескендері үшін жек көрді.

1924 жылы «Киргизская степь» газеті Мәртөктегі саяси-ағарту үйірмесінің жұмысы туралы, тұрғындардың өнерге, мәдениетке қызығушылықтары туралы жазды. Үйірме жұмысына ауылдың көптеген тұрғындары ат салысты. Үйірменің: «ағарту және парасатты ойын-сауық» деген екі секциясы жұмыс істеді. Үйірме мүшелері бірнеше спектакль дайындап көрсетті. Тұрғындарды А.П.Чеховтың пьесалары қызықтырды. Спектакльдерден түскен ақша үйірмеге қажетті нәрселер мен тиісті әдебиетті сатып алуға жұмсалды. Волисполком үйірменің жұмысын қолдап, ескі амбардың орнына арнаулы бөлме берді.

20-шы жылдар басындағы Мәртөк жастары күрес, еңбек және оқу барысында өсіп шынықты.

1921 жылы Мәртөкте бейбіт өмір жүріп жатты. Балабақша жұмыс жасай бастады. Онда 27 бала барып жүрді. Жаңа өмір тұрақтана бастады. Белсенділер әлі митингтер өткізіп жүрсе де, адамдар түнде оқ атылуынан шошып оянған жоқ.

Бірақ маңызды орында жұмыс атқара отырып, кейбіреулер өз жерлестеріне қарсы қастандық жасап жүрді.

Сол кезде милиция басшысы Килимник болған еді. Ол қасына өзіне сай адамдарды жинап, ауылдарды аралай жүріп, адамдардан нағ көрінген заттарды тартып алып жүрді. Бұл ауыл тұрғындарының ашуын туғызды. Мәртөк болыс комитетінің хатшысы Кондрат Афанасьевич Аргатюк уезге Килимниктің жасаған әрекеттері туралы баяндап, оны тоқтатқысы келді. Жергілікті басқару органдары Килимникті тұтқындап, Ақтөбеге жіберуді пішті. Бір күні сәтті сапарларынан кейін олар Вознесеновка ауылында ішіп қалды. Кондрат Афанасьевич сол жаққа түнде шығып еді, бірақ Килимникті ұстай алған жоқ. Ол терезеден сытылып шығып, тығылып қалды. Кейін жұрт оның Орта Азияға кеткенін естіді. Бірақ екі жылдан кейін ол қайта оралып, аса қатыгездікпен өшін алды.

1926 жылдың бір қысқы күні Мәртөк тұрғындары Кондрат Афанасьевичті қаржы инспекторы Семеновтың қасында тұрғанын көрді. Сөйлесіп тұр еді. «Қараңдар, Килимник келе жатыр. Ол мында не істеп жүр?» - деді Семенов тон киген адамға көрсетіп. «Шынында, мында не істеп жүр?» - деп Кондрат Афанасьевич таң қалды. «Баяғыда Вознесенкада ұстап ала алмағанымызға қатты өкінем. Ол нағыз жау гой.» - деп жалғастырды өз сөзін ол.

Артынан Килимниктің ішкі істер органдарына қайтадан кіріп, Ақтөбеде қызмет етіп жүргені анықталды. Семенов Аргатюктің айтқан сөздерін Килимникке айтып барып, екеуі Кондраттан өштерін алуды келісті. Кешкісін Семенов Аргатюкке келіп, оны «бірге отырайық» деп алып шықты. «Тек өзінмен тапаншаны ала шық, түнде қайтып келе жатқанда бәрі де болуы мүмкін» - деді ол Семеновтың үйіне кірді. Онда Килимник те бар екен. «Біздің арамызда болғанның бәрін ұмытайық,» - деді Кондрат Афанасьевич. Соңында Семенов Кондратты үйіне дейін апарып тастауды ұсынды. Семенов оған: «Міне қазір Килимникті өлтіріп тастайтын да сәт түсіп тұр, тапаншан да бар,» - деді. Кондрат бұдан бас тартты. Және өзінің тапаншасын Семеновқа бере салды. Артынан анықталғандай, Аргатюкке қарсы қастандықтың ұйымдастырылуы туралы көрші бөлмеде болған Дамницкая деген бір әйел естіген екен. Килимниктің сценарий бойынша, оны өлтіру үшін Семенов тапаншадан аспанға ату керек еді. Килимник оқ тиген болып, шанадан құлап түседі. Сонда Аргатюкты тұтқынға алады. Солай болып шықты. Бәрі бірге шығып, Советская көшесінде Семенов екі рет атты. Килимник шанадан құлап түсіп, көмекке шақыра бастады. Кондратты Килимникті өлтірейін дегені үшін тұтқынға алды. Бұның бәрі ашылып, Кондратты босатты. Бірақ жаулары осымен қойған жоқ. Кішкене уақыт өткеннен кейін Кондратты бір қараңғы түнде атып тастады.

1924 жылға дейін аурухана болған жоқ, тек барлық ауралардан емдейтін фельдшер Иван Яковлевич Шестаев болды.

Мәртөкте ағаш өскен жоқ, станцияның ғана кейбір жерінде қараағаштар өсіп тұр еді.

Сол жылдары қазақ мектебі жұсай бастады.

1925 жылы Мәртөкте орыс мектебі салынды (пошта орны). Қыста мектеп салқын еді, отын жетіспеді, әр оқушы отынды үйінен әкелген. Балалар бір жеті оқып, екі жеті үйлерінде отыратын. Ол

кезде дәптер болмай, ескі газет, кітаптардың үстінде жазатын. Мектепте 15 оқушы оқыды, солардың ішінде Мехеев, Васатюк, Ахметовалар болды. Бірінші мұғалімдері – Мария Васильевна Кучапина.

Отызыншы жылдары... Бұл жылдары аудан тарихына ұжымдастыру мен ұсақ тауарлы жеке шаруашылығынан ортаққа бет бұра бастады. Аудан аумағында 1920 жылы облыстағы алғашқы «Степь» коммунасы ұйымдастырылды. 1922 жылдан бастап 1928 жылға дейін ауданда 4 артель құрылды. 1924 жылы кедейлік комитеті құрылды, онда 10-20 адам болды.

1926 жылы Мәртөкте азаматтық соғысқа қатысушылары артельге кіріп, оны «Красный партизан» деп атады. Бұл артельге 9 адам кірді. Олар өз жұмыстарын ортақ шаруалар ауласына әкелінген ұсақ-түйектен бастады.

Артельдің бірінші төрағасы Алексей Минович Гаморанын мемлекеттен жәрдемақыны сұрауға тура келді, өйткені артель бос жерде пайда болды. Сол жәрдемақы ақпасына диірмен салынды. Диірменнен алынған табыстар тең бөлінді, жалақыны төрағадан бастап жылқышыға дейін бірдей алатын. Бұл аудандағы ортақ еңбектің алғашқы қадамдары еді.

Үш жылдан кейін, науқан біткен соң, «Красный моряк» ауыл шаруашылық артелі пайда болды, бұның ұйымдастырушысы – 1905 жылы қазақ даласына жер аударытқан кронштад теңізшісі Алексей Осипович Макаров еді.

1928 жылы алғашқы элеватор мен аудандық тұтынушылар одағының ғимараты салынды.

Ұжымдастыру жүріп жатты. Комсомолдар ауыл ішін аралап жүріп, колхоздарға кіріп, жаңа өмір бастауға үгіттеп жүрді. Кеделер байларға жалданып жұмыс істеуге шаршап, колхозға біден кірді. Олардың ойлауынша: бірге тамақ табу әлдеқайда оңай, болары болсын. Орташа тұратындары: «барынан айырылып қаламыз ба?» - деп қорқып та тұрды.

1929 жылдың аяғында жаппай ұжымдастыру мен кулактарды жою басталды. Ауқатты шаруалардың бүкіл малын, ауыл шаруашылық құралдарын, нандарын тартып алды. бұның барлығы колхоз атанып кеткен «Красный морякқа» берілді. Мәртөк тұрғындары колхозға қуана кіріп, ортақ аулаға (қазіргі Балалар спорт мектебінің орны) өздерінің сиырлары мен жылқыларын жетектеп

өкеле жатты. Халық өте кедей болып, олардың жұмыс жасайтын қолдарынан басқа ештеңелері де болған жоқ. Казанка ауылында да осындай жағдай еді.

1929 жылдың желтоқсан айында «Красный моряк», «Красный партизан» және Казанканың артелі бірігіп, «III интернационал» колхозын құрды.

Сөйтіп колхоз өмірі басталды. Алғашқы кездері қиын еді. барлығы 20 шақты отбасы жазылды. Егін егілетін жер көлемі азғантай, қалғанын бәрі – қылқан шөп. Сол кездегі ең керекті күш – бұқалар жетіспейтін. Және егетін тұқым болған жоқ. Үкімет көмектесті.

Бірде ауыл өмірі күрт өзгерді. 1929 жыл еді. жазғы ыстық күні еді. Көшеде тып-тыныш, ешкім жоқ. Тек шыбындар ызындап, иттер күнге қыздырынып, тауықтар шаңда аунап жатты. Кенет у-шу, тарсылдаған дауыс естілді. Ауылдың барлығы, кішкентайынан бастап үлкеніне дейін үйлерінен ағып шықты. Ауылдың шетінен бұрқыраған шаң жақындап келе жатты. Шаңның ішінен белгісіз бір машина көріне бастады.

- Трактор!.. Трактор!..- деп біреулері айқалап жатты.

- Шайтанның арбасы! Шайтанның арбасы! – деп екіншілері айқай салып, барлығы кішкентай көріксіз «Фордиктің» артынан жүгіре жөнелді.

«Фордик» тоқтады. Ол ертегілердегі ғажайып кейіпкер сияқты еді. Әрқайсысы оны қолымен ұстап көргісі келді. Трактор көп тұрмай, моторын оталдырып, артынан шаң көтере кетіп қалды. Кейін жұрт бұл оқиғаны көп уақыт бойы сөз қылды. Тағы бір шу шығарған зат – бұл Васильков кулагінің автомашинасы еді. Және ауылға дәрігер мен мал дәрігерінің келуі де үлкен оқиға еді.

«Ауыл тыныштығы «Фордзон» тракторының келуімен бұзылды. Оның келгені туралы ауыл біден білді: ол мықты арылдап, түтіндеді. Ауыл шетінен бастап машинаны қызық көрген балалар мен абалаған иттер оның артынан қалмады. Содан соң Василий Серяйгин тракторды егін даласына алып кетті. Шаруалар мен ақсақалдар трактордың бұқалардан күшті екеніне сенген жоқ. Трактор бір сағат ішінде бұқаның жарты күн айдайтын жерін айдап тастағанда ғана: күші келеді деп келісті. Колхоз пайда болды. Байып, нығая бастады. Оны «III интернационал» деп қойды.»

Тракторлар ауыл тұрмысын күрт өзгертті. «III интернационал»

колхозы сол уақыттағы ірі шаруашылық еді. Мәртөкте екі, Казанкада бір егін суару бригадасы болды. Әр бригадала 100 шақты бұқа, ат, түйе бар еді. Колхозға екі «Фордзон» тракторы берілді. Біреуін – бір-біріне көмек бері комитеті, екіншісін – ауыл шаруашылық серіктестігі берді. Колхоз төрағасы – А.Гомора, ал бригадирлері – И.Ивченко, Полонский, Л.Шевченколар еді.

Сол кезде Мәртөкте тағы бір колхоз пайда болды. Ол «Путь транспортника» деп аталды. Ол негізінен көкөніс өсіруімен шұғылданды. Шаруашылықта бес түйе мен екі ат болды. Оның ауласы қазіргі халық соты орнында орналасты.

1930 жылы «III интернационал» колхозынан етікші, тігінші, ұста, былғарышылар сияқты шебер адамдар бөліне бастады. Олар өздерінің «Муравей» өнеркәсіптік артелін құрды Кейін оған «Промышленник» деп қайта ат қойды (бұрынғы аудандық тұрмыстық комбинатының орны).

Тағы екі жылдан кейін, 1932 жылы Мәртөк МТС жұмыс жасай бастағанда, Казанкадағы бригада Буденный атындағы колхоз болып бірікті. Оның төрағасы болып Лаврентий Шевченко сайланды.

Сонымен қатар, 1926 жылы Линовицк ауылындағы бес кедей отбасы өз мүліктерін біріктіріп, ортақ шаруашылық құрды. Солай Мәртөк ауданында ұжымдастыру басталды.

Бірақ жаппай барлық жерлерде колхоздар 1929 – 1932 жылдары құрыла бастады. Сол уақытта ең ірі болып саналатын «Степной гигант» колхозы құрылды. Оның құрамына 20 елді-мекен және 33 ұсақ шаруашылық кірді. Оның орталығы Андреевка ауылында еді. Колхоздың негізін салушылары А.Суриц, К.Луценко және т.б. болды.

Сол жылдары бұқа жегіп жер жыртатын еді. Қысқа дейін үлгермейтін еді. Қар түскенде де егін оруды тоқтатпайтын. Сол кезде жұмысқа жастар шығатын еді. Аяз соққанда да кәртөп жинады. Таңертеңнен кешке дейін, желді және аязды күндері де, жартылай жалаңаш, жалаңаяқ. Бірақ жұмысты тоқтатқан жоқ. Ешқашан мұңайған да жоқ. Жұмысқа ән айтып баратын. Апта сайын ауылдастарына концерт қоятын.

1932 жылы Жайсаң МТС жұмыс жасай бастады. Кейінірек олардың саны 4 жетті. Менің алдымда құжаттар жатыр: қысқаша мәліметтер, хабарламалар, газет тігінділері. Солардың біреуінде 1932 жылы Мәртөк және Жайсаң МТС-тарының 2 автомашинасы, 9 комбайны, 48 тракторы болғаны туралы айтылады. 1934 жылы,

ауданның құрылу қарсаңында, үш МТС-ң 20 машинасы, 32 комбайны, 173 тракторы болған.

Міне, тағы бір аудандық атқару комитетінің мұрағатынан алынған құжат – «1934-1935 жылдарындағы Мәртөк ауданы бойынша мал басының есептелуі». 1935 жылдың I қаңтарында Мәртөк аумағында 11955 ірі мал, 7825 қой, 1889 шошқа, 162 түйе, 1863 жылқы болған екен, яғни сол уақыттағы көрсеткіш 70-шы жылдарындағы ауданның «Дзержинский» мен «Междуреченский» совхоз малдарынан да аз. 1935 жылы аудан үкіметке 17194 ц сүт, 7801 ц ет, 116943 ц нан берді. Бұл 1975 жылы тек қана бір «Дзержинский» совхозының берген өнім көлемі.

Сол кезде Мәртөк – 90 елді-мекен кіретін үлкен ауданның орталығы еді. Бұл: Мәртөк – орталығы, Казанка, Құмсай, Кеңсахара ауылдары, Водокачка, Елек базасы, Жамансу ауылы, аудандық тұтынушылар одағының қосымша шаруашылығы, Ефремовка, Сарыой, Степановка, Междуреченский, Шанды, Ново-Донецкөе, Горноводск, Шилісай, Қызыл ту, Ново-Федоровка, Ново-Михайловка, Константиновка, Сабындыкөл, Қуандық, Жаңа дөуір, Жаңа таң, Қазақстан, Хозауыл, Целинный, Новосельский, Қос Елек, Степь, Вознесенка, Рыбаковка, Жаңа жол, Первомаевка, Қарағаш, Веренка, Төнкеріс, Дмитриевка, Байторысай, Покровка, Полтавка, Амангелді, Студенческое, Күшікбай, Ново-Троицкөе, Красноярка, Қызыл жар, Андреевка, Шевченко, Линовицкөе, Тораңғұл, Жоса, Белқайың, Жосасай, Коминтерн, Ленинскөе, Қаратоғай, Қарашай, Қаратаусай, Сусар ауылдары, жемдеу совхозының жаңа базасы, Нагорное, Жаңа Елек, Хлебодаровка, Саржар, Қарағай-құдық, Құрайлы, Гиоргиевка, Елек, Шеменевка, Морозовка, Дворяновка, Көбенсай, Родниковка, Калиновка, Қара үңгір, Қызылсай, Жамбыл, Бөрте, Жаңа бұлақ, Сынтас, Қызыл тас, Драгомировка, Елімақ бұлақ, Хазірет, Березовка, Ново-Покровка, Қия, Домбаровка ауылдары, геологбарлау учаскісі.

1935 жылдан бастап Мәртөкте «За большевистским колхозы» аудандық газеті жариялана бастады. Содан кейін оның аты – «Сталинское знамя», «Колхозная правда» (1957), «Ленинский путь» (1962), «Мартукские новости» (1992), «Мәртөк тыңысы» болып өзгерді.

Дарья Константиновна Мастеровааның естелігінен: «1935 жылы жаңа Мәртөк ауданы құрылды. Газет шығару мәселесі

көтерілді. Ақтөбе облыстық партия комитеті мені газет редакторы қылып тағайындады. Оның атын «За большевицкие колхозы» деп қойды. «Ат қойып бердік, қалған азғантай жұмысты өзің істерсің,» - деп облыстық партия комитетіндегілер ойнап айтатын.

Ұйымдастыру жұмыстары басталды. Орналасатын орын, қызметкерлер, құрал-жабдықтар керек болды. Соның ішінде типографиялық құрал-жабдықтар жетіспеді. Мәртөк үлкең, бай ауыл еді. Биіктіктен қарасаң, біреу әдейі ойыншық үйлерді әдемі тізбелеп қойған тәрізді. Олардың барлығы бірдей: саманнан жасалған, төбелері жайпақ, үй жанында кішкентай қараағаштары бар шағын бақшалар. Ауыл іші толған кішкентай ит. Әр үйдің малы, үй құстары болды. Мәртөктіктер жыл сайын тары, бидай, көртөп, көкініс егіп, жақсы өнім алатын.

Біз ауылға қаңтардың аязды күні келдік. Үйлердің төбесінде қарға оранған мұржалар көрінеді. Кей жерлерде, ауыл сыртында сұры түсті киіз үйлер орналасқан. Олардың ішінде азық-түлік сақтаған. Аудандық партия комитетінде бізді бірінші хатшы Филипп Ильич Буланин қарсы алды. Ол өте жас, сымбатты, айқын көзді жігіт еді.

- Менің үйімде тұрасыңдар! – деді ол, - Пәтерім қарапайым: 12 бұрышты, екі пеші бар. Мында кіріңіз, - деп ол бізді бір бөлменің есігін ашып, шақырды.

Оның жолдасы Буланина Полина Кузьминична бізді көріп, тумауысқандарын көргендей қуанып қалды. Лезде, жарты сағат өткен соң біз үстел басына отырдық, ал Буланиндердің тұңғыш қызы Иван Егоровичтің алдына отырып алды. Олар өте қарапайым адамдар болып шықты, Мәртөкте оларды бәрі жақсы көрді. Адамдар олардың үйіне кез келген сұрақпен келе беретін. Оларды құшағын жая қарсы алып, ақыл-кеңес беріп, көмек беріп жатты. Филипп Ильич аңшылыққа құмар екен. Сенбі күндері түнімен аң аулауға көлдерге баратын болған. Ал жексенбі күні кешкісін ол олжасымен оралып келеді. Өзіне бір-ексүйін қалдырып, қалғанын таратып беретін. Біз олармен бір жанұядай тұрып, бірге тамақтандық. Полина Кузьминичнаның мамандығы – финансист. Газет ашылғаннан кейін редактордың орынбасары болып жұмысқа алынды. Сондықтан мен онымен бірге жұмыс жасадым. Ақбұлақ ауданынан бөлінгеннен кейін біздің Мәртөкке мұра етіп қалдырған, типографиялық құрал-жабдықтары мен мүлігі: ескі басылым әріптер жинағы, бірнеше келі

газетке арналған қағаз және ескі «бостонка» машинкасы. Басылым шрифтары өте ескі болғандықтан, басқан кезде қате кетіп, мәтіннің мазмұнын өзгертпін жібереді. Осының кесірінен Ауданылық партия комитетіне бірнеше рет түсініктеме бердік. Газет ешқандай суретсіз, бұлынғыр болып басылды. Бірақ газетті басып шығаратын қызметкерлер жақсы қызметкерлер еді. Төруші Иван Зеленый іс-тәжірибесі мол, өте тез жұмыс жасайды. Бірақ шындыққа келетін болсақ, ол кейде бірнеше күн ішімдікке салынып жатады. Бұл кезде оның жолдасы және редакция алқасы оның жауапкершілік сезімін оятып, жұмысқа қосатын. Бұл туралы: «Ақылды адам мастығы кеткесін одан да ақылдырақ болады, ал ақымақ – ешқашан» деп ауыл адамдары айтатын еді. Мастығы кетіп, қызметіне оралған Степан, өз ұжымы алдында қатесін еңбекпен түзетін жүрді. Степанмен бірге оның көмекшісі Надя Иванова жұмыс жасады. Ол жас, кесір мінезді болатын. Біз оның осы мінезіне шыдауға мәжбүр болдық, өйткені ауылда одан басқа басылымды ешкім тере алмайтын еді. Кейде Надя жұмысына немқұрайды қарап, газет шығатын күндері жұмысқа шықпай қалып та жүрді. Мұндай кезде біз оның үйіне барып, жалынып жұмысқа шақыратынбыз. Ол төсегінен еріне тұрып, боянын, сыланып, сипаланып: «Мен енді сендермен жұмыс істемеймі. Күйеуге пығып, басқа жаққа кетемін», - деп бізді ұзақ жалындыратын. Содан соң біз оны әрең ертіп келетінбіз.

Бір күні редакцияға бір жас жігіт келді. Ұзын бойлы, арықша келген. Таралмаған ұзын шашы көзің иығын жауып тұрды. Ол өзін – Боранқұлов Абай деп таныстырып, жұмысқа алуды өтінді.

- Орыс тілін білесің бе? Оқи аласың ба?

Жігіт басын шайқап, жай дауыспен: Абай

- Жоқ, - деп жауап берді.

Әдеби қызметкер Петрова жігітке қарап:

- Қарашы мынаны! Ешқандай сауаты болмаса да, редакцияға жұмысқа алсын деп келіп тұр.

Мен одан араласпауды өтініп, Абаймен сөйлесіп, оның жағдайы жоқ екенін білдім. Ол жастайынан жетім қалып, жалғыз тұрған. Әркімге қызмет етіп, шөп шауып, сиыр бағып, әркімнің босағасында өмір сүріп келген.

- Абай, сен жуынып, шашынды қысқартып кел, сосын сені жұмысқа аламыз. Келіссен бе?

Ол қуанғанынан абдырап, менің берген жауабымды қайталауды сұрады. Мен қайтадан түсіндіріп, әзірге осы типографияда тұруға рұқсат бердім.

Бір күннен кейін мен оны оқыта бастадым. Ол әріптерді тез үйреніп, буынға бөліп, жинауды үйреніп алды. Ол алғашқыда еден жуушы, оқушы болды. Оған азғантай еңбекақы мен жұмыстың зияндылығына байланысты күніне бір бөтелке сүт берілетін. Надя Иванова қырсық мінезін көрсетіп, күйеуге шығып, қалаға кететінін айта бастағанда, мен оның құжаттарын қолына беріп, бақыт тілеп, қоя бердім. Оның орнына Боранқұлов Абайды жұмысқа алдым.

Москва қаласында «За коммунистическое просвящение» газетіне он жыл толуына байланысты мереке өтетін болды. Ол мерекеге сол газетте жұмыс істеген барлық қызметкерлер шақырылды. Онда мен де шақырылдым. Бұл жайында ақылдасайын деп, Аудандық партия комитетіне барғанымда, Филипп Ильич Буланин қарсы болды. «Ауданда аз қызмет істедің, редакцияда жөптеген жетіспеушіліктер бар, газетке жазушыларды көбейту керек, сен кетсең басқалары қате басуы мүмкін, - деген сылтаулар келтіріп, жібергісі келмеді. Үйде сондай көңілді қарапайым Филипп Ильич, менімен «сіз» деп, басқа адамдай суық сөйлесіп, қатып қалды.

- Он жылдық мен үшін ерекше мереке емес, бірақ барып, редакцияның жұмысын жүргізу туралы сұрақ көтеріп, типография шаруашылығы туралы сөйлесіп, жазу машинкаларын жаңартып, газет басуға қағаз сұрау керек, - деп ол кісіні көндіруге тырыстым. Басылым шрифтарының көнелігінен газетіміздің сапалылығы төмен екенін айтып, газеттер жинағын көрсеттім.

Кішкене ойланып, Филипп Ильич менің жолға шығуға келісімін берді: - Жарайды, бараныз. Бірақ келген соң есеп бересіз, - деді.

Мінеки, мен Москвадамын. Маған шешем мен апаларым бір түрлі таңдана, мен о дүниеден қайтып келгенімдей қарайды. Шешім мені түсініп, ешқашан өзінің қасында көп ұстаған жоқ. Тіпті ол үшін өте қиын 1923 жылы, үйдегі бар азықты салған түйіншегімен Сасовоға шығарып салғанның өзінде. Ол қазір де: Қазақстан – жақын жер, онда жақсы адамдар тұратынын, олардың бұл өлкені көтеретінін, бірақ сауатты адамдардың жетіспейтінін және менің Қазақстанда болу керектігімді түсінетін сияқты.

«За коммунистическое просвящение» газетінің редакция алқасы мені ерекше қарсы алды:

- Сәлеметсің ые? Қалың қалай, жұмыс қалай? Сен ешқандай өзгермегенсің, келбетің әп-әсем. Даланың ауасы саған жаққан ғой. Жақынырақ отырып, не керектігін айта бер.

Маған да керегі осы. Лия Григорьевна Полонскаяның алдына «За большевистские колхозы» газетінің бірнеше экземплярін жая салып, газеттің сапасыздығын түсіндіре бастадым.

- Бізге басылым шрифтары жетпейді, ескі, әріптер дұрыс басылмайды, көрінбейді.

- Бұл жағынан біз сендерге көмектесеміз, - деп сендіріп, сол жерде қызметкер Кирыюшкинге қарап: - Иван Федорович, сізге бұл аудандық газетті қамқорлыққа алуға тура келеді, көмектесіңіз, керек жарағын тауып беріңіз, әсіресе басылым шрифтарын тауып беріңіз, - деп тапсырма берді.

Жапжаң Иван Федорович шрифттарды алып келіп, алдыма қойып, «енді тағы не керек?» - деп, күлімсіреп сұрады.

Мен Кирыюшкинге республикамыздағы аудандық газеттерінің арасындағы ең үздік басылымын көріп, үйренгім келетінімді айттым. Әр редакция өз басылымның бір данасын жіберіп тұратын «Правдв» газетінен көмек сұрауға болатынын да айттым.

- «Правда» газетіне жүріңіз, - деп Иван Федорович мені асықтыра бастады.

«Правдв» газетінің редакциясы бізді жақсы қарсы алды, әсіресе мен Қазақстанның бір аудандық газетінен келгенімді естіп, қуанып қалды. өздерінің бір қызметкерлеріне маған көмек көрсетуге тапсырма берді. Ең жақсы газет болып «Плавский трактор» саналатын, бірақ бұл газет аудандық емес, саяси бөлімінің газеті еді. Иван Федорович «Плавский трактор» газетінің тігіндісін алып келді. Газет мағыналы, қызық екен. Әріптері айқын, суреттері бар, тез терілген. Бірнеше бетіне көз жігіртіп шықтым, онда үлгі алатындай көп нәрсе бар екен. Сол газетті тек оқи бергім келді. Мақалаларының астында ауылдық тілшілерінің толық аты-жөндері толық жазылған екен, біздікі сияқты Шила немесе Зоркий глаз емес. Мен бұны газеттің жетістігі деп санадым. Жергілікті ақындардың өлеңдері де басылған.

«Плавский трактор» газетіндегі маған ұнаған бір жері «Шара қолданыңыз» және «Шара қолданды» бұрыштары. Қандай шара қолдану туралы нұсқаулар берілген, қолданған шаралар туралы жауаптар берілген. Бұл бұрыш кәдімгідей газет беделін көтеріп тұрды. Бұл газетті бір көріп, тек үйрену жеткіліксіз, сондықтан

«Правда» газетінен бұл газеттің редакторларымен кездестіріп, әр газеттің бір номерін Мәртөкке жіберіп тұруға өтіндім.

«Правда» газетінің қызметкерлерімен әдеби бөлімге шақырды. Онда маған істелінген жұмыстарды, көсем суреттеріін, белгілі адамдар туралы мағлұматтарды, ауыл шаруашылық бұйымдар суреттерін, өзін-сықақ бұрышын көрсетіп, керегімді алуыма рұқсат берді.

- Қандай байлық! Маған мұның бәрін алуға болады ма?

- Болады, болады. Алыңыз!

Барлығын алып кетейін деп едім, бірақ бәрін бірден қалай жеткіземін. Жақын жердегі дүкенге барып, чемодан сатып әкеліп, бәрін салып қойдым. Иван Федорович маған бұл байлықты жүк пойызымен жіберуге көмектесті.

Мен енді нағыз редактормын. Ешкімге жалтақтамай, барлығы өзімде бар, біздің редакциядағы қызметкерлердің қалай қуанатынын көзіме елестетіп, «Правда» газетінің редакция алқасына қалай алғыс айтарымды білмедім.

1937 жыл еді. Екі жылда Мәртөк ауылында ештеңе өзгерген жоқ. Сыртынан қарағанда өзгеріс болмаған сияқты. Ал жақсылап, үйіліп қарасаң ғой... жаңа заттарды да көресің. Мысалғы алсақ, Абайдың тағдыры. Ауыл ішімен жүріп келеді, адамдар онымен құрмет көрсетіп, амандасады. өйткені Абай - өз ісінің шебері, басушы, сауатты адам. Киінген, үйленгелі жүр, өзіне үй салып жатыр. Жігіттің түрі мен жүріс-тұрысында алғашқыда мен көрген жабырқаулықтан тым қалған жоқ. Сыпайы, қарапайым, темекі тартпайды, ішімдікті жақтыртпайды. Кітаптарды бірінен соң бірін оқиды. Полиграфист болуды армандайды. Оның түзеліп кеткен өмірін ойласаң, көңілім шаттанады. Адамға аяғынан тік тұруға көмектесу қандай маңызды екен. Надя Иванова да өзгеріп кеткен. өзінің қыпсық мінезі өзіне қарсы шыққан. Редакцияға бірнеше рет келіп, мінезінің өзгергенін айтып, бұрынғы жұмыс орнына сұранды.

Буланинмен біз бір жанұядай өмір сүрдік. Бірде Ақтөбе қаласында өткен алдағы егін науқаны мен оны қысқартылған мерзімінде өткізу мәселесіне арналған кезекті конференцияға белгісіз себептермен қатысқан жоқ. Кейіннен біз оның тұтқынға алынғанын естідік.

Үйге сол «газикпен», тек енді Буланинсіз оралдық. Жол бойы өзімен келе алмай, үнсіз келдік. Айтатын ештеңе болмады. Тек күйеуім

менің аяғымды байпаққа орап, анда-санда селк етеді. Полина Кузьминичнамен бірге бастан кешіргенімізді баяндау қиын. Бізді Ақтөбеге жиі шақыртып, тергеу жұмыстарын жүргізді, әр сөзімізді бақты. Жоқ, кінәлі емес. Жоқ, жоқ. Бір де дәлел таба алмады. Булашиннің ұяты таза еді.

Сегіз ай өткен соң оны босатты. Шындық оның жағында болды. Ол үйге арықтап, көздері ұясына кіріп, азып-тозып келді. Ол қорқып қалған қыздарын күшағына алып:

- Қарағымдарым, танымай қалдыңдар ма?

- Папа! – деп айқайлап жіберді Люциана, - Папам қайтып келді.

Ол фартугінің етегімен әкесінің жасаураған көзін сүртіп, жұбата бастады:

- Жарайды, сен үлкенсің ғой. Міне қандай үлкенсің.

Жақын арада маған Буланиндер әулиетімен қоштасыға тура келді. Мені Ақтөбе облыстық партия комитетіне жұмысқа шақырды. Бастапқыда – нұсқаушы, сонан соң үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі қызметін атқардым.»

Сонымен біздің газетіміз алғашқы пайда болған кезінде не туралы жазды: «Біздің газет номер сайын қоғамдық еңбекті, жер игерудегі және мал шаруашылығындағы үздік тәжірибені белсенді үгіттеп отырды. Жергілікті халықты мәдени және техникалық жағынан білімдерін арттырып, ауыл шаруашылық қызметкерлерін даярлауға, ауыл мәдениетін көтеруге ерекше назар аударды. Феодал-байларды әшкеріледі, зиянды религиялық қалдықтарына қарсы шығып, қазақ әйелдерінің колхоздың қоғамдық және өндірістік өміріне араласуға үгіттеді.»

Сол кездегі Мәртөк орталығы қандай болды? 1936 Мәртөкке элеватор биігінен көз салсақ, алдарында қазіргі Кооператив көшесі көзге түседі («Колос» кинотеатрынан). Оның алдында «Қызыл алаң», ортасында В.И. Лениннің ескерткіші тұр. Бұл ескерткіш алдында революциялық мерекелерге арналған демонстрациялар өткізіліп тұрды. Саздан құйылған дүкендер, үйлер. Ол кезде барлығы да саманнан салынған. Шифермен және темір қаңылтырмен жабылған үйлер саусақпен санарлық. Ауыл көшелерінде бірде-бір тал болған жоқ.

1937 жылы Мәртөк ауданы бойынша 59 колхоз тіркеліп, онда шаруашылық қожалықтарының 96,7 біріктірілген. 1935 жылы егіс алқабы 60945 болса, 1937 жылы 70284 га дейін ұлғайды. Колхоз

далаларында 227 трактор және 107 комбайн жұмыс жасады. Аудан бойынша сол кезде 70 автокөлік болса, оның 47 колхоздар меншігінде еді. 1934 жылымен салыстырғанда, мал саны 3 есе өсті. Егер 1934 жылы барлығы 17210 бас мал болса, 1937 жылдың 1 қаңтарында 42452 бас мал болды.

1936 жылдың қазан айында Жайсаңда КПУ-13 ашылды (2006 жылы 70 жыл толады. Ал училищенің өзі бұдан ертерек ашылған болатын. Алғашқыда ол Қостанай облысында ашылып, артынан ол Ленин ауданы Херсон селосына аударылған. Ал одан кейін Жайсаң селосына аударылды.)

Аудан бойынша 7 фельдшерлер пункті, аудандық амбулаториялық бөлмелер: безгек ауруы кабинеті, тіс кабинеті; дәріхана, аудандық аурухана жұмыс істеп, 12 орындық перзентханасының құрылысы аяқталып жатты.

(райздрав инспекторы Батура)

Ауданда 54 – бастауыш мектеп, 8 – орталау мектебі, 1 – орта мектеп, 24 – оқу залы, 17 – колхоз клубы, 14 – қызыл, 1 – кітапхана болды. 1937 жылы түгелдей сауатсыздық жойылып, ликбездер таратылды, бірақ толық білім алмағандармен жұмыс жүргізіліп жатты. Жайсаң, Андреевка және т.б. елді-мекендерде 402-ге жуық радиоторабтары жұмыс істей бастады.

Мәртөкте өнер мектебінің бастамасы болып саналатын музыкалық үйірме жұмыс жасады (гитара, домбыра, балалайка, гармонь, барабан, скрипка), ол аудандағы ауылдарға шығып, өз өнерін танытқан.

Сол жылдары үлкен нәтижелерге қол жеткіздік.

Және сол уақыттағы хабарламалар қызық болды. 1937 жылғы 30 қазанында шыққан газетінде: «Аудандық клубта дыбысты киноаппарат орнатылған. Күнде кинофильмдер көрсетіледі. Көрермендерге аса ұнаған кинофильмдер: «Максимнің жастық шағы», «Максимнің оралуы», «Федька», «Ант», «Кездейсоқ кездесу».

30-шы жылдардың аяғында тұрғын үйлердің құрылысы жанданып, Мәртөк өсе бастады.

1939 жылы Мәртөк мүлде өзгеріп кетті. Бұл Ақтөбе облысының ең жақсы аудандарының бірі болды. Сол кезде Мәртөкте 52 колхоз, клуб, аурухана, 1500 оқушы оқитын екі орта мектебі бар еді. Электр жүйесі мен телеграфтың не екенін білмеген Мәртөкте, енді

электстанция салынып, колхоздар мен облыс орталығымен байланыстыратын телеграф орнатылды, халық радиодан жаңа хабарларды еститін болды. Аудан орталығында аудандық және балалар кітапханасы ашылып, 2000 оқырманы бар аудандық газет жарияланап жатты. Ауданда 4 МТС, 500 трактор, 100 автокөлік болды. 1939 жылы жер қойнауы зерттеліп, Ақсу, Вознесенка, Студенческий ауылдарында «Мартук— уголь» шахталары ашылды.

1939 жылының 1 қыркүйегінде Почтовая көшесінде (Ф.Ф.Озмитель) 800 оқушысы, 22 класы бар орыс мектебі ашылды. Мектептің бірінші директоры Усачев болды.

30-40 жылғы Мәртөк бүгінгі Мәртөкке типті ұқсамайтын. Қазір де аса сәулетті, ерекше үйлер тұрмаса да, өткен заманмен салыстырғанда – жер мен көктей. Кілең бүкір шатыр астындағы жертөлелер.

Әрбір үйдің 15 соткадан кем емес жері болатын. Әр кварталда 6 жер үй орналасқан. Қандай кеңістік! Барлық көшелер қатар тұрып, кварталдарға бөлінген. Көшелердің аттары болған жоқ, өйткені оның қажеттілігі де болмады.

Мәртөктіктер тек қана 40 жылдары жекешелене бастады. Әуелі ор қазып, артынан жарбақ құрып, көршілерінен, жолдан қоршана бастады. 1940 жылдың аяғында аудандық комсомол хатшысы Н.С.Глуховтың бастауымен ауылдың барлық адамдары, әсіресе, жастары мен оқушылары, комсомолдар көшеге ағаш екті. Жұмыс қызу жүрді, сол жылда-ақ жасыл парк ашылды.

Ол кезде экология таза еді. Әр аулада көшеттер мен қалың шөп өсетін. Балалар аулада жалаңаяқ жүгіріп жүретін, ересек адамдар да аяқ киімсіз жүре беретін. Жер таза болды.

Ауыр көлік аз, ал жеңіл көлік тек қана райкомда болатын, ал жеке меншікте машиналар тіпті болған жоқ. Пешті тезекпен, соломмен жағатын. Көмір тек соғыс жылдары әкеліне бастады.

Ауданның соғысқа дейінгі жылдары. Аудан халқы уақытпен санаспай адал еңбек етті. 1940 жылдың 7 қарашадағы «За большевистские колхозы» аудандық газеті Буденный колхозының колхозшылары атқарған жұмыстары туралы былай жазған: «Бұл колхоз ауданда өткен жарыста бірінші орынға шықты. Олар қыркүйектің біріне дейін астықтарын жинап, мемлекетке ет, сүт, көкөніс, жүн тапсыру жоспарын толығынан орындады. Тамаша колхоз және адамдары да керемет! Олар адал еңбек етіп, жақсы

тұрады. Колхозда мектеп, клуб, кітапхана, лаборатория, радионүкте, автомашина мен 20 қарапайым ауыл шаруашылық машина бар. Колхозшылар ауыл шаруашылық азық-түлікпен қамтамасыз етілген. Колхозда 76 аула бар. Егістік көлемі 1638 га, астық жиылымы 9500 ц...»

Колхоздың мұндай нәтижелерге жету себебі неде?

Ең әуелі – қатаң еңбек тәртібінде. Колхозшылар, тракторшылар мен комбайншылар жоспарды уақытында орындау ісінде белсендік танытып, мемлекеттің экономикалық және қорғаныс қуатының тұрақтылануына себепкер болды.

Сол кез бен қазіргі уақыттың арасы 65 жыл. Соғыс алды жылдары қызу еңбек жылдары еді. Көптеген мәртөктіктер колхоздар құрылған кезеңде тамаша еңбек етті. Олардың есімдері тек қана аудан аумағында емес, бүкіл елге таныс болатын. Сол адамдарды жылы сөзбен атап өткім келеді. Бұл «Заветы Ильича» колхозының сауыншылары Б.Жарманова, И.Кравченко және 1936 жылдың қорытындысы бойынша 1 орынға шығып, 1787-дан бастап 1836 литрге дейін сүт сауып алған Шевченко атындағы колхозынан М.Бедная, М.Герасименко, А.Колинько сауыншылары. Бұл ол уақыттағы ең жоғары көрсеткіштер еді. Алдыңғы қатарлы қойшылар: С.Снитко, «Степь» колхозынан, «Социализм» колхозынан Н.Горобец 3,5 тонна қой жүнін тапсырған. Үздік комбайншылар – В.Сень, П.Батура, И.Богатырев, И.Дерепко, М.Фисенко А.Колужный 533-тен 738 гектарға дейін астық жинағаны үшін 1937 жылдың 7 сәуірінде «Комбайнмен астық жинаудың шеберлері» атағын алды. Ленин орденімен марапатталған механизаторлардың бірі «Социализм» колхозының тракторшысы П.Т.Махин бір маусымның ішінде 1030 га жер жыртып, 4 норманы орындаған. Ол 1936 жылы Мәскеуде өткен алдыңғы қатарлы тракторшылар мен комбайншылардың жиналысына қатысты. Сол жылдары жанын аямай адал еңбек еткен, жарқын болашаққа сенген адамдарға қайран қаласың.

Аудан уақыт тынысымен өмір сүрді. 1937 жылдың 4 тамызында аудан газетінде жарияланған мәлімдемелер бойынша: «Үшінші 5-жылдықта Мәртөк ауданында көмір және өндіретін кәсіпорындар салынады. Геологиялық зерттеулер бойынша Студенческое, Ақсу, Вознесенка ауылдарының маңында көмір, Жосада мұнай бар екенін дәлелдейді. Кіріпін зауытының, сыра зауытының салынуы,

әк шығару, көмір өндіру жоспарланып отыр. Ауыл шаруашылық саласында үшінші 5-жылдықта келесі іс-шаралар белгіленген: мал шаруашылығында – мал басын көбейту, соның ішінде ірі қара бас мал – 3,5 есе, шошқаны – 4,5 есе, жылқыны – 2,5 есе, түйені – 1,6 есе, қой, қозы, ешкіні – 5 есе, егін көлемін – 15% –ға көбейтіп, гектардан 13 ц. өнім алуға бет алды.

Степановка, Андреевкада жаңа МТС ашу, кеңес үйін, электростанция, монша, қонақ үйін, 20 тұрғын үй салуды жоспарланды.»

Мектептердің салынуы белгіленген, атап айтқанда екі орта мектебі (Жайсаң және Степановкада) және 4 орталау мектебі. Осы жоспарда Мәртөк – Студенческое (Андреевка, Қаратоғай арқылы), Мәртөк – Ақтөбе, Мәртөк – Ново-Федоровка, Кумыстюрбинский – Жайсаң автокөлік жолдарының салынуы да белгіленген. Бұл жоспарлардың жүзеге асуына гитлер Германиясымен соғас бөгет болды. Соғыстың бірінші күндерінен бастап аудандық комитет пен аудандық атқару комитеті еңбекшілерді соғыс жылдарының күрделі де қиын тапсырмаларын орындауға көтеретін әскери штаб болып табылатын. Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдарында Мәртөк халқының алдына мынадай мақсаттар қойылған: «Мемлекетке астықты сәтті жинап, тапсыру, мемлекеттік сатып алу тәртібі бойынша азық-түліктердің сатылуын қамтамасыз ету. Дүрбелеңге қарсы және осындай қиын уақытта мемлекет заңдарын бұзатындарға қарсы қызу күрес жүргізу.»

Мәртөк ауданының тұрғындары үшін, бүкіл кеңес халқы үшін гитлер фашистері бастаған соғыс үлкен қасірет әкелді. Олар ауыр соғыс жылдарын бастарынан кешіріп, жауға қарсы ел болып тұрып, жеңіске жетті.

Халық тек қана ұрыс алаңдарында емес, тылда, зауыттарда, фабрикаларда, шахталарда, темір жолда, МТС-тарда, колхоз, совхоз далаларында да жеңіске жету үшін барын салған.

Соғыстың бірінші күндерінде «Соғыс уақытындағы жұмысшылар мен қызметкерлердің жұмыс уақыты туралы» Жарлық қабылданды. Бұл жарлық бойынша 12 сағаттық жұмыс күні енгізілді. 16 жасқа толмаған жасөспірімдер де жұмыс уақытынан тыс 2 сағат жұмыс істейтін болған.

Соғыс көптеген материалды ресурстары мен адам күшін қажет етті. Ауыл шаруашылығының бүкіл ауыртпалығы соғысқа кеткен

ерлердің орнын басқан әйелдер мен жасөспірімдер, қарттар көтерді. Оладың еңбектегі қажымас ерліктері арқасында ауыл шаруашылық өнімдерінің өндірілуі азайған жоқ, тіпті соғысқа дейінгі 1940 жылы мөлшерінен де көбейді.

Ақтөбе облысының Жұмысшылар кеңесі «Барлық Ақтөбе қаласы мен Ақтөбе облысының әйелдеріне слесарь, токарь, механик, комбайншы, тракторист, жүргізуші және тағы басқа мамандықтарды игеріп, ерлерін жоқтатпай, жеңіске жету үшін өз үлестерін қосу туралы» үндеу салды.

Әйелдерге жылдамдатып техниканы үйрету әр инженердің, техниктің, трактор бригадасы бригадирінің, тракторшының, маман жұмысшының борышы болды. 1941 жылдың шілде айының 1-нен Мәртөкте тракторды – 14 әйел мен орта мектебінің 3 оқушысы, Студенческийде – 11 әйел, Нагорныйда – 9 әйел үйрене бастады. Базаларға түн сайын 50-60 арба шөп әкелетін түнгі шөп тасу бригадалары ұйымдастырылды. 30-шы маусымға дейін шөп шабу жоспары уақытынан бұрын орындалып, колхозшылар 1941 жылғы астық жинау науқанына дайындалып жатты.

Мәртөктің сортчаскісінің көрсеткіштеріне қарасақ, гектардан сұлы өнімі – 28-32 ц., арпа өнімі – 26,9-34,1 ц. 2500 га жерде 15 адамнан құрылған бригадалар егістікті арам шөп пен жәндіктерден тазартатын.

Соғыс уақыты адамдардың таңның атысынан күннің батысына дейін, кейде күні-түні еңбек етуді талап етті. «Адам жоқ», «құрал жоқ» деген сөздер болмайтын. Әр колхозда баспак, құлындарды ұстап, үйретіп, жер жыртты, керек болған жағдайда сиыр, биелерді де жегетін. «Социализм» колхозындағы комбайншы-стахановшы Гусевті бүкіл халық танытын еді. Ол 1940 жылы Бүкілкеңестік Ауыл Шаруашылық Көрмесіне қатысып, БАШК медалімен марапатталды. 1941 жылы өз колхозының жерлерінде 720 га шауып, 10 ц. жағар май үнемдеді, ал кейін «Жаңа Елек» колхозына көмектесіп, 7 күннің ішінде 223 га егін жинады.

Ауданның мал шаруашылығындағы жұмысшылар шілде айында мемлекетке ет, жүн, сүт тапсыру жоспарын алдын-ала орындап тастады.

1941 жылы аудан тұрғындарының күшімен 166 комбайн, 66 мотор, арбалар, қол орақтарына дейін жөнделді. Бір сөзбен айтқанда, аудандағы шаруашылықтары механикалық күшті пайдаланбай егін жинауға дайындалып жатты, өйткені тракторлар майданға жіберілді.

Аудан еңбекшілері «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!» деген ұранмен майданға қажырлы еңбегімен көмектесіп қоймай, қорғаныс қорына бағалы заттарын, ақша, облигацияларын тапсырып, жауынгерлерге он мыңдаған сыйлықтарды жіберді. «Степь» ауыл шаруашылық артелінің еңбекшілері қорғаныс қорына 3000 сом ақша, 10 қой, 15 қаз, 50 ц бидай, 10 ц капуста, 2 ц пияз, 50 кг сары май, 25 ц арпа аударды. 100 пар қолғап, 100 пар шұлықтық жүн тапсырды. Жеке колхозшылар 650 сом ақша, 21 ц бидай, 11 ц кара бидай, 3 кг май, 2 кг жүн, 2 қаз, жылы қолғап, шұлықтар өткізді. «Свет» колхозы қорғаныс қорына 4000 сом, 1 ц жүн, 20 қой терісін, 2000 сом бір күндік еңбекақысын тапсырды. Колхоз басқармасы Яковенко 1 тон, 1 пар байпак, колхозшы Л.Шаболта жылы шұлықтар тоқып тапсырды. Қорғаныс қорына Жайсаң селосының үй шаруасындағы 35 әйел 5050 сомдық облигациясын өткізді. Олар ұйымдасып, майданға сыйлықтар дайындады. Жайсаң МТС қолғап пен шұлық тоқу үшін 12 кг жүн жіберді. Мәртөк аудандық кеңесінің ұжымы қорғаныс қорына 3780 сомдық облигация, 2 пар байпак, 10 пар қолғап, 4 бөрік тапсырды. «Искра» колхозының колхозшысы К.А.Петриченко 2535 сомның облигациясын берді. Мәртөк ауыл кеңесі майдан үшін 4 пар байпак, төрағасы Шевцов 1 пар байпак, 1 мақта шалбар, қолғап, «1 Май» колхозы 10 пар қолғап, «Буденый» колхозы 20 қой терісін, 10 пар байпак, 30 кг жүн, «Красный Октябрь» колхозы 50 кг жүн жіберді. Мәртөктің барлық ұйымдары жылы киім (кеудеше, байпак, қолғап, шалбар, жылы бөрік) жинады. Жеке азаматтар Диденко – 1 мақта шалбар, Летягина, Горобец, Амбросимов, Свиридовтар 3 көпшік, ішкіім, жылы шұлықтар тапсырды. 1-4 класс оқушылары жылы ішкіім, ақ жайма, көпшіктыс, орамал, құлақшың, шұлықтар жинады. Вознесенка селосының қызметкерлері мен жұмысшылары ай сайын 1 күндік еңбек ақыларын қалыпты түрде Отан соғысы аяқталғанша тапсырып тұруға шешім қабылдады. «Коминтерн» ауыл шаруашылық артелі ай сайын қорғаныс қорына 5 еңбек күннің ақысын жіберіп тұрды. Мұндай көмек қорғаныс қорына Жеңіс күніне дейін көрсетіліп тұрды.

1941 жылы «Мәртөккөмір» шахтасы жұмысын жүргізе алмады, жылдық тапсырманы тек 43,7 % орындады. Қазан айына таман шахта жұмысын жақсартты. Қазанның екі онкүндігінің тапсырмасын 100,5 % орындады. Шахтерші Аманбаев өзінің тапсырмасын 136 %, Майоров пен Наврозов шахтершілері 140-147 % орындады, көмір

тасымалдаушы Мирошниченко, Буйнов тапсырмасын бір жарым есе, Дьяченко – 139 % орындады.

Аудан колхозшылары еңбек қарқынын күшейтіп, оны 200-300% орындауға шешім қабылдады, тапқан еңбек күндерін майданға жіберді. Құмсай еңбекшілері бірінші болып қолдады.

1941 жылдың күзінде ақсақалдардың ақылымен мал шаруашылығы қысқы айларда малды тебінгіге жіберді. Бұл жағдайда малшыларға киіз үй, жер үй, палатка керек болды. Сондықтан сол күнге дейін сақталған ескі орындарды қайта қалпына келтіруге тура келді. Далалықта малға арналған қарапайым қоралар дайындалды. Ол үшін ұзындығы 50-90 метр, тереңдігі 3-4 метр ор қазылып, төбесі қамыс, талмен жабылды. Қыста өсіп тұрған шөпті қар, мұз жауып қалғанда, қарды жұмсарту жұмысы жүрді, кейде табын-табын жылқыны айдап өткізді. Жалпы тебінгіге шығу 10 қазаннан басталып, барлық жағдай жасалып, бүкіл мал қарашаның аяғында қысқы тебінгіге шығып болды. Мәртөк ауданының 21 колхозы малды қысқы жайылымға Шалқар ауданына жіберді. Барлығы 11066 бас, көбі қой малы жіберілді. Бұл қалған малды бағып-күтуді жіңідетті. Әрі соғыс жүріп жатқан облыстардан айдап әкелінген малға да орын керек еді. Айдап әкелген малға айрықша күтім керек болды. Жолшыбай ауырған, әлсіреген малға жоғары сапалы азық бөлінді. Шалқар ауданына бізден барған малға шөп шабылып жіберілді.

Соғыс басталғаннан екі айдан кейін біздің ауданға жау басып алған аумақтардан көшіп келушілер көбейіп кетті. Оларды Жайсаң, Вознесенка, Коминтерн, Қаратаусайға орналастырды. Олар азық-түлікпен қамтамасыз етілді. Ауыл еңбекшілері ауыл шаруашылық өнімдерін көп өндіріп, үкіметке тапсыру керектігін түсінді. «Свет» колхозындағы 5 фермада 2175 бас мал болатын, ол 8670 л сүт, басқа да өнімдерді үстемелеп тапсырып, 1941 жылдың жоспарын күн ілгері орындады.

Шошқа фермасының меңгерушісі Дарья Марченко қарамағындағы 22 аналық шошқадан 274 торай өсіріп, тапсырмасын 124,5 % орындады. Ол 30 шошқаны бағып, өсіргені үшін қосымша ақы ретінде 24 келі ет алды. Анастасия Мельник, Варвара Шейкова да жоспарын асыра орындап, 110 % көрсеткіштері үшін еңбегіне 2 торайдан алды. Кітапхана меңгерушісі Лымарь егін ору науқаны кезінде 10 колхоз газетін, 11 бригада газетін шығарды.

Түнде еңбекке араласып, 100 % орындап отырды. Колхоз еңбекшілері ұлы еңбектен тысқары қалмады. Тары өсіруден бұрын болып көрмеген көрсеткішке жетуге тырысты. Сол үшін егіндікке таңайтқыштарды көптеп тасыды. Жерді 120 т көң, 50 ц күл, 38 ц суперфосфат, 28 ц селитрамен тыңайтты. Екі рет қар тоқтату жұмысын жүргізді. Егіс көктегенде, 2 рет шөптеді, 650 тышқан қырды. Соның нәтижесінде әр гектардан 31 ц тары өндірілді. Алған өнімді қорғаныс қорына тапсырып, үкіметке сатты.

1942 жылдың көктемінде біздің ауданда темекі өсіру қолға алынды. Бұл өсімдік тыңайтқыштарды көп керек қылды. 1 га жерге 180 т көң шығарылды. 1 га жерге темекінің 54 мың тамыры егілді, әр тамырдың арасы 36-54 см болуы керек болды. Бұл жұмысты адамдар қолымен атқарды. Темекіні күту, жинау көп қиыншылық туғызды.

1942 жылы жас баладан еңкейген қартқа дейін жұмыс істеді. Мұғалімдер майданға кетті, аудандық газетте олардың хаттары басылып тұрды. Оқушылар да қолдарынан келген жұмысқа аянбады, күрек, тырма жасап, трактордың құрылысын оқып үйренді. Әдейі курстар ұйымдастырылып, тракторшылар дайындалды. Дайындалған 49 тракторшының 34-і әйел еді. Олар түнде малға азық тасып, күндіз егін жұмысына араласады.

1942 жылы үкіметке мәртөктіктер 172099 ц астық 5999 картөп, 2399 көкөніс 18555 ц шөп тапсырылды. Бұл соғысқа дейінгі көрсеткіштен әлқайда көп еді. 1943 жылы үкіметке 9305 ц ет, 21719 ц сүт, 265 ц брынза, 20482 дана жұмыртқа, 474 ц жүн өткізді (бұл 1940 жылымен салыстырғанда ет 3416 ц, сүт 7934 ц, брынза 147 ц, жұмыртқа 1813 дана, жүн екі есе көп).

1943 жылдың ауыр қысынан мал ауыр жағдайда шықты. Бұл үшін колхоздар айып тартты. Мысалы, «Париж коммунасы», «Крестьянин» колхоздары 1000 сомнан, колхоз басшылары мен менгерушілері 100 сомнан айып төледі. Сот Фатиев Иван Алексеевичті колхоз бұқасын ұрғаны үшін 2 жылға бас бостандығынан айырды. «3 интернационал» колхозында малды бағу кезегінде 2 бас малды өлтіріп алғаны үшін Туралы Катеєв 3 жылға түрмеге отырғызылды.

Егін даласында балалар мұғалімдерімен жұмыс істеді. Қыздар егінді шөптеді, ұлдар шөп шапты. Газетте: «1943 балалар жан аямай еңбек етіп, жоспарын 1,5 - 2 есе орындайды, олардың ең үлкенінің

жасы 12-де» - деп жазды. Суханов атай 70 жасына қарамай, 10 күн ішінде 97 га жердің астығын орды. Соғысқа кеткен күйеулері мен аға-інілерінің орнында әйелдер қажырлы еңбек етті. Олар тракторлар мен комбайндарға отырып, бригадаларды, колхоздарды басқарды. Жеңіс жолында көп күш-жігерін жұмсаған Евдокия Никитична Иващенко болды. Соғыс алдында Мәртөк МТС-інде трактор бригадасының бригадирі болған, ал қатерлі 1941 жылы ол «Крестьянин» колхозының басқармалығына сайланып, 11 жыл жұмыс істеді. 1948 оған Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

1943 жылы Мәртөк МТС-інің әйелдер тракторшылар бригадасы Республикалық жарыста 2-ші орынға ие болды, ал тракторшы Ж.Исжанова, осы бригадadan, СТЗ тракторымен 402 га жер жыртып, тапсырма бойынша 200 га, 400 кг жанармай үнемдеді. Соғыс кезінде Ново-Федоровка МТС-інің тракторшы-комсомолдары Александра Небоженко, Агафья Сырнина жақсы көрсеткіштерге жетті. «Степь» колхозының тракторшы-әйелдері А.Яворская, М.Тимошенко тракторымен стахановша жұмыс істеп, берілген мөлшерді 125-130 % орындады.

Еңбекте ерлік көрсеткен «Степь» колхозының шошқа фермасының менгерушісі Мария Михайловна Чипегина. Оның жолдасы майданда Отан үшін қаза болған М.М.Чипегина бір аналық шошқадан 22 торайдан, кейін 11 аналық шошқадан 306 торай алып, сол уақытқа дейін болмаған көрсеткішке жетті. (Бұл Қаз ТАГ-тың мәліметтері бойынша). 1948 жылы М.Михайловаға Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Осы жоғары атаққа «Социализм» колхозының қойшысы Н.Горобец те ие болды.

Мәртөктіктер тылда ғана ерлікпен жұмыс істеп қоймай, аудан комитетінің басқаруымен майданға да үлкен көмек көрсетіп отырды. Қызыл Әскер жауынгерлеріне, жетім балалар фондына ақша, құнды заттар, әртүрлі сыйлықтар жиналды. 1943 жылы ең қарт колхозшы, Студенческий селосынан, Маштай Урдубаев танкілер колоннасын құру үшін 30 мың сом және 60 пұт астық, Трофим Кокоза осы мақсатта 60 мың сом, 40 пұт астық, ал «Свет» колхозының атақты шошқашысы Дарья Васильева Марченко 56 мың сом және 100 пұт астық, Анастасия Ивановна Копыца – 50 мың сом, Клавдия Ивановна Глушапкина – 25 мың сом тапсырылды.

Мәртөк мектептерінің оқушылары «Мәртөк пионері» танкісін құруға 12,200 сом жинады. Жайсаң орта мектеп оқушылары

Қазақстан комсомолы атындағы танкі колоннасын құруға 1277 сом 52 тиын жинап берді.

«Ударник Казахстана» танкілер колоннасын құру үшін Мәртөк ауданының еңбекшілері 2 млн 513 мың сом және 11 мың 688 пұт астықты Қызыл Әскер фондына тапсырды. Осындай елжүлі еңбектері үшін Жоғарғы Бас Қолбасшы И.В.Сталин өзінің жеделхаттарында Мәртөк ҚП (б) аудандық комитетінің хатшысы П.С.Могилевке шын жүректен алғысын білдірді.

Осыдан басқа аудан еңбекшілері тек соғыстың бірінші жылы Қызыл Армия жауынгерлеріне 3 вагон сыйлық жіберді: соның ішінде 1 вагон бидай, 2-ші вагон – шикісөк, 3-ші вагон – әртүрлі сыйлықтар. Аудан еңбекшілері соғыстан зардап шеккен жерлерге заттай көмек көрсетті. Сталинград қаласының еңбекшілері мәртөктіктерге шын жүректен алғысын жолдады. Олар: «Сіздің сталинградтықтарға көрсеткен қамқорлықтарыңыз біздің батыр қаланың тұрғызушыларын жаңа еңбек ерліктеріне жандандырды. 1944 жылы біз сіздерге мол егін жинауға тілектеспіз. Мәртөк ауданының колхозшылары, Ақтөбе облысының басқа аудандарына қарағанда, әрқашан да алда болып келеді. Біз алдағы уақытта да жеңіс біріншілігі сіздердің берік қолдарыңызда болады деген сенімдеміз. Біздің жалынды сталинградтық сәлемімізді «Степь» артелінің колхозшыларына, Сталин, Энгельс атындағы колхоздарының колхозшыларына жеткізуіңізді өтінеміз, өйткені олар Сталинград трактор зауытының құрылысшыларына деген сыйлықтарын жинауда айрықша ат салысты.» - деп жазды.

Біздің жерлестерімізге қанша қиын болса да, олар қаймықпады. 1944 жылы Мәртөкке қарт колхозшылардың аудандық жиналысы болды, онда 150 адам қатысты. Онда олар барлық облыс колхозшыларына үндеу жолдады. Онда былай делінген: «Біздің балаларымыз, немерелеріміз Отанды қорғауға аттанды. Колхоз шаруашылығы қарттар, әйелдер, жастарға қалды. Біз – қарттар олардың алдында жерге қарап қалмауымыз керек!». Олар сөздерін жерге тастамады. Еңбек ардагерлері елді ұятқа қалдырған жоқ.

Сөйтіп, Шевченко ауыл шаруашылық артелінде, таң атып, күн батқанша, шөп шабуда 5 кісіден құрылған бригада және 85 жастағы қарт Мощенко үлгілі еңбек етті. Таңертең ол бригадаға ертемен су, тамақ әкелетін, сонан соң, қалғандарымен бірге шөп шабуда күндік тапсырмасын орындап отырған. Сонымен қатар жастардан

қалыспай еңбек еткендер: 72 жастағы тарышы Бердалы Мүсіралин «Торанғұл» колхозынан, 68 жастағы малшы Яков Эгин «Ударник» колхозынан, 65 жастағы бригадир Василий Приходько «Украинец» колхозынан, 77 жастағы колхозшы Зиновий Усик, «Красный пахарь» колхозынан және де көптеген колхозшылар.

Міне, осылар бірінші болып атақты тарышы Шығанақ Берсиевті қолдағандар. Бір жылдың ішінде ауданда тары егісінің көлемі 1200 га, ал суарылатын жердің көлемі 1227 га болды. «Жаңа таң» колхозынан Қарасай Шелеповтың звеносы суарылатын жерлерден көкөністерден, картөптен, тарыдан көп өнім алды. Құмсай колхозынан А. Тимошенко да сондай табыстарға жетті.

1944 жылы екпінді огород егуші бригадир Бупкова, «Степной пахарь» колхозынан, бір гектардан 800 ц қызылша, сәбіз алды. Ол «екпінді» деген атаққа өзінің қажырлы еңбегінің арқасында жете алды. Сөйтіп, жылда үкіметтің жоспарын асыра орындаумен бригада жылдан жылға көкөніс пен картөптен мол өнім алып отырды. Сол бригаданың колхозшы әйелдері колхоз бағып өсірудің ұйтқысы болды. 1944 жылы 60 түп алма, көптеген құлпынай, таңқұрай көшеттері отырғызылды. 2-3 жылдан кейін бақ өзінің жемістерін бере бастады.

1944 жылы атақты тарышылар Қарасай мен Мария Величко 51 га жердің әрбір гектарынан 24 центнерден өнім алды.

«Степь» колхозы жылда астықтан, көкөністен, бау-бақпадан аудан бойынша бітік өнім алып тұрды. Далада 24 келілік асқабақтар, қарбыздар жатты. Кенешөп жақсы шығып, одан мықты жіптер иірілді. Қолхоздың шеберханаларында, ұсталарында артельге керекті заттар, айырлар дайындалып, қой терілері иленіп, байпақ басылды. Колхоз өзінің жеке қант қызылшасы мен көкнәрінен хош иісті кәмпиттер мен пряниктер дайындады.

«Степь» колхозында алма, таңқұрай, құлпынай, жүзім бірнеше жылдар бойы өсті. Біздің ауданда мал өсіру ең басты шаруашылықтарының бірі болды. Мал өсіру шаруашылығына колхоздардың жартылай бөлігі, ал кейбір колхоздарда жартысынан көп бөлігі арналды. 1944 жылы үкіметке 8422 ц ет, 15704 ц сүт, 191 ц – ірімшік, 317 ц жүн тапсырылды.

Біздің ауданда жылда тұрақты өнім алу – оңай емес. Көптеген колхоздар 1944 жылы, ауа райының қолайсыздығына қарамастан, бітік, сапалы өнім алды. Бұл өнімді алу үшін қолдарынан келгенше

барлығын жасап, бөгеттер салып, арықтар қазып, қажырлы еңбек арқасында ғана алды. Қиындықтарға қарамастан, әйелдер мен жастар жер қазып, бөгеттер мен арықтар жүргізіп, астық үшін ұдайы күресте болды. Отанымыздың көркеюі үшін өз күштерін аямай жұмсаған құрылысшыларымыз жасасын!

2 көрсеткіш беріп, еңбек еткен Студенческий бөгетінің құрылысшылары: Моцик Мария, Демидова Тоня, Зобенковтар Галя, Вера, Дарвина Валя, Пятянина Дуся, Иргалиев Николай.

Аудан еңбекшілеріне қырда еңбек ету 1944 жылы ерекше орын алды. Бүкіл колхоздар бөгет салып, арық қазуға кірісті. Кейбір құрылымдар колхоздарға келіп, осы игілікті істе ақ ниеттерімен көмектерін көрсетті. Мұнай қоры ұжымы, 12 адамнан тұратын, бір күнде 130 кубометр жер жұмысын жасалды. Шөп қоры ұжымы демалыс күні бір кісі басына 5-6 кубометр жерден игерді т.б.

Отанға, елге астық керек! Аудан колхоздарының даласында жүздеген гектар жерде астық жиналмай қалды. Колхозшы әйелдер мен жастар, оқушылар даладағы бір дән, бір масақ бидай үшін еңбекте үлкен ерлік көрсетті. Егінді уақытында жинау, бір масақ қалдырмау - бұл Отанымыздың жарлығы еді! Егілген егіннің бір дәнін қалдырмай жинап, үкімет пен колхоз қамбарларына құю керек!

Егін жинау, оны үкіметке тапсыру жұмысы күндіз-түні ұйымшылықпен жүргізілді, өйткені нан - Жеңіс құралы. 25 қыркүйекке дейін астық түгел жиналып болды. Тек «3 интернационалда» жиналған масақтардан 25 ц дән алынды.

Барлық жерлерде саршұнақтармен күрес жүргізілді. Жастар, оқушылар олармен күрес ұйымдастырды, арнаулы оқушылар бригадалары саршұнақтарды құртты: індерін суға толтырып, ілмектерімен кеміргіштерді сүйреп шығарды, қақпандар құрды. Оқушылар бригадалары күніне 800-1000 бас тышқаннан аулады. Кейбір «екпінділер» күніне 100 саршұнақтан аулаған күндері болды.

1944 жылы «Мартукуголь» шахтаның ұжымы көтеріңкі жоспар алып, тапсырмаларын абыроймен орындап шықты. Шахта ай сайын жүздеген тонна көмір беріп отырды, сөйтіп берілген тапсырмаларын бірнеше есе артығымен орындады. Тамыз айының көмір тапсыру жоспары 5 күн бұрын орындалып, 456 т көмір шығарылды. Алдыңғы қатарлы көмір ұнғылаушы сотник Василий бір күндік жоспарын 334 % орындап, күніне 8,4 т көмір тапсырып отырды.

«Степь» колхозының арашылары жылдан жылға ара жинаудан жақсы көрсеткіштерге ие болып отырды. 1944 жылы ара ұяларын 2 ретке көбейтіп 1 ара ұясынан 30 келі таза бал және 1 келі балауыз алды.

Біздің Армияның табанды күресі колхозшыларымызды қызу да екпінді еңбекке жетелеп отырды. Атақшы тарышы Ш.Берсиевтің жолын қуып, «Жаңа таң» колхозының үшінші звеносы (басшысы Шақанов) 1944 жылы 40 га жерден Ш.Берсиевтің өсіріп шығарғанындай өнім алуға ант берді. Жаңатандықтар күндіз-түні жер қазып, арықтарды қазуда, құруда 2-3 көрсеткіштен еңбек етіп, тапсырманы уақытында орындады. Бірақ кейбір істерде мақсат орындалмады, өйткені ыстық кезінде егін суарылмай қалды, трактор У-2 егін суаруға жарамсыз болып шықты. Тары 60 см көтерілді. Шөптеу жұмыстары бүкіл әйелдер, жастар, оқушылардың күшімен қолмен жүргізілді.

Дмитрий Иванович Белыйдың бригадасы өзінің тракторшы жұмыстарын өте ұқыпты орындады.

Көктемгі егіс кезінде майдан онкүндіктерінде колхозшылар бүкіл салып, үлкен жетістіктерге қол жеткізді.

Колхоз басқармасы Буртовой және колхозшы әйел Тарануханың үлгісімен Дерновая, Дубровная, Загорюлько егістің уақытында жұмысқа өздерінің сиырларын жекті.

Жер жыртушылар екі мезгіл жұмыс жасап, өздерінің тапсырмаларын 120-125 % орындады. 1944 жылдың 25 мауысымында Жайсаңда көпшілік қатысқан ерекше мереке өтті. Жайсаң бөгетінің салтанатты ашылуына 500-ден астам адам қатысты. Бұл құрылыстың тек қана Энгельс атындағы колхозы үшін емес, басқа көрші колхоздары үшін де маңызы зор еді. Бөгеттің сыйымдылығы – 400000 кубометр, тереңдігі – 4 метр. Бұл үлкен су қоймасы болды, 1944 жылы 400 га жерді суаруға жетті.

Студенческий поселкісінің тарихы да ерекше қызықты. Ертеде осы жерге жас геолог-студенттер көшіп келіп, содан оны Студенческий деп кеткен. Сол кездерде жастар бірінші болып қоныстанып, 1944 жылы сол жерде егін суаруға арналған құрылысты ұйымдастырды. Енді тарихқа көп жүгіне бермейік... Жастардың 11 шақырымдық үлкен канал салудағы еңбегін айта кету керек. Сталин атындағы колхозда бұл канал мыңдаған гектар жерге су жіберіп, 6 колхоздың егіс далаларын сумен қамтыған. Қия өзенінің Бөртеге

құятын жерінде су жүретін үлкен каналдың үлкен құрылысы басталды. Норма бойынша 6 кубометр судың орнына 30 кубометр суды жіберуге тек қана жігіттер емес, қыздар да қатысты.

30 наурызда осы канал салуға ауданнан 70 жас жігіт пен қыз келді. Барлығы осы каналдың құрылысына 350 жас адам қатысты. Құрылыс наурызда басталып, шілдеде аяқталды. Алғашқы каналмен су жіберілгеніне үлкен салтанатты той өткізілді. 2 шілдені – су жіберетін күнді, құрылысшылармен бірге бүкіл аудан халқы күтті. Әрбір колхоздан қонақтар келді. Салтанатты ашылу жиынға 700-ден астам адам қатысты. Обкомның хатшысы құрылысшыларға жалынды сәлемін, үлкен алғысын айта келді. Жас құрылысшылар Катя Беззуб және Николай Глухов алғашқы судың каналмен ағуына жол ашты. Міне, су келді! Су жүрді! Осы қуанышты күнді бәрі күткен еді. Қуанышқа шек жоқ. Жарқыраған сәуледей қыздар арыққа гүлдер лақтырып жатыр. Ол гүлдерді су ағысы ала жөнелді, су егінге қарай ақты. Шөлдеп тұрған егін жерлері сусындарын қандырып, жасыл кілемдей құлпырып кетті. Әрбір құрылысшының жүрегі қуанышқа толы.

Жалпы айтқанда, 1944 жылы 32 су құрылыстары жасалды, олар 6000 га жерді суға қамтыды. Осы үлкен іске еңбекке жарамды аудан тұрғындары шақырылды. Құрылысқа демалыс күндері де пайдаланды.

Тылда қалған аз ғана механизаторлар тәуілік бойы жұмыс істеді – ұйқысыз, демалыссыз. Бүкіл соғыс жылдары бойы Құрметті тақтадан Мәртөк МТС-ның комбайншысы Гусев Даниил Трофимовичтің есімі кетпеді. Комбайншылар Богатырев, Ф.Пчела, А.Усенко, Т.Иваницкий, Н.Поник, Екатерина Воробьевская, тракторшылар Агасан Мусина «Жаңа Елек» колхозынан, Третьяченко Екатерина мен Ольга Швачко есіл еңбегі үлгісін көрсетті. Соғыс жылдары майдангерлердің жанұяларына үлкен көмек берілді. Мәртөкте майдангерлердің балаларына үлкен асхана ашылды, онда 200 бала тамақтанды. Балаларды жақсы тамақтандыру үшін балық және құс аулауға, көкөніс теруге бригадалар ұйымдастырылып, жіберілді. 1944 жылдың сәуір айында майдангерлердің балаларына үкімет көмек ретінде 32 пар бөтенке, 30 костюм, мата, сабын мен шай берілді.

Тек қана тылда емес, майданда да Мәртөк тұрғындары ерлік көрсетті. 3000 астам жерлесіміз Ұлы Отан соғысына қатысты. Соның

ішінде үлкен ерліктері үшін 5 жерлесіміз Ұлы Отна соғысында Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Олар: Ф.Ф.Озмитель, М.С.Кожемьякин, А.Г.Батуриц, К.Я.Губин, Е.Мазков.

Соғыс та өтті. Ел өз жараларын емдей бастады. Колхоздар мен совхоздарды бекіту, нығайту жұмыстары басталды. Мәртөкте де осы жұмыс жүрін жатты. Ауданға жаңа техника келіп, өндіріс кеңейтіле бастады.

Соғыстан кейінгі Мәртөк. Елге қиын уақытта біздің ауданды азық-түлікпен қамтамасыз етуге үлкен көңіл бөлінді. Мәртөкте мал бағатын 5 жеке табын болды. Тұрғындар малды кезекпен айдады. Малға шөпті колхоз, совхоздан жұмыс істеп алды. Кейде ауыл шаруашылық басшылары аудан тұрғындарын шөпті маялауға, жинауға шақыратын еді. Осы жұмыстың ақысы ретінде шөп берілетін еді.

Мәртөкте «Заготкожсырьё» мекемесі жұмыс істеді. Ол мекеме халыққа тері дайындап, өндейтін еді.

Диірмен астық басты. Элеватордың жанында жем тартатын зауыт жұмыс істеді.

Соғыстан кейінгі жылдары халық осылай азық-түлікпен қамтамасыз етіліп, үкіметке де көмектесті.

1948 жылдың 20 мамырында Орталық Республикалық баспасөздерінде былай жарияланды: «Мәртөкте механикаланған май зауытының құрылыс жұмыстары басталды, ол жылына 2 млн. центнер сүт өндіреді.»

Колхоздардың біріктіруі басталды. Мысалы, 1950 жылы бірнеше шағын ауылдардың біріктіруінен пайда болған Ленин атындағы колхозы 4 жылдың ішінде ірі экономикасы дамыған шаруашылығына айналды. Егер біріктіргенге дейін егін көлемі 3646 га, саунды сиыр саны – 286 болса, 1954 жылы Ленин атындағы колхоздың егін көлемі 2,5 есе өсті. осындай үлкен өзгерістер басқа да шаруашылықтарда болды.

Аудан басшылығы мал санын көбейтуден басқа құс пен құс жұмыртқасын көбейту мәселесімен айналыса бастады. Жергілікті инкубатор станциясының құрылысы басталды. Алғашқы өнімі 1950 жылы алынды. Бір маусымда 230 мың балапан шығарылатын еді. Бұл өнім ауданды жартылай қамтамасыз ететін.

1951 жыл Аудан тұрғындары көктемде көркейту, көгалдандыру жұмыстарын өткізетін еді. Кейін көлдің құрылысы аяқталды. Темір

жол астынан көлдің суын толықтыратын екі құбыр салынды. Отырғызылған ағаштар мен гүлдерді суару үшін көше бойы арықтар қазылды. Сонымен қатар өлген ағаштардың орнына қайта ағаш отырғызылып, 15 мың сәнді өсімдік отырғызылды. Адамдар қолдарына күрек, зембіл, кейбіреулері ат жегіп, жұмыс күні біткеннен кейін тал отырғызуға шығатын еді.

Осындай жұмыс нәтижесінде ауданда 5180 астам көшеттер мен жеміс-жидек талдары отырғызылды.

50-ші жылдары Мәртөк жастары үшін кешкі мектеп ашылды. Оның басшысы Константин Яковлевич Яблуновский болды.

1953 жылы ауданда соқырлар ұйымы құрылды. Бұл ұйым аудандағы мүгедектердің мәселелерімен айналысатын болды. Оларды оқуға, жұмысқа орналастырып, басқа да көмек көрсетуді ұйымдастырды. Осы қоғам мүшелері жылына 1 рет Мәртөкте конференция өткізетін еді.

50-ші жылдары аудан тарихында ауыл шаруашылығының көтерілу жылдары болып саналады. 1954 жылы Наурыз Пленумында өндірістің шұғыл өсуі бойынша бағдарлама қабылданды. 18 науырызда Мәртөкте партактив өтті, онда «Астықтың өндірілуі және тың мен тыңайған жерлерді игеру» мәселесі қаралды. Осыған орай ауданымызда 1954 – 1959 жылдары 25 мың тың мен тыңайған жерді игеру жөніндегі нақтылы іс-шаралар белгіленді.

Сол уақытта біздің аудан облыс бойынша алдыңғы қатарда болды. Колхоздардың табыстары 1953 жылы бұрынғы жылдарға қарағанда 15,8 млн сомға көбейді, ал колхозшылар күніне 6 келі нан және 2 сомнан бастап 7,5 сомға дейін алатын еді. Бірақ ауыл шаруашылығының даму деңгейі партияның тың мен тыңайған жерлерді игеру бойынша қойған талаптарына сай келмеді. Механизация болған жоқ. Адамдар қолдарына күрек алып, астық тиеп, жем берді. Малдың астын тазартып, малды суару да қолмен жасалды. Астықпульттер, астық тиегіш машиналар, электромоторлар ол кезде аз болатын. Жергілікті электрстанциялардың қуаты аз болды, кейбір ауылдарда тіпті болған жоқ.

Техника жетіскен жоқ. Бүкіл ауданда тек қана 325 дөңгелекті және шынжыр табанды тракторлар және 172 комбайн бар еді. Олардың тозығы жетіп, жөндеуден шықпайтын еді. Тың уақытында шыққан ДТ – 54 тракторлары ауданға әлі жеткен жоқ. Көлік жағдайы

қиын еді. Машиналар болмағандықтан, шаруашылықтарда арба, атты шаналар қолданылды.

«Бізде 20 арба мен 2 машина бар. Арбаларды біз өздеріміз шеберханада жасаймыз, олар арзан және мықты болып шығады,» - деп сол уақыттағы үздік «Путь революции» (Рыбаковка) колхозының басшысы Кузьменко үлкен мақтанышпен айтатын.

«Свет» (Вознесеновка) колхозының трактор бригадасында 6 прицепті комбайн болса да, астық жинаған уақытта 2-3-і ғана жұмыс істеді.

Сонымен қатар маманданған кадрлар да жетіспеді. Инженерлер де, ауыл шаруашылығының басшылары да жоғары білімсіз болып, механизаторлар жетіспеді. Осындай жағдайда аудан тынды игеру жұмысына кіресе бастады.

Партияның үндеумен тыңның игеруіне өз еркімен мыңдаған адамдар келді. Бірінші айда ауданға 78 адам келді. Адамдар топ, отряд болып, отбасыларымен келе бастады. Олардың ішінде 40 адам Кировтан, 57 адам Харьков облысынан, 200 шақты адам Запорожьеден қоныс аударды.

Қазақстан астанасы Алматыдан алғашқы келген энтузиаст-комсомолдарды салтанатты қарсы алды.

Сол жылдардағы жастардың патриоттық екпіні туралы комсомол Мария Власова «Сталинское знамя» газетінің беттерінде былай деді: «біздің әке-шешелеріміз, аға-әпкелеріміз Россия патшалығының қираған орнына Кеңес Үкіметін орнатып, жаңа қоғам құрды. Оларға сонда жеңіл болды ма? Оларға бізге қарағанда жүз есе қиын еді. Бірақ олар сонда да қойған мақсаттарына жетті. Біз де, қазіргі жас ұрпақ, өзіміздің қойған мақсат, міндеттерімізге жетеміз және барлық қиындықтарды жеңіп, бізге білдірген сенімді ақтаймыз.»

Тың ата-баба жерінде туып-өскендердің де, алғашқы 1954 жылдың көктемінде келгендердің де, кейінірек астық үшін үлкен күреске түскендердің де — бәрінің де табандылығын, беріктік, достық сезімдерін сынға түсірді. Тың олардың мінездерін шынықтырды. Бұл жазық далаға жас энтузиастар тиелген эшелондар бірінен артынан бірі келіп жатты. Тың игерушілер облстық «Жем дайындау» кеңсесінің қасына келіп жатты, ол алыстан кішкене вокзал секілді еді. Кеңсенің қасы чемодандар, тамақ салынған бумалар, басқа да заттарға толып жатты. Басқарма кабинетінің алды билет

кассасы сияқты халыққа толы. Онда келген тың игерушілерге бағыттама беріліп жатыр. Жастардың арасында күлкі, көңілді әңгімелер естіледі. Бұрын қазақ жерінде естілмеген: орыс, украин, латыш, литов, армян, грузин, молдаван мен эстон және т.б. тілдерде өлең, әңгімелер естіледі.

Біздің ауданда 1954 – 1955 жылдары 25 мың гектар тың және тыңайған жерлерді игеру бойынша нақтылы шаралар белгіленді. 1955 жылдың аяғында белгіленген жоспар 5 мың гектар артық орындалды. Тыңды игеріп, үлкен астықты жинауға келген жас патриоттардың арасында Ярослав облысынан келгендері де болды. Ленин атындағы колхозға Яровлав облысы Шербаков қаласындағы педагогикалық институтының 48 студенті келген еді. Алғашқы уақытқа оларға өте қиын болды. Оларды қай жұмысқа жіберсе де, бар ынтасымен жұмыс істейді. Қыздар қолдарын бингпен байлап алып, шөп үйісті, жем лақтырысты. Сөйтіп жұмысқа кірісіп кетті.

Ново-Федоровканың ауылының орталық қырманында келген қыздар мен жігіттер де жұмысқа бірден кірісіп кетті. Ярославтықтар бір ауысымда бір жарым көрсеткіш беретін еді. Олар комбайндармен қырманға келген астықты кідірмей түсіріп тастайтын. Ярославтан келген тыңшылар Шевченко селосында да жұмыс істеді. Күн сайын комбайндардан қырманға 300-360 ц. астық түскен.

Украинаның Николаев обласынан біздің ауданға комбайншылар өздерінің комбайндарымен келді. Олар Калинин атындағы колхозының астық далаларында еңбек етті. Күн сайын олар 16-18 гектар астық орды.

«Заветы Ильича» колхозында Молдавиядан келген комбайншы Иван Рошу жұмыс істеді. Тың игерушілердің бір тобы Степановка, Андреевка, Шевченко, Жайсаң ауылдарына келді.

Тың игеруге келген комсомолдармен бірге жергілікті жастар да жұмысқа белсене қатысты. Ауданда ондаған тың игеру бригадалары құрылды. Сол 1954 жылдың көктемгі күндерінен жарты ғасыр уақыт өтті. Қазір біз «тың адамға бағынды» деп мақтанышпен айта аламыз. жігерлі, табанды еңбегі үшін жер адамдарға алғыс ретінде мың және миллионнан астам пұт нан сыйлыққа тартты. Бағынған тыңның бізге әкелген пайдасын сандар арқылы көрсеткім келеді. Ауданымызда тың игеру алғашқы бес жылдың ішінде 93 мың жерлері жыртылды. Соның ішінде 54 мың тың жер жыртылды. өткен жылдармен салыстырғанда астық даласының қаншалықты өзгергені

көрінеді. 1953 жылы ауданның егіс аумағы 95188 га құрды, немесе 2,5 есе өсті. Біздің ауданымыз астықты 1955 жылы мемлекетімізге 1,2 миллион пұт, ал 1974 жылы жеті есе артық сатты.

Тыңды игерген жылдардан кейін, 1975 жылға дейін, ауданымыз мемлекетке 90 миллионға жуық пұт нан сатты.

1956 жылы біздің Мәртөк элеватор жоғары көрсеткіштерге жеткені үшін КСРО-ның III-ші премиясына ие болды. Оның аумағында үлкен көлемде астық өнімдерін қабылдау, қайта өндіру, сақтау жұмыстарынан басқа үлкен құрылыс жүріп жатты.

Аудандық ауыл шаруашылық басқармасының қасында, элеватордың кіреберіс есігіне қарама-қарсы бес ай ішінде кірпіштен жаңа жөндеу шеберханасының, токарьлар және ұсталар цехтарының, электрцехінің, автомобиль, тасымалдау және басқа жабдықтарды жөндеу шеберханасының қабырғалары көтерілді. Осыдан басқа элеватордың аумағында бидай қоймасының іргесі салынды, қойманың сыйымдылығы – 3200 тонна, ал 2,5 айдан кейін пайдалануға берілді.

Тың тек көп астықпен ғана қуантып қойған жоқ, сонымен бірге мал шаруашылығының дамуына әсерін тигізді.

1955 жылы ауданның ауыл шаруашылығында 15740 ірі мал, 1874 шошқа, 44762 бас қой болды.

Тың игерген жылдары ауданымызға не берді? 1955 жылы ауыл шаруашылық дақылдарын егу аумағы 1954 жылмен салыстырғанда 25 % көбейді, соның ішінде ең маңызды бидай – 70,3, тары – 33,6, жүгері – 9,7 есе көбейді. Егін аумағының үлкеюіне Ново-Федоровка аумағындағы колхоздары жоғары көрсеткіштерге жетті, бұрынғы жылдары бүкіл дақылдардың егісін 49,5%, ал Жайсаң аумағындағы колхоздар – 27% көбейтті.

1955 жылдың аяғында ауданымызда тың жерлерін көтеру бойынша жоспары (25 мың га) 5 мың га артық орындалды. Аудан шаруашылығында алғашқы үш жыл ішінде 73 мың гектар жаңа жер игерілді.

Жерді игерумен қатар ауданымызда тоған, құдық, құбыр және суару желісін өткізу жұмыстары жүргізілді. 34 су қоймасы, 35 құдық шахталары және 2 суару құбыры салынды. 1957 жылы 30 жемсалғыш пен 3 аспалы жол орнатылды.

Аудан шаруашылығы тың жылдары автокөлік, трактор,

комбайндар мен басқа ауыл шаруашылық көліктеріне толды. Мал шаруашылық өнімдері мен шикізаттарды тапсыру көлемі және өнімділігі ұлғайды. Бір жылдың ішінде 1954 жылмен салыстырғанда ет тапсырысы 60 % көбейді, соның ішінде сүт 21%, жүн 22,5 % жұмыртқа 87% көбейді. Бір жылда ауданда 17 сиыр қора, 9 бұзау қора, 10 қой қора, 7 клуб және 287 тұрғын үйлер салынды.

Қарттар тың игеру тарихынан көп қызық оқиғаларды еске алады. Олар тек қуанышты күндерді емес, күнішті күндерін де еске алады. Тыңды игерген уақытта қара дауыл, жер эрозиясы, ғасырлар бойы қозғаусыз жатқан жерлерді жырту сияқты қиындықтарға кез болып, осы сынақтар да өткен.

Жайсаңның баяғы тұрғындары бір оқиғаны осы күнге дейін есіне алады. Ауылдың артында дала болатын. Онда сордан басқа ештеңе өспейтін. 1941 жылы қыста қар мол болып, көктемде Елек өзені тасып, сол дала суға батты. Су кеткеннен кейін онда қамыс пен лай қалатын еді. Уақыт өте ол жер шалғынға айналды. Шөп биік болып, беліне дейін жететін еді. 1954 жылы ол жерді жыртып, астында жатқан сорды сыртқа шығарды. Бұл жер егін дала немесе шалғын бола алмады.

Тыңшыларды сәтсіздіктер жеңген жоқ, керісінше жаңа бабын іздеуге итерді. Екі жыл өткен соң Мәртөк ауданына Томбов облысының Мичуринск қаласынан 500 жігіт пен қыз келді. Студенттердің үштен екі бөлігі «Держинск» атындағы совхозға жіберілді. Оларды қырманда жалау мен транспаранттар іліп, қуанышпен қарсы алды.

Химико-биологиялық бөлімінің 20 студент қызы Степь ауылына орналасты. Егер оларды ата-аналары көргенде, өз қыздарын танымас еді, себебі олар күнге күйіп, шынықты. Оларға көп жұмыс, қызық экскурсиялар, жақсы тамақ, қатты ұйқы – бәрі пайдалы болды. Жайсаңның астық беретін совхоздарының арасында Степь ауылы ең үздігі еді. Жайсаң ауылының төңірегінде, Елек өзенінің арғы жағында жаңа ауыл тұрғызылды. Тыңшылар Октябрь революциясының 40 жылдығын тойлаған күні сол ауылдың қоныс тойын да атап өтті. Степановка мен Ново-Федоровка ауылдарында құрылыс кеңейіп, бір жыл ішінде 40 тұрғын үй салынды. 4 клуб, наубайхана, мектеп, 90 жеке үй салынды.

Мәртөк жерінде бірінші рет тойланған өнім мерекесінде нантұзды құрметті қонақтарға тек бір ғана кісі емес, кездесулерге келген

қатысушылардың көбісі сыйлады. Нанды қолдан-қолға комбайншы – жүргізушіге, жүргізуші – агрономға беріп тұрды. Бұл дұрыс болатын, өйткені бұл адамдардың барлығы да нан өсіру жұмысына қатысты.

Ақ ауылдар кең байтақ далада күнмен шағылысып, сәтті күннің түрлі бояуларымен саяхатшылардың назарын аударып, біздің адамдардың еңбегімен жасалған әсем өмір жөнінде баяндап береді. Нан өсіретін адамдар осы ауылдарда тұрады. Нан – бүкіл халықтың рухани азығы, дүниедегі ең жоғары өлшем. Жерімізде нанды қасиетті нәрселердің бірі деп тұтқан. Сондықтан тың – Отан тарихымыздың мақтанышы.

20 жылдан кейін ірі малдың саны үш есе, шошқаның саны он есе көбейді. Мал шаруашылық өнімдері бірталай көбейді. 1953 жылы колхоздар мен совхоздар мемлекетке 13617 ц. ет, 36637 ц. сүт сатты. 1974 жылы мемлекет аудан шаруашылықтарынан 63306 ц. ет, 199039 ц. сүт алды. Ет тапсыру көлемі 4 есе, сүт – 6 есе; жүн – 1,7 есе өсті. Үкімет ауыл шаруашылығында болып жатқан істерге ықпал етіп, ақшалай көмек көрсетіп, ауыл шаруашылығының жағдайын жақсартты. Тыңды игерерде ауданда 325 трактор, 172 комбайн болды, орта есеппен алғанда, бұл әр шаруашылықта 2-3 автокөлік деген сөз. 1975 жылы колхоздар мен совхоздарда 1152 трактор, соның ішінде 93 қуатты К-700, 647 комбайн, 500-ден артық автомашиналар болды. Егін жинау кезінде біздің аудан үлкен жетістіктерге жетті. 5 жыл ішінде 40 миллион пұт нан сатылды. Ауданымызда 1968 жылы өнім көп шығып, бір гектардан 15,8 центнерден алынды, ал мемлекетке 14,7 пұт нан сатылды. Мемлекет жоспарының тапсырмасы 247,4 % орындалды. Ірі мал мен шошқа саны көбейіп, өнім беру мөлшері едәуір көтерілді.

Тың мен тыңайған жерлерді игеру ісі ауыл шаруашылықтың, бүкіл экономика мен мәдениеттің, сонымен қатар маңызы зор саласының – мал шаруашылығының дамуының алғы шарты болды. Машина-трактор тұрақтары мен колхоздарының орнында 3 ірі совхоз құрылды. Олардың аумағында кейін 5 совхоз құрылды, солардың «Первомайский» совхозы шошқа бағумен айналысты, «Мартукский» совхозы (Қаратоғайдағы) 1976 жылдан бастап аудандағы ірі малды бағып-өсіру жөніндегі аудандық арнаулы шаруашылық құрылымға ауыстырылды. Орта есеппен 100 га егіс

даласына 4 ірі мал келетін еді, 70 жылдары ірі мал саны 2,5 есе көбейді.

Тыңды игеру алғашқы жылдары барлық жерлерде бірдей жердің құнарлы бірінші қабатын құртатын жерді аударып жырту, топырақты түрлі құралдармен өңдеу жүйесі қолданылған. Бұл жел эрозиясының жайылуына әкеліп соқты, ал бұл егіннің өнімділігіне әсерін тигізді. Мемлекетіміз еңбекшілерді эрозияға қарсы арнайы техникамен қамтамасыз етті. Сопақ соқалардың, сыдыра жыртатын құралдардың орнына жалпақ кесетін, терең жыртатын қопсытқыштар, иіе сияқты тырмалар қолданыла бастады, ал кәдімгі тұқым сепкіш орнына өзекті қолданыла бастады.

Ауданда дән шаруашылығына да назар аударылды. Бұған Дмитриевкада орналасқан тұқымды сынақтан өткізу учаскісі үлкен көмек көрсетті. 1937 жылдан бастап мұнда жергілікті ауа райына бейімделген, өнімділігі жоғары жаңа сұрыпты шығару бойынша зерттеу жұмыстары жүріп жатты.

Тыңды игеру материалды-техникалық жағдайының нығайуына септігін тигізді. Алғашқы жылдары мемлекеттің көмегінің арқасында трактор паркі 90 трактор, 100 астам комбайн және басқа да ауыл шаруашылық техникасына толды.

Үлкен автопаркінің болуы Мәртөкте автобаза салуды қажет етті. Оның аумағында 10 автомашина сиятын жөндеу шеберханасы салынды. Автобазаның қасында мамандар үшін екі пәтерлі тұрғын үйдің іргесі салынды.

Басқару және инженер-техникалық кадрлардың сапалық құрамы жақсарды. Тыңды игергеннен бір жылдан кейін ғана ауыл шаруашылығының 10 маманы колхоз өндірісін басқара бастады, жоғары және орта білімді 9 маман директор, бас инженер және МТС меңгерушілері ретінде қызмет атқарды. Колхоздарда 31 агроном, зоотехник, 800 астам тракторшы, комбайншы, трактор бригадаларының басқарушылары жұмыс жасады. Көптеген механизаторлар мен орта буынды ауыл шаруашылық мамандары Жоса және Жайсаң механизация мектептерінде даярланды. Ол уақытта бұл үлкен алға басушылық болып саналды.

Тың жерлерін игеру жұмыстары ауданымыздың экономикасының өсуіне жағымды әсер етті. Сол жылдары Мәртөкте үлкен құрылыс жүріп жатты.

1955 жылының жаңа құрылыстары – 4 малқора, 5 автогараж, 4

клуб, 3 балабақша, 3 электростанция, 2 артель басқармасы, 256 тұрғын үй.

1957 жылдың 1 тамызына дейін Мәртөк ауданының радиофикациясы аяқталды. 1955 жылдың 31 шілдеде Мәртөкте 300 орынды жазғы кинотеатр ашылды. 1956 жылы Мәртөкте универмаг дүкені, шайқана («Ақсу» кафесі), пошта өз есіктерін ашты. 1957 жылы телефон станциясының қайта құрылысы басталды.

1952 жылы келушілердің өз еркімен берген ақшаларына православ шіркеуі салына бастады. Бұрын Мәртөкте Әуезов көшесі мен Мир-Хайдаров көшелерінде мінажат үйлері болатын, кейін В.Комендантының құрылысы аяқталмаған үйін сатып алып, мехрапы мен звоницасы бар шіркеу салынды. Онда Дашевский мен С.Муляр священниктері (әр қайсысы 30 жылдан) қызмет етті. Бүгінгі күннің өзінде де аудан келушілерінің мәңгілік сақтауына әкеліп берген өулиелердің суреттері иконостасты безендіріп тұр. Отец Стефанидің әкелген қоңыраулары мәртөктіктер үшін үлкен мақтанш.

1957 жылы 13 шілдеде Мәртөкте шағын шіркеу ашылды. Білімді жинақталған қауым Алғашында қарттар жиналып бірге табынып, уағыздарды тыңдады. Әр жыл сайын келушілеркөбейіп, шақырылған жерге жиналатын. Осылай келе сенушілер «Шіркеуге татынушылар» қауымына жинақталды. Қауымдастықтың алғашқы жиналысына 1957 жылы 7 сәуір күні Вальдеде 100 адам жиналды. Бөлменің тарлығы қиындық тудырды. Қаудамдастық мүшелері тек жексенбі күні шақырылды.

1958 жылы 20 шілдеде Мәртөкте алғашқы шоқындыру басталды. Оны 11 адам қабылдады. Қауымдастықтың қиындығы бөлме - тарлығында болды. Шіркеу қажет болды. Сенушілер алғашында салынып бітпеген үйді тапты. Барлық құрылыс жабдықтарын өздері іздеп тапты. Кешкілік, жұмыстан босаған кезде барлық мүшелері жиналып, құрылысты жалғастырды. 1975 жылы 10 тамызда барлық қауымдастық мүшелері үшін бақытты күн - «Үйді жарықтандыру күні» болды.

Мәртөк орталығында (МТС) саябақ жұмыс істеді. Жұмысшылар күніне 522, 3-4 ағаштар отырғызылды. Шаруашылық техника мекемесінде 200 адамдық клуб ашылды.

Рауль Мир-Хайдаровтың «Ранняя печаль» кітабында елуінші жылдарда Мәртөктің қалыпқа келе бастауын жазады. Немістер

Мәртөкті жаңартуына үлес қосты. Ауыл-шаруашылық техника кәсіпорны – ең ірі кәсіпорын болды. Барлық аудандардың ауыл-шаруашылық техникаларын жөндеу нәтижесінде еліміздегі шаруашылық аудандарының бірі болды. Ауыл шаруашылық техника кәсіпорнына 550 трактор жөндеу керек болса, 580-ін артығымен жөндеп шығарды. Жөндеу жұмыстарын жақсы әрі сапалы жасауға тырысты, әрине қиындықтар да болды, бірақ ұжым барлығын жетістіріп отырды.

«Қаз.шар. техника» 1966 жылы әр күн сайын қақпадан 1 трактордан шығарды. Әр күн сайын жөндеу жұмысы жанданып, қараша аяғында 1968 жылы күн сайын жөнделген 3 трактордан шығарылды. Бұл жұмысшылардың талмай еңбек етуінің нәтижесі. Әсіресе жақсы көсеткіштер көрсеткен К.Руф, И. Мягкий, Э.Кехлер, Л. Ситко, В.Петерс және т.б.

Біздің шеберлер ауа-райының өзгерісіне қарамастан Қобдадан, Комсомолдан, Қарабұтақтан және т.б. аудандардан тракторлар жөндеуге әкеліп жатты. Комбайн жөндеуде 1968 жылы көптеген жетістіктерге жетті. 20 желтоқсан айында жоспар бойынша 150 болса, 170-і жөнделді. Ал 1969 жылдан бастап жаңа комбайн жөндеу цехі ашылды. Онда комбайнға қажетті жабдықтардың барлығы табылды. Бұрын 7 айда 7-8 комбайн жөндеуден өтсе, келе-келе 18-19, 1 жылда цехтан 146 жөнделген комбайн шығарылды.

Мәртөк аудандық «Қаз. Шар. Тех-к» бірлестігінде жас кәсіпкерлер болды. Жұмысшылардың жартысы әскерден келген жігіттер үлкен ықыласпен еңбек етті. Газосварщик, токарь, шлифовальщик, слесарлар болды. Жас мамандарды ұжымдық-жастар бригадасына 5 адамнан біріктіріп, жарыстар өткізіліп тұрды. Жұмысшылар ауылы көріктеніп келе жатты. «Қаз. шар-к тех.» әр жылсайын 2,3 және 1 комнатты үйлер қонысын тойлап жатты. Орталық адамдарды өзіне тартты. 2 мектеп жетерлік еді. Сонымен қатар, 13 шілде 1959 жылы Қызыл-жар ауылына 10 машина жаңа мектепке тас, фундамент әкелуге жіберілді (МОН №3). Арақашықтығы 50 км., сондықтан адамдар ертерек келді. Жексенбілік жақсы өтті, бірақ тасты жаруға өте қиын болды. Жексенбілікке 180 адам қатысты.

Екі ай өткеннен кейін Мәртөкке қайтадан жексенбілік болды, онда мектеп оқушылары, жүргізушілер, т.б. жұмыс жасап жатты. «Южэлеватормельстрой» мектептің тез аяқталуына 55 рейс жасаған

18 автомашина жіберді. Құрылысқа 100 кубометр тас тасылды. Құрылыс алаңында траншея ұзындығы 38 кубометр 70 грунт шығарған.

Бейбіт, жігерлі мұғалімдер еңбегі жетістікке жетті. 1964 жылы жаңа мектептің алғашқы қонырауы соғылды.

Мәртөктегі 60 жылдар басындағы келесі ең ірі құрылыс элеватордің құрылысы еді. Халық құрылысқа жұмыла кірісті. Халық саны 8 мың адамға жетті.

«Бізге үй салу түк емес»- деп әзілдейтін құрылысшылар. 2 апта ішінде 2 қабатты 16 квартирасы бар үйлер Мәртөк шетінде бой көтерді.

70 жылдардың басында біздің ауылда екпінді құрылыс жүріп жатты. Бульдозер үні, машина гүрілі, соғылған дыбыс естілді. Автокрандар биікке көтерілді. Силикат үйінділері үйлерге айналып жатты.

Ауыл қандай болу керек еді? Әрине әрі қарай өсе бермек.

Кішкене ауыл қысқартылған кішкене қалаға айналмақ.

Мәртөкті қалай көркейтуге болады, жақын аралықта ол қандай болу тиіс? Осындай сұрақтар сәулетшілерге маза бермеді. Міне ауыл құрылысы басталды. Көз алдында ауыл көркі өзгере бастады. Мәртөкте ескі бірнеше үй ғана сақталынып, жер үйлер шифермен жабдықталды. Блоктық және кірпіш үйлер көтерілді.

Ауыл орталығында – контор, дүкен, клуб, мектеп жол аймағында арналасқан. Жаңа үйлер бір көшеге тізбектелді. Әр үйге қажетті жер бөлігі қалдырылды. Ленин көшесінде (Көкіұлы) ауылдық адамдардың қажетіне 2 қабатты үйлер салынды. Үйде 2 ден 16 пәтер болды. Біріншісі – кіреберіс, үлкен қойма, және ортақ бөлме (асхана), дәретхана т.б. Әрбір пәтердің бау-бақшасы да болды. Осы уақытта сәулетшілер жеке құрылысқа 120 әртүрлі проект ұсынды. Барлық пәтерде қалалық үлгідегі асхана, алдыңғы және қойма бөлмелерінен үлкен болды.

Мәртөкте 1965 жылы 2 қабатты үйлермен бірге жаңа универмаг, райбыткомбинат жаңартылып, жаңа көшелер бой көтерді. Комсомол, Коммунальный, Совет, К.Маркс, Ульяновский... Үйлердің жанына 7 мың ағаш егілді. Көптеген тұрғындардың бақшасы гүлдеді. Барлығы да көз қуантады.

Селолық советте, атқарушы комитетінің шешімі бойынша жаңа үйлерге номерлер берілу керек еді. Батыстан бастап, шығыс бөлігін

камтиды. Огородная, Мостовая, Октябрь, Первомайская, Дорожная, Панфилов. Садовая, Больничная, Кооперативная, Комсомольская, Промышленная, Ульяновская, Почтовая, Коммунальная, Транспортная, Стрелковая, Чкаловская, Заводская, Калинина, Партизанская, Водопроводная, Темір жол станциясы маңындағы көше «Вокзал» көшесі атанды. 1961 жылы қаңтар айында үйлерді нөмерлеу аяқталды. Үй қожалары Мәртөк райкомхозға белгілерді әкелу керек болды, әйтпесе айып төленетін болды. Мәртөк селосындағы жолдардың дұрыс орналасуы жұмыс схемасымен бақыланып отырды. 1967 жылы жобалау-қисап құжаттар жасалынып, су жіберілу аумағы, жисктерді тегістеу және тротуарлар құрлысы қолға алынды.

«Абай» көшесі деп бұл көше кейінірек атанды. Бірінші «Запорожская» деп, сонан соң «50 лет Октября» деп атанған. Ол онша кең емес, бірақ жаз мезгілінде стадион үйлерімен және әдемі қақпалармен ерекшеленеді. Мұнда Мәртөк лесхозының кеңсесі де орналасқан. Бірінші көзге түсетіні: «Табиғатты сақтаңдар» және «Орман – біздің байлығымыз» деген плакаттар.

Қазір Қазақстан жағына барар жолда жас орман өсіп тұр. Бұрын жергілікті тұрғындар, бұл жерде ағаш өседі десе сенбес еді. Қателесіпті, қалай өсіп жатыр десенші!. Бұдан адамның табиғаты игере алатынын көруге болады.

60 жылдардан бастап орталық көшелерде ағаштар өсіріле бастады. Көз қуантатын – жолдағы Жаңа Таң орманы, оң жақ бөлігінде көптеген ағаш бұталар өсіп келеді. Бұл көшеттер ашық даланы әдемі, тардымды етіп көрсетеді. Бұрын колхозшылар бұл көшеттерді қолымен отырғызса, қазір машина қолданылады. Мәртөк маңында жас емендер шуылы естіледі. Бұл Мәртөк орманшыларының еңбегі. Олар біздің даланы орманмен, бақпен безедіреді. Орман 1964 жылы ұйымдастырылды. Орманшыларға алғаш кезде оңайға тиген жоқ. Техника жетіспеушілігінен көп жұмысты қолмен жасауға тура келді. Оған қарамастан ұжым 174 га ағаштар отырғызды. Жұмысшылардың көшеттерді күтуінің арқасында жас ағаштар жақсы гүлдеді.

Бұл жетістік тек халықты ғана емес, жұмысшыларды да қуантты – сусыз аймақта әртүрлі, бағалы ағаштардың егілді. Орман ұжымы тапсырманы табысты орындады. 2000 га жерге жас ағаштар, 47 га жерге алма ағашы, жеміс ағаштары отырғызылды. Орманға барлық жан-тәнімен берілген орманшы – Жиенбаев.

Әр жыл сайын орман шаруашылығы жаңа техникамен толықты, жұмыс күші көбейді. Машина қол жұмысын ауыстырды, өндіріс артты. 1969 жылы шаруашылықта 17 трактор, 15 орман шаруашылық машинасы, кескіштер, 6 вибрациялы культиватор машинасы болды.

Тек алғашқы 5 жылдың ішінде орман жұмысшылары 2072 га орман, колхоз және совхоз бөлігінің 145 га, 56 га жеміс ағаш отырғызды. Шағын орман 6-10 адам ғана жұмыс жасаған шаруашылығынан 150 адамдық ірі шаруашылыққа шейін өсті.

Мәртөктің шеткі аймағы кеңейді, ол жерде орман жұмысшыларына үйлер тұрғызылды, машина-трактор жөндейтін шеберхана болды.

Орталық жылытқыш құбыр жүйесінің кеңсесі, «Елочка» балабақшасын, шеберхананы және үйлерді жылытты. 1969 жылы орман жұмысшылары 550 га орман, 10 га бақша екті. 95 га ашық алаң қорғауға алынды. Өзара жарыса отырып, көптеген жұмысшылар өздерін еңбекте батырлық ерлігін көрсетті. Олардың ішінде ерекше көзге түскен С.Алейников, А. Покатил, Д.Конрад, М. Айтмағанбетов, Х.Жалменов механизаторлары, М.Степаненко, Н.Андрющенко, Б.Лунгол жүргізушілері, Е.Горнюк, Р.Гиль, П.Доброгорская, Е.Степаненко жұмысшылары. Біздің орман шаруашылығы тек көшеттер отырғызып қана қойған жоқ, орман және бақша өсірді, сонымен бірге көпшілік қолданатын күрек, сыпырғыш саптарын шығаратын цех болды. Бұл бұйымдар тек ауданның өзінде ғана емес, облыс, республикаға таралды. Кіріс 6 мың рубль құрады.

1970 жылы жоспарында: 500 жерге орман отырғызу, бақша аумағын кеңейту, орман тұқымын көбейту, колхоз, совхоздарды және басқа аудандағы орман шаруашылығын көркейту еді. Сол жылы орталық тұрғындар арасында жылдағы «Орман мен бақша айлығы» қайырымдылық акциясы өткізілді. Әрбір Мәртөк тұрғыны 25 қыркүйектен 25 қазанға дейін 1-2 ағаштан отырғызу керек болды. Қатысушыға отырғызу құрал-жабдықтарын орман шаруашылығы тегін берді.

Еңбекшілер бай астық өндірді. Сүт, ет беру жоспары толық орындалып, жүн беру жоспары орындала қойған жоқ. Біртіндеп астық ору аяқталды. Дала жолдарында күнделікті ауыр жүк машиналары астық тасыды. Нан өндіру тоқтаған жоқ. Әр күн сайын мемлекет қамбасы толып отырды. Әдетте тәулік бойы элеватор 600-

700 машина қабылдаса, кейде 890 машинаға жетті. Астық дайындау науқаны үшін еңбектің жанып тұрған уақыты. Тек астықты қабылдап алу ғана емес, оны бұзылудан сақтау керек болды. Күздік ауа-райының ылғалдылығы әсер етпей қоймады. Бірақ 1 сағатта 56 тонн және тәулігіне 1 мың тонн астықты кептіретін 4 кептіргіш болды.

1968-1969 жылдары егіншілер Отанға 126 мың тонн астық беру міндетті еді. Бұл міндет әр ұжымның алдында тұрды, алдағы жетістікке кету тұрды. Сөзге тұру үшін жердің әр гектарын қолданып, нәтиже шығару керек болды.

1968 жылы ауданға 500 комбайн және егін оратын машина әкелінді. 100 шақты автомашина астық тасуға жұмылдырылды.

187 мың га аумақтағы егістік алқабын егіншілер жинап алу керек болды. Адамдар нан үшін күреске түсті. Ал басқарушылар адамдар үшін жағдай жасаумен айналысты: жұмысшылар уақытында тамақтанып, ұйықтап, газет оқыды, әрбір бригада жылжымалы кітапхана болды.

1968 жылы шаруашылық ауданында тұрғын үй мен мәдени-тұрмыс жағдайлары қарала бастады. 100 тұрғын үй салынды. 3 мектеп, монша, асхана, спорт мекемелері, медициналық пункт.

Бұл жылы Мәртөк көшелерін жабдықтау басталды. Комсомлод Ульяновск көшелеріне асфальт жабылды. «Қазшартехникадан» темір жол станциясына дейін асфальт жолы төселді. Ленин көшесінде металдан жасалған жарықпен көріктендірілді. Мәртөктің шеткі аймақтары кеңейіп жарықтандырылды. Ленин көшесі мен тұрғын үйлерге жылу құбырлар тартылды.

60 жылдарың ортасында Мәртөк – Дмитриевка аралығында ұзындығы 20 км жаңа электр жолы тартылды. (Киров колхозы орналасқан жер.) Сым бойымен тоқ жүріп жатты. «Қазшартех» электростанциясынан ауыл үйлеріне электр қуаты жіберілді.

Адамның тұрмыстық жағдайына зор маңыз берілді. Орталық комбинатта тұрмыс жағдайына қызмет ететін тігін цехы ашылды. Кең зал. Екі қатарға 10 тігін машинасы орналастырылған. Терезеден түскен жарық қана емес, жарға ілінген күндізгі жарық лампалары болды.

Тұрмыс-жабдықтары бұрышында дайын киім, түрлі көрпелер бар еді. Ұжымда 60 адам болды. Үздік тігінші кадрлар қатарында Ектерина Лысова, Елизавета Диктер болатын. Олардың еңбек өтілі

көп болды. Олар жастарға тігінші мамандығын үйрете отырып, өз жұмысының әр қырын үйретті.

Колхоз, совхоздарда 1 жылда 14 мастерской ашылды. Мотоцикл және велосипед жөндеу енгізіліп, қосымша автомашина, бригадалар бөлінді. Онда етікші, шаштараз, сағат жөндеуші, электромонтерлер болды. 22 монша болды, 3 асхана салынды. Мәртөкте 15 км-ге созылған су құбыры салынды. Кинотеатр, мектеп-интернат, 4-8 бөлмелі үй, 2 асфальтталған көше, электр желісін жүргізу пункті құрылыстары кезекте тұрды.

Мәртөкте 1968 жылы кірпіш зауыты шаруашылық есебіне ауысты. Бұрын зауыт «Актюбжилстрой» трестіне бағынса, ал енді жергілікті органлар қарауына ілікті. Жылдық жоспар -1 млн 500 дана кірпіш.

Екі жыл өткен соң пеш қуаты артып, жылдық кірпіш – 10 млн данаға жетті. Кірпіш шығару сол кезге дейін маусымдық болып келді. Қыс мезгілінде жұмысшылар қысқартылып, оларға басқа мекемеледен жұмыс іздеу керек болды. Сондықтан тәжірибелі кадрларды сақтап қала алмады, техникалық процесс жетілмеді. Зауыт жаңа техника цехын ашып, еңбек ету процесін механикалау керек болды. Кірпіш тасу, төсеу, құю, сазды трансформаторға тарту жұмысы қолмен жасалынды. Тек қана пішнінің келтіру механикалық болды.

Қысқы мезгілде зауыт кадрларды жібермеу үшін, адамдарды жұмыспен қамтыды. Көмекші кәсіпорын ашып, 50 машинаға арналған тігін цехі, қараған сыпыртқысын жасау, жүн орамалдарын, жүн шулық тоқу, қыш бұйымдарын дайындау (мысалы, кеңінен қолданыста жүретін гүл өсіретін ыдыс) және т. б. жұмыстар атқарылды.

Бұл жұмыстар адамдардың еңбек өтілін сақтап, тек маусымдық жұмыспен ғана емес, жыл бойы жұмыс жасауға мүмкіндік берді. 1969 жылдың соңында Мәртөк тұрғындары өздері өндіретін сыра мен өз зауыттарынан шығатын әр түрлі нан өнімдерін пайдалана бастады. Орталықта жасыл желең көбейтілді. Мәртөк үйлерінде газплита қолданысқа енді. Тауар сатушылар алдында тұрғындарды тауармен қамтамасыз ету тапсырмасы тұрды.

Жоспар негізінде 16 млн сом тұратын тауар сатылу керек болды. Халықтың тұрмыс жағдайын жақсарту қарастырылды. Сонымен бірге сатушы мамандарын қатары өсіп, кадрларды дайындау, тәрбиелеу керегі тұрды.

Кооперативтік маман кадрлар толықты.

1966 жылы кәсіптік-мамандық бойынша 56 адам болса, 1968 жылы – 85 болды. Кооперативтік техникумның сырттай бөлімінде 47 адам оқиды.

Өткен жылы май зауытының жұмысшылары еңбек майданында танылды. Жоспар бойынша жалпы өнім 117,3% орындалса, жоспардан тыс 5300 центнер 5990 сарымай өндірілді. Сонымен қатар зауыт сүт, қурғақ сүт, балмұздақ шығарудан табысты еңбек етті. Осы жерден жылына 10 тонн сүт, қаймақ Ақтөбе қаласына жіберілді. Ол негізі сатып алушы. Қою сүт цехы ашылды. Кәсіпорынға 160 л ряженка бөлінсе, содан кеңейтіп сүт өнімдері цехы болды.

Автобаза ұжымы үшін халық шаруашылығына қажетті жүктерді тасымалдау 129% орындалды. Ал 70 жылдарда жүк тасымалдау 120 мың тоннаға, 2 есеге көп жолаушылар тасымалданды. Автобазада автобустар саны өсті

Егер 1968 жылы 11 болса, жарты жылды 16 болды. Бұл халыққа қызмет етуге жағдай жасады. Автобаза маңында құрылыс өндірісі артты. 13 орындық транспорт толық жөндеуден өтті, жұмысшыларға тұрғын үй және курсанттарға жатахана салынды, автостанция аумағына асфальт төселді.

60 жылдары әр дүйсенбі сайын кешкі 8-де селода жергілікті радио жұмыс жасауымен есте қалды. Радио 30-40 минут бойы хабарлар таратты. Жергілікті радио арнасында мұғалімдер, басшылар, ауыл шаруашылық мамандары сөз сөйледі. Олар аптадағы село жаналықтары, жұмыстан жетістіктер, көсеткіштер, мектеп өмірі туралы және тағы басқа заттарды айтты.

Ауданды радиофикациялау 10 жылдық жоспары 1958 жылы әзірленіп, өндірілген, бірақ 7 жылдан кейін 1965 жылы бұл жоспар 93,4 % орындалған. Ауданда 14 СРО байланыс министрлігінің және 18 колхоздық радиотораптары жұмыс жасады. Олардың 6152 радиоорны 37 елді-мекенге қызмет еткен.

70 жылдарға жақын аудандық электр шаруашылығы күрделіне бастады. Мәртөк аудандық электр торабы Ақтөбе электржелісінің басқармасы бойынша екінші орын алды. Жоғары вольттік жолдары 1000 км астамға созылды. 7 подстанция жұмыс жасады. Колхоз бен совхоздың 92 пайызы мемлекеттік желіге қосылды. 80 адамның орнына 48 адам жұмыс жасады. Ең тәжірибелі электриктер тоқпен жұмыс жасауға жіберілді. Ол уақытта олар аз еді. Жайсаң мен Жоса

ауылшаруашылық өндірістік-техникалық училищесінде ауылда жұмыс жасайтын электромонтерларды дайындайтын топтар құрылды. Егер бір подстанциясы жұмыстан шықса, бөтен подстанцияны қосады да, сынған подстанцияны бәрі бірігіп жөндейді.

1969 жылдан бастап жол құрылысының көлемі көбейді. Мәртөк – Қаратоғай, Жайсаң – Рыбаковка жолдарына гравит төселді.

Қаратоғай – Родниковка жолындағы көпірге ақша бөлінді. Ақырында асфаль-бетон зауыты мен ДЭУ-381 бойынша екі пәтерлі үйдің құрылысына қаржы бөлінді.

Жылдан-жылға аудандық мұғалімдер ұжымы көбейді. Педкадрлардың жалпы санына қарағанда, 55 мектептерде 261 жоғары білімді мұғалім болды. Мәртөктің соғысқа дейінгі жылдар деңгейі мен 1960 жылды салыстыру үшін кейбір сандарды сәйкестіру керек. 1966 жылмен салыстырғанда, 1937 жылы - 227 трактор, 1966 жылы – 1286 трактор болды. 1937 жылы 107 комбайн, 1966 жылы – 592 комбайн болды. 1937 жылы 47 автокөлік, 1966 жылы – 684 автокөлік болды. Радиоорын 1937 жылы – 402, 1966 жылы Мәртөктің екі көшесінің ғана радиомен қамтылуы бұл көрсеткіштен де көп болатын. 1966 жылы сауатсыздар мүлде болған жоқ. Өмір ағымы еңбекшілердің жалпы білім беру деңгейін көтеруін талап етті. Сондықтан жұмыстан қол үзбей білім алу кеңінен таралды. Ауыл жастарынан 500 адам Мәртөк, Жайсаң, Вознесенка кешкі мектептерінде және Коминтерн, Байторы орталау мектептерінде сырттай сыныптарында білім алды.

1925 жылы Мәртөкте 10 адамды жатқызып емдейтін алғашқы аурухана ашылды. Сонымен қатар ФАП болды. 1968 жылы ауданда 335 орынды аурухана және 38 ФАП болды. Жылына 5-6 мың адам қажетті стационарлық көмек алды. 158 дәрігерлік қызметкер, соның ішінде 15 дәрігер, 14 фельдшер, 155 орта білімді қызметкер, 100 жұмысшы персонал аудандық еңбекшілердің денсаулығын қорғаумен айналысты. Өз жұмысына берілгендер: Г.Ф.Ахметқалиева – Ново-Михайловка ауруханасының меңгерушісі, Ю.И.Горох – аудандық аурухананың терапевті, Ф.М.Темірова – аудандық аурухананың хирургі, В.С.Самойлова – Жайсаң ауруханасының фельдшері және т.б.

6 сынып оқушысы ира Клигун болашақта дарынды дәрігер Грищенко Ирина Федоровна 1968 жылдың 15 шілдедегі өз

шығармасын былай атады – «Өз пешемді мақтанып етемің». Ол: «Менің анам, А.П.Ершова – дәрігер, ол адамдарды емдейді, сондықтан мен өз шешемді өте жоғары бағалаймын. Оған қарасам: адамдарға пайдалы болу, қиын жағдайда көмектесу қандай ғажап екен деп ойлаймын! Өскесін мен де дәрігер боламын. Медициналық қызметкерлерге – адамгершілігі мол адамдарға – мол бақыт, ұзақ өмір тілеймін.»

Біздің ауданымызда «Қайрат» ерікті қоғам қызмет етті, оның төрағасы И.Шевцов еді. Мәртөкте 1964 жылдың 12-15 маусым аралығында Республика бойынша Ұлттық қазақша күрес сайысы өткізілді.

1968 жылы шілде айында Орал қаласында өткен «Алтын дән» жүлдесіне Мәртөктен футболшылар құрама командасы Аймақтық Республикалық қарсыға қатысты. Сол жарыста жүлдеге ие болып финалдық Республикалық ойындарға қатынасуға мүмкіндік алды. Финалда мәртөктіктер Шымкент, талдықорған, Целиноград күшті топтармен ойнады. Қорытында 2 ойынды жеңіспен, 2 ойынды жеңіліспен, 1 ойынды тепе-теңдікпен ойнап үшінші орынға ие болды.

Өткен жылдарға шолу жасағанда Мәртөктің сол мерзімде экономикалық жағдайының жақсаруын байқай аламыз. Сол кезде көптеген оқиғаларды басынан кешірген.

60-70 жылдары егін бітік бітіп, астықты өндіру ұлғайды. Бұдан 10 жыл бұрын астық өнімі 5-6 пайыз құрады. Астықты жылдары бір гектардан 11-12 пайыз, ал қолайлы жылдары 20 пайызға дейін жетті. Құрғақшылық жылдары да гектарынан 9 центнер өнім алатын. Ауыспалы егісті дұрыс пайдалану, жерді терең жырту, тыңайтқыштарды пайдалану, жоғары дәрежелі тұқым себу – сондай дәнді дақылдар шаруашылығын арттыру арқылы нәтижеге жетеді. Жоғары сапалы бидайларды алмастырып отырды. Сол мерзімде ауданда миллионер-колхоздар пайда болды, бес жылдың жоспарын 150 пайызға орындады.

Ғажап, бірақ шындық. 1968 жылы облыс тарихында біздің аудан жоғарғы көрсеткіштерге ие болды. Облыстық құрмет тақтасында өндіріс жоспарларын орындағаны үшін Мәртөк деген сөзден басталатын үш үлкен бірлестіктер: Мәртөк ауданы, Мәртөк совхозы, «Казсельхозтехника» Мәртөк аудандық бірлестігі жазылған.

1. Мәртөк ауданы мемлекетке астықты сатудың жылдық

жоспарын 443,9 пайызға, етті – 113,6 пайызға орындады. 1967 жылға карағанда 5,1 пайызға сүт сату және мемлекетке тапсыру 8,3 пайызға көбейтілді. Бір сиырдан 30 келі сүттен алып, мал басын 100,9 %, қой мен ешкі санын 107,5 % және жылқы санын 107,8 % көтерді. Трактор жөндеуден жылдық жоспарды 105,3 %, жер жыртудан 100,1 %, шөп дайындаудан 124,4 %, жаздық егінге тұқым құю 1969 жылы 101,9 % орындады.

2. Мәртөк совхозы малға қосылған салмақ жоспарын 100 % орындап, 9 ай ішінде 59 мың сомның орнына 108 мың сом пайда тапты. Шөп жинаудан жылдық жоспарды 104% орындады және мал қыстайтын орындарға апарылды. Ауыл шаруашылық дақылдарының шығымдылығы бір гектардан 15,3 % жетіп, үкіметке 1800 тонна астық сатылды, сапалы дәнді дақылдармен және жеммен қамтамасыз етті.

3. «Казсельхозтехника» Мәртөк аудандық бірлестігі ішкі өнім бойынша жоспарлы тапсырманы 123 %, ішкі тауар өнімін жүзеге асырудан 128 %, трактор жөндеуден 120 %, қозғалтқыш жөндеуден 130 % орындалды. Өндіріш-күш жоспарын 116 %, тауарларды сату жоспарын 101 % орындап, 30 мың сом пайда келтірілді.

Ауданның самғауына техника, ғылым, ақша салымдары сүйеніш болды. Бір жерде қалың, бір жерде жұқа болған жоқ. Басшылық саясаты шебер жүргізілді. Ақылды сілтем, ынта, іскерлікпен жасалды. Егер колхоздан адамдар қалаға кетіп отырса, бұлардың біреуі де болмас еді. Бірақ олар тырысп, еңбектеніп, шаруашылықтарын көтерді.

Өмірде ұсақ-түйектік жоқ. Алыстан болжайтын бастықтар оны түсінеді. Бұған мынадай мысал: «Бақшаға жету алыс. Әйелдер шаршайды, отырып демалады. Уақыт өтеді, күштері кетеді.» Шаруашылық шешім қабылдады: жұмысқа жұмысшыларды көлікпен апару керек. Сағат таңертеңгі жетіде машина жұмысшыларды апаруға дайын. Түскі тамақты далалыққа әкеледі. Осында жаңа газет, журналдарды да әкеледі. Осыдан ұйымшылдық, тәртіп көтеріліп, адамдардың жұмысқа ынтасы артты. Шаруаны ақылмен шешетін еді. Барлық жасөспірімдерге балалар бақшасы мен яслиде орын болды. Қолдары босаған әйелдерден ауданға пайда. Балалар бақшасын бітіріп, мектепке барады. Мектепті бітіріп, оқуға түседі, колхоз студенттерге стипендия төлейді және сырттай оқытады. Сонан кейін туған колхозына инженер, дәрігер және мәдени

мамандығын алып, қызметкер болып оралатын. Ауылдардан қалаға аз кететін, кетсе де, негізінен, оқуға.

Өмірге жаңа әдет кірді. Клубтарда салтанатты түрде балаларды тіркеу, комсомол тойы, егіншілерге арналған тойлар, армияға шығарып салу т.б. шаралар өткізілетін. Жаңа өмірмен жаңа мейрамдар келді. Сол мейрамдардың бірі сол заман адамдарының есінде көпге дейін қалды. Мейрамның себепкерлері – мектеп бітіргеннен соң ауылда қалғысы келген жас ер балалар мен қыздар. Солардың құрметіне оркестр ойнап, ардагер колхозшылар оларға жақсы тілектер айтты. Егер механизатор болғын келсе, міне саған кілт, бұл кілт келешекте керек болады. Егер сауыншы болғын келсе, басына орамад, үстіңе халат, олар да саған жарасып қалады. Музыка дауысы естіледі, қобалжып тұрған жастардың бастарына масақтан гүлтәж салатын. Ыссы жүректі, қуатты қолды жастарды туған колхозы қарсы алып жатыр. Мейрамдар осылай өтіп жатты. Барлығы қуанышты, барлығы көңілді. Қарттар олардың орнына лайықты жастар келгеніне өте қуанышты болды.

Ауылға тағы бір жаңа мейрам ең бастады. Мысалы, 1968 жылдың 25 тамызында – жаңа туған нәрестелерді тіркеу күні болып есептелді.

Мәртөк селолық кеңесі залында – жас жұбайларды тіркеу, балалар бөлмесі, шампан залы – осылардың бәрі өте әдемі безендірілді. Комиссия мүшелері жаңа әдет-ғұрып бойынша төр алқадан орын алды. Жас ата-аналардың отбасына сәби қосылғанамен аундандық АХАЖ меңгерушісі Р.Шинтасова құттықтады. Үстел жанына Селезневтар, Имаповтар және т.б. бірінің артынан бірі келіп, актіге қол қойып, балалардың туу туралы куәлігін алатын. Туу туралы куәліктерімен бірге пионер галстугі, комсомол белгісі мен қобдишадағы келешек хаты берілетін. Қобдишаның сыртында «8 жылдан кейін ашыңыз» деген жазу болды. Ү.Жаманшалов, К.Я.Губин және Ж.Буктеев құттықтау сөздерін айтты.

Жаңа уақыт клубтарда, селолық кеңестерде өткізілетін жаңа әдет-ғұрыптар мен жаңа дәстүрге қатысты шаралар үлкендердің өміріне де тез сіңіп кетті. Мәртөк ауданы бойынша санақ көрсеткіштері:

- 1967 салтанатты іскеге түру – 4, 1968 жылы – 23, 1969 жылы – 41.

- жаңа туған балаларды тіркеу 1967 жылы – 20, 1968 жылы – 69, 1969 жылы – 130.

Ауыл өмірінде «Қыспен қоштасу», «Еңбек мейрамы», «Бірінші масақ мейрамы» сияқты әдемі мейрамдардың маңызы зор еді.

Үлкен мейрамдарды өткізуге орын жетіспейтін еді, сондықтан 1968 жылдың қараша айында сельпоның кеңсесі мен қоймалары тұрған Советская көшесінде 600 орындық Мәдениет Үйін салу үшін алаңды тазарта бастады. Ол уақытта Мөртөк ауданында 33 кітапхана, олардық екеуі аудандық, 36 кәсіптік, 15 көпшілік кітапханаларының бөлімшелері болды. Сол кітапханаларда плакаттар, стендтер, сурет монтажі, кітап көрмесі, тақырыптық кештер, оқушылар конференциялары, лекциялар өткізілді.

Әсіресе мәдениет қызметкерлері ауыл шаруашылық жұмыстарды өткізу кезіне белсенді қатысты. Тұрғындары аз елді-мекендерде автоклубтар жиі қызмет етті. Дала еңбекшілері алдында егін жинау кезінде насихат мәдениет бригадалары және көркем өнерпаздық ұжымдары өнер көрсетті.

Жетпісінші жылдардың бірінші бес жылы ауа райының қиын жағдайларына байланысты егіншілік пен мал шаруашылығының өсіп-өнуіне әсерін тигізді. Бірақ мемлекетімізге төрт жыл ішінде 289537,5 мың тонна астық тапсырылды. Орта есеппен алғанда жыл сайын аудан көлемінде 4,2-4,5 млн. пұт астық сатылды. Әрине, бұған жер өңдеу мәдениеті, механизаторлардың шеберлігі, органикалық тыңайтқыштардың қолданылуы өз әсерін тигізіп, ауа райының қиыншылықтарын жеңуге көмектесті.

Сүт өнімінің сатылуы 17077 тонна болып, 17 %-ға, ет – 6285 тонна болып, 25 %-ға өсті.

Сондай-ақ, аудан бойынша нанның сатылуы 10-12 есе, сүт 10 есе, ет 8 есе өсті. 1974 жылы мемлекетке 2749,7 тонна көкөніс сатылды, 1100 тонна картоп бұрынғы жерлерде өндірілді, жұмыстың аздығына қарамастан өндіріс өркендеп, алға басты. 1955 жылы ауданда 21655 адам, ал 1975 ж. 33700 адам тұрып, халықтың өсуі 55 % ғана болды. Бұрынғы 59 ұсақ қуаты аз колхоздардың 200-300 ірі бас малы бөлсе, енді 13 колхоз, 5 совхоз болды. Жетпісінші жылдары әр колхозда 9700 га егін алқабы, 2000-ға жуық ірі қара бас мал, совхоздарда орташа есеппен 25 мың гектар егін алқаптары, ал ірі қара бас мал шаруашылығы 57 мың басқа жетті. Әрбір совхоз орташа есеппен мемлекетімізге 159 мың центнер нан, 6567 центнер ет, 21047 центнер сүт өнімдерін өндіріп тапсырды.

Аудан арасындағы жолдардың жағдайы да жөнге келе бастады. Өткірші машиналарға жолдар тәулік бойы, қысы-жазы ашық тұрды. Жолаушыларға қызмет көрсету мәдениеті де қарқындап өсті. Жол бойына алты арнайы павильондар ашылып, Ақтөбе – Маргук трассасына елді-мекендердің аттары жазыла басталды. Сол кезде Линовиц тас жолы 175 километр болып салынған болатын.

50-80 жылдары ауданымызда кәсіби мекемелер – Жайсан тон зауыты, Мәртөк сыра зауыттары ашылды. Сонымен қатар, Қаратоғай құрылыс материалдар комбинаты, тоқыма фабрикасы да іске қосылды. «Қазауылшаруаштехникасы», май зауыты, механикалық орман шаруашылығы өндiрiсiнiң жұмыс күштерiн, өндiрiстерiн кеңейте алды.

Аудан орталығы, Мәртөк селосы да жақсарды. 1937 жылы аудандық газет Мәртөк туралы былай деп жазды: «Мәртөк ауданы экономикалық қуатына, қарқынына қарай облыста 1 орынға ие бола алады. Мәртөк ауданының көркею жағы, оны көркейту жағы да алдыңғы қатарға қойылған».

Жетпісіңші жылдағы Мәртөк ауданы тек қана нан мен сүтке бай ел емес, оның қастерлі еңбекшілері де сансыз еді. Сауыншы М.Г.Шати, В.Вильме, Л.Кравченко, С.Плут, Г.А.Бузманова әр сиырдан 1974 жылы үш мың литрден астам сүт алды.

Бүкіл облысқа әйгілі механизаторларымыз да аз болған жоқ. Олар : И.С. Фокша, А.Я.Шульдайс, П.Молочлы, В.Игнатович, ағайынды Р. және Г. Шеллинг, комбайншылар Н.Титул, В.Некрасов, П.Ребрика және басқалары. Олар 800-900 гектар астық тапсырды. Ал бақша жұмысшысы А.Д.Волкова 1974 жылы 572 центнер көкөніс 246 центнер картоп дақылдарын алып, жүгеріші Н. И. Пухальский 770 гектар алқаптан 173 ц. жүгері өнімдерін ала алды.

70-80 жылдары аудан еңбекшілерінің тұрмыс жағдайы да жақсарды. Колхозшының орташа жалақысы 156 сом, жұмысшының еңбегі 178 сом құрады. Жеке банк қоры аудан бойынша 9 млн. сомға артық болды.

70-жылдары радио теледидарлар әрбір отбасында күнделікті өмірде қолданылып, аудан азаматтарында 343 автокөлігі, 3229 мотоцикл болды. Бұл 80-шы жылдардағы тіршілік көзі еді. Осылай шағын аудан өсіп өркендеді. Біздің республикамыздың жаңарған, жанданған ірі аудандарының бір бөлігі болып, еңбегі еселеніп жана берді.

1970 жылы Мәртөк аудандық ауруханасыны жанынан Ақтөбе медициналық училищесінің филиалы ашылып, осында медбикелер даярланды. Қабылдау емтиханынан кейін 30 адам осы курсқа жазылды. Негізінде олар ауданымыздың аулының қыздары болды. Олардың көпшілігіне стипендия төленіп, пәтерақы берілді. Оқу мерзімі екі жыл болды. Осы курстан кейін олар медбике мамандығына диплом алды. Бұл курстың мақсаты – ауылдарға медбикелер дайындау. Мәртөк элеваторының қызыл бұрышы орналасқан жерде күнбе-күн 6-8 сағаттан сабақтар өтті.

Практикалық сабақтар Мәртөк аудандық ауруханасында өтті. Сабақтарды аурухана дәрігерлері мен Мәртөк орта мектебінің мұғалімдері жүргізді. Ақтөбе медучилищесі филиалының меңгерушісі А.Шалаева болды. Жетпісінші жылдары біздің ауданда 13 мектеп жанындағы интернат болды. Оларда 865 оқушы тәрбиеленді. Интернаттардың көпшілігі тек жатақхана емес, сонымен қатар тәрбие мекемелері болды, олардың мектепке көмектері зор болды. Ата-аналар, мұғалімдер, шаруашылық басшыларының қамқорлығы арқасында балаларға жақсы жағдай жасалды. Жиһаз және басқа да керекті құралдарға 3500 сом бөлінді. Жататын бөлмелер мен сахана тап-таза, әсем болды. Демалыс бөлмелерінде телевизор, радио қабылдағыш, үстел ойындары болды. Балалар өзін-өзі күтуге тәрбиеленіп, тап-таза тиянақты жүрді. Балалар арасында тазалық пен тәртіптілік үшін жарыстар ұйымдастырылып отырды.

1971 жылдың қыркүйегінде аудан дүкендерінде нан комбинатының алғашқы өнімдері түсті. Ол кезде тек қана нан пісіретін цех жұмыс істеді. Сонымен қатар кондитер және төтті нан линиясы да істеді, бірақ ол жерлерде жұмыс қолмен істелгендіктен, шығарылған өнімдер шамалы мөлшерде ғана болды. Үш-төрт жыл ішінде завод азық-түлік өндірісі механикаландырылған өнеркәсібіне айналды. Бұл кезде 32 түрлі өнім шығарылды. Завод өнімдері тек қана мәртөктіктер сұранысына емес, басқа аудандарға да жіберілді. Мысалы, мәртөктік «Северные» пряниктерін Ақтөбе, Қобда, Октябрь аудандарының дүкендеріне сатып алуға болатын еді. Бір айда 7 тонна пряник шығарылды.

1977 жылы нан заводы тәулігіне үш тоннадан астам нанды бір кезекте 140 килограмм рогалик, бөлке, пряник пісірді. Бір ғана Мәртөкте 20 сауда орны болды. Ал ертеректе наубайханада нан пісірушілер нанды отқа күректен салып, тәулігіне екі-үш тонна нан пісірді. Жұмыстың бәрі қолмен істелді.

Нан заводы іске қосылысымен халықтың нанға сұранысы 11-12 тоннаға жетті. Иә, оңай емес, бірақ нан пісірушілер егіншілерден эстафетаны үлкен құрметпен алып, аудан еңбеккерлерінің дастарханына 23 тонна тоқаш, 130 центнер кондитер, 15 тонна бөлке өнімдерін жеткізді. Жылдық жоспарды жұмысшылар алдын-ала 1,5-5 ай бұрын орындады. Жоспар көрсеткішімен салыстырғанда айналым мен кіріс 106 және 147 % құрады. Жоспардан тыс 367 тонна нан бөлке және кондитер өнімдері өндіріліп, сауда мекемелеріне жөнелтілді. Осы жылдары Мәртөк май зауытында үлкен жаңалық болды. Іске жаңа цех – қаймақ, сүзбе, кілегей және сүт шығаратын цехтар қосылды, осында ірімшік шығарылды.

Мәртөк майзауытының шығаратын өнімінің 99%-ы жоғары сапалы болды. Зауод жоспардан тыс тұтынушыларға ірімшікті – 62, құрғақ сүтті – 63, балмұздақты – 5% ешбір жарнамасыз өндіріп жеткізді. Ешбір қалдықсыз аса сапалы жұмысты құрғақ сүт цехы жасады. Тәулігіне 14-16 тонна майсыздандырылған сүтті өндеп, ұжым 1200 килограмм дайын өнім алды. Бұл өнім арнайы қаптарға салынып Алматы, Орал, Өскемен қалаларына жіберілді. Мәртөктің құрғақ сүті сонымен қатар, кондитерде, наубайханада және ет өңдеу өндірістерінде пайдаланылды. Тағы да айта кететін жай – қай жерде де бұл өнімді бәрі мақтайтын.

Ал көкөніс сақтайтын аудандық дайындық контордың жанында 1975 жылы жаңа орын пайда болды. Ол сол кездегі үлгіде салынған жұмыртқа сақтайтын қойма. Ені 12 метр, ұзындығы 30 метр. Бұл қоймада аудан жұртшылығынан сатып алынған жұмыртқаларды сақтау мүмкіндігі болды.

Осы жылы Мәртөк элеваторының аймағында бірінші астық қоймасының қасынан тұқымдық және сатуға арналған астықты өңдеу агрегаты орнатылды. Техникалық мәлімет бойынша, бұл қондырғы сағатына 100 тонна сатуға арналған және 20 тонна тұқымдық астықты тазартады. Оның тағы да бір қолайлысы-тазартылған астықты бірден вагонға тиіп қою мүмкіндігі, қасында темір жол тармақтары болды. Механикаландырылған тоққа келген астықты жеткізу де қолайлы. Элеватор аймағында үлкен орын салынып жатты, оның ұзындығы 120 метр, ені 26 метр, сыйымдылығы 6400 тонна тұқым. Бұл астық қоймасы. Жаңа техника қарастырылды: астық тазартқыш машина ЗАВ-40, астықты түсіретін жоғары көрсеткішті автокөтергіш ГУАР-30 маркасы.

Өнімді тасымалдау үшін үстінгі және төменгі галерея қондырылды. Ауа көмегімен астық төгімі тұрды, астық жылжуы үшін еден сәл еңкейтілді. Жаңа қойма машиналар жиынтығы қолмен істейтін жұмысты жоққа шығарды.

1978 жыл – Қазақстанда астықты жыл болды. Бұл жылы Қазақстан қоймаға 1 млрд. 23 млн. 200 мың. Пұт астық төкті Қазақстандық миллиард үшін біздің Мәртөк ауданы да үлкен еңбек сіңірді. Жаңа жерлер жартылып, астық егістіктің ауданы ұлғайды. Асық және азықтық дақылдарды егіп, жаңа жерлерді игеру үшін төменден совхоздарды ұйымдасқан түрде жұмыстар жүргізілді: «Междуреченский», «Яйсанский», «Дзержинский», «Буртинский», Карл Маркс, Ленин атындағы колхоздарда ұйымдастырылды.

Бұл жұмыстар 1975 жылы құрғақшылық болғанына қарамастан жоспардан артық астық алуға мүмкіндік берді. Аудан шаруашылықтарының бәрінде аса құнды бидай – Саратов тұқымы егілді. Әр гектардан аудан шаруашылықтары 11,6 центнерден, ал кейбір қожалықтарда, мысалы Карл Маркс, Ленин атындағы, Шевченко колхоздарында, «Междуреченский», Дзержинский совхоздарында 16 центнерден өнім алынды. Егін орағының алдында біздің ауданымызға еліміздің бірінші хатшысы Д.А. Қонаев пен республиканың Министрлер Советінің төрағасы Б.А. Әшімов келді. Олар «Социализм», «Победа» колхоздарының, «Междуреченский» совхозының егіс алқаптарында болды. Д.А. Қонаев егіншілермен сұхбаттасты. Әсіресе, ол «Междуреченский» совхозының егістік алқабындағы дәнге риза болды, себебі сол жылы совхозды жылдағыдан өзгеше көп өнім күтіп тұрды, нәтижесінде совхоз 1978 жылы мемлекетке 1,5 млн. пұттан астам астық тапсырды. Совхоз директоры Күшкенов Б.К. Аудан бойынша жалпы алғанда, 18 қожалық астықтан шаруашылық жоспарын екі есе артығымен орындады.

«Казсельхозтехника» аймағында үлкен құрылыс жүргізіліп жатты. Аса ізгі нысана – трактор цехі көтеріліп жатты, жоба бойынша онда 1 мың ДТ-75 машинасын жылына жөндеуге өтетін болды. Цехта жаңа қондырғылар, автоматтандырылған станоктар, тракторды шашып тастап қайта жинайтын желілер орнатылды. Осында машинаның бөлшектерін дайындайтын қор жасалды / мотор артқы, алдыңғы мостар және т.б./ . Аудан шаруашылықтары істен шыққан бөлшектерді жөнделген машина бөлшектеріне ауыстырып алу

мүмкіндігіне ие болды. Нақтылап айтқанда, бұл завод- шеберхана болды. Ғимараттың ұзындығы – 72 метр, ал ені – 54 м. Бұдан басқа қосалқы ғимараттар, көптеген әкімшілік ғимараттар жоспарланды. Комплектінің құны 1 млн. 573 мың сом, құрылыс үш жылға жоспарланды.

Аудандық КСХТ бірлестігіне 1974 жылы екі рет республикалық «Казсельхозтехника» бірлестігінің Қызыл туы берілді. Бірлестік облыстық және аудандық Құрмет тақтасына иеленді. Республика бойынша, екі бригада жоғары еңбек атағына ие болды. Аудандағы көктемгі-күзгі егістік жұмыстарына КСХТ жұмысшылары үлкен көмек көрсетті, астық жинуда, силос дайындауда, басқа да ауыл шаруашылық жұмыстарында жәрдемдесті. Мысалы, егін орағы күнде КСХТ –ның 21 жұмысшысы, ал астық тасуда 18 шопыр еңбек етті.

Тағы да бір айта кететін мәлімет, Мәртөк аудандық «Казсельхозтехника» бірлестігінің 28 қызметкері Бүкілодақтық ойлап тапқыштар мен рационалистер қоғамының мүшесі болды.

Алдын ала дайындалған жоспар бойынша олар машиналарды жөндеуде жетістіктерге жетіп, еңбек көрсеткішін көтеруге ат салысты. Біздің облыс аудандарында осы Мәртөк аудандық «Казсельхозтехника» бірлестігінің оттегі өндіретін цехының өнімдері үлкен сұранысқа ие болды. Оттегі негізінен металдарды кесу үшін және сварка кезінде пайдаланылса, ал азот Ақтөбе, Орал облыстарының големстанция мұқтаждарына жіберілді. Сұйық азот пен оттегі жоспары үнемі артығымен орындалды.

Трактор цехтарымен көршілес әйелдер де еңбек етті. Мәртөктік трикотаж фабрикасының филиалы жоспарды орындап тұрды. Тәулігіне өндіріс конвейерінде әр түрлі 4500 трикотаж өнімдері тігілді. Озат тігіншілер: Т.Приходько, А.Бенд, Б. Советова, Р.Неплюева, В.Черноморец болды. Тігінші өз кезегінде нормаларды белгіленген 138 өнімнің орнына 170 өнім тікті, яғни жоспарды артығымен орындады.

Мәртөк газ қожалығы 70 жылдардың ртасында аудан орталығын толық газификациялауды аяқтады. «Мартукметрайгаз» Мәртөктен басқа Ново-Алексеевка мен Қобда ауданына қызмет көрсетті. Аудан орталығының тұрғындары осы кезде газбалон таситын арнайы машиналардың екі кезекте жұмыс істегенін көрді. Ол кездегі газ тасушылардың негізі міндеттері – адамдарды газды

дұрыс пайдалануға, қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету болды. Ол үшін үнемі газды дұрыс қолдану ережелері таратылды, қауіпсіздік туралы жарнама фильмдер көрсетілді, аудандық газетте мақалалар жарияланды. «Мартукметрайгаз» 106 % көрсеткішпен жоғары сапада жұмыс істеді. Жоспар бойынша көзделген 243 тонна газдың орнына 259 тонна сатылды. Ақтөбе облысы бойынша Мәртөк алдыңғы орындардың біріне ие болды. 70 жылдардың ортасында көлік, өндіріс, ауыл шаруашылық саласы мұнай немесе мұнай-химия өнімдерінсіз жұмыс істей алмады. Мәртөк мұнай базасының негізі міндеті – материалдық-техникалық құралдарды дұрыс пайдаланумен қатар, қызмет көрсететін адамдардың еңбек жағдайын жақсарту, тұтынушыларға мұнай өнімдері мен мұнайды жеткізу мәселері болды. Осы мәселелерге мұнай базасының ұжымы бар білімі мен күшін жұмсады. Басты назар шығармашылыққа, жаңа технологияға бөлінді. Жоспар 100%-дан артық орындалды. Бірақ бұл мұнайшылардың бірінші сұранысы болды, ал одан кейін Ақтөбе-Орынбор автотрассасында ДЭУ-210 маңында жаңа АЗС құрылысы басталды. Қаратоғай АЗС-і жөнделіп, ауданда 2 гектар бау-бақша егілді, автоэстакада құрылысы салынды.

Автокөлік қызметкерлері автопарктің ұлғайғандығы жөнінде мәлімдеме жасады. Егер бес жыл бұрын АТП-да 15 автобус болса, 1975 жылы оның саны – 32 болды. Жаңа комфортты ПАЗ-672 автобустары пайда болды.

Теміржолшылар Мәртөк жерінің даңқын шығарды. Ақтөбе жол бөлімінен 1975 жылы Мәртөк станция ұжымына бірінші орын берілді. Осындай дәрежеге жету үшін біздің станцияда көп жақсы жұмыстар жасалынды: вокзал алдына гүл егілетін клумба жасалынды, перрон үлкейтілді, автоматикалық дауысы қатты шығатын радио орнатылды.

Станция кезекшісі микрофон арқылы поездың келу, кету, қанша уақыт тұратынын, уақытын хабарлайтын болды. Бұл істердің барлығын халық өз қолдарымен, жігерімен, ешқандай ақша шығармай жасады.

Сол жылы станцияда алдын-ала билет сататын болды. Станса бастығы болып Кужелев Н. еді. Сонымен қатар теміржол станса ұжымы шөп жиілеп дайындау науқанына да белсене қатысты. Жұмыстан бос уақыттарында «Заветы Ильича» колхозында 320 ц шөп дайындады.

Орман шаруашылық мекемесінің материал базасы 19 трактордан, 9 автомашинадан және басқа техникаларды айналаны көгалдандыруға жұмсалды. Орман шаруашылығы су байлығын қорғауға көп әсерін тигізді. Өзеннің ластануы, жарлардың құлауы қаралып, құдықтар тазалана бастады. Орман – жер құнарлығына, эрозия болмауына әсерін тигізді. Орман алқабын тиімді пайдалану арқасында жер эрозиясы азайып, көп жерлер пайдалана бастады. 70-шы жылдары Мәртөк орман шаруашылығының өте жақсы столярлық, слесарлық, шеберханалары болды, қойшылардың да үйлері болды. Үйлерді киізден, брезенттен, каркасын ағаштан жасады. Терезе, едендерді ағаштан болды. Бұл қойшыларға өте қолайлы үй болды. Мұндай үйлерді лесхоз Ақтөбе облысы мен Қазақстанның түпкір-түпкіріне жіберіп отырды. Бір үйдің құны 1461 сом болды. Кең тұтыну цехы шана да жасады. 15 шапаны 2 жұмысшы жасап шығарды. Құны 73 сом болды. Экономикалық ауданның дамуына өз үлестерін әйелдер де қосып отырды.

1975 жылының 30 шілдесінде Мәртөкте «Колос» кинотеатрында әйелдердің бірінші съезі өтті. Бұл жыл әйелдерің жылы болып жарияланған еді. Әйелдер форумда мақтанышпен: осындай дәрежеге қалай жеткендерін, Ұлы Отан соғысында әйелдердің қажырлы еңбектерін, қиын уақытқа қарамай барлық қиындықтарды көтергенін атты. Үкімет көп балалы аналарды қамқорлығына алып, жеңілдік берді, жәрдем ақша төледі. Жәрдем ақша ауданда 796 көп балалы аналарға, 106 жалғыз басты аналарға төленіп тұрды. Көп балалы аналар 50-жастан 15 жыл жұмыс өтілімен зейнеткерлікке шығарылды. Мәртөк ауданында әйелдер күші – үлкен күш еді. 9 мың әйел әр түрлі салаларда жұмыс жасады. Жылдан жылғы әйелдер саны үкімет органында көбее бастады. Аудандық Кеңесте 36 әйел депутат, ал оның ішінде 29 жасқа дейінгі жастар 17 болды. Олардың ішінде мұғалімдер, сауыншылар, бұзаушылар, мәдени қызметкерлер, сауда тұтынушылар болды. Облыстық Кеңесте 10 депутатының 5-і әйел, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесте депутаты болып Карл Маркс атындағы колхоздың сауыншысы Александра Григорьевна Ещенко сайланды.

Ауданда мал және егін шаруашылығында 800 астам әйелдер, оның ішінде сауыншылармен, шошқа бағушылар 607, бұзау бағатын, қойшы және сиыршылар 169 болды. 1975 жылы 200-ден астам әйелдер үкіметтің құрмет белгісімен, 40 орденмен оның ішінде екеуі

Социалистық Елбек Ері атанды. Әйелдер аудандық мекемелерде, май зауыты, аудандық тұрмыстық комбинат филиалы, трикотаж фабрикаларында қызмет етіп, үлкен үлестерін қосты. Яйсан тері зауыты, коммунал мекемелерінде, РУС-та, бұл жерлерде көбінесе әйелдер жұмыс істеді. Мәртөк аудандық тұтынушылар одағында 577 әйел, немесе 73,5 % қызмет етті.

Маңызды орын халықтың мәдени санасын көтеруде мәдени қызметкерлері ерекше орын алды. Бұл салада 56 әйел қызмет жасады. Денсаулық күзетінде 359 әйел, 19 бас маман дәрігерлер бар еді.

Әйелдер съезінде қойылған сұрақтар аудан үшін маңызды болды. Алға қойылған міндеттер – бұл әр әйелдің қоғамдық жұмысқа, пайдалы еңбекке аранасуы, білімді адамды тәрбиелеу жұмысына араласуы, әйелдер алдарына қойылған үлкен міндетті шеше отырып, тарихта өздеріне лайықты орнын табу.

№ 1 Мәртөк орта мектебінің сәулетіне қарасаңыз, 1974 жылы осының орнында ештеңе болған жоқ деу өте қиын. Мәртөкте үлкен құрылыс біткеннен кейін, халық осы мектептің ашылу салтанатына қатысып, куә болды. Бір жылдан кейін бұл мектепте сабақ басталып, спортзалында жарыстар өте бастады. Жаңа мектепке мұғалімдер, ата-аналар, оқушылар қуанышпен келді. Білім беруге, кластан тыс жұмыстардың өтуіне қолайлы жағдай туды. Бұл ауданда ең үлкен мектеп болып саналды.

1975 жылы біздің элеватор Қазақстанда ең үлкені болды. Мәртөк жолдарымен мыңдаған машиналар элеваторға астық таси басталды. Бұл мол астықты диканшылар өз қажырлы еңбегімен өсірді. Астық өте көп болғандықтан, Қаратөғай элеваторын салу ұйғарылды. 1972 жылы Қаратөғай теміржол стансасының жер аумағы зерттеле бастады.

Мәртөк элеваторынан 3 есе үлкен 199 мың тонна астық сиятын Қаратөғай элеваторы 1974 жылдан бастап салына бастады. Бұл құрылысты «Южэлеватормелъстрой» тресі жүргізді. 1976 жылы алғашқы корпустары қолданысқа беріле бастады. Бұл құрылыс Мәртөк ауданының мақтанышы болды, себебі мұнда ең соңғы автоматтандаралған техникасы қолданды. 8 үлкен корпус салынды.

Элеватор құрылысына 17 мың сом ақша жұмсалды. Элеватордың айналасына үйлер, дүкендер, балабақша, шеберханалар, 3-этажды кеңс, лаборатория салынды.

Элеватор көптеген жұмысшыларды, бас мамандарды жұмыспен

қамтады. Элеватордың бас директоры А.М.Закусило басты жоспары, кімді, мамандарды автоматикалау оқуына Алматы қаласына жіберді. Уақыт тез өтті. 1978 жылы элеватор іске қосылды.

1970-1980 жылдары Қаратоғай комбинатының өндірілетін өнімдері жаң-жаққа совет үкіметінің түпкір-түпкіріне, қала, ауылдарға жеткізіліп тұрды. Көбіне комбинат бор өнімін Орта Азия, Қиыр Шығысқа жіберілді, сонымен қатар Қаратоғай боры құрылыста да, мал азығы түрінде де қолданған. Қаратоғай боры құрамында кальций, фосфор, тағы басқа пайдалы ұсақ элементтер бар еді. Мал азығына бор қосылған жағдайда, малдың салмағы жоғары болып, ауруға шалдықпайтын еді. Сол 1974 жылы Қаратоғай комбинаты 75 мың тонна бор шығарған. Комбинат бор шығатын жерден 20 шақырым ара қашықтықта орналасқан. Жұмыс қысы – жазы тоқтамаған. Үлкен жүк машиналары КраЗ, МАЗ болса да, қыс мезгілінде жол қиыншылығын көрген. Оған қарамастан іс-тәжірбиесінің молдығынан жоспар қыс мезгілінде 100%-ке орындаған. 1975 жылы борды өндіру барысында борды ұсақ күінде сапалы шығара алды. Мәртөк жерінен 1000 тонна бор шетел мемлекетіне жіберілді.

Мәртөк жерінде құрылыс студент жасақтары тоқтамастан жұмыс жасаған. Осы уақытқа шейін «Вега», «Монолит», «Прометей» студент жасақтарының еңбегі бағалануда. Солардың арқасында жаңа тұрғын үйлер, ауыл шаруашылық құрылыстар салынды. Мәртөк ауданында 70-жылдан бастап студент жасақтары жұмысқа белсенді мәдениетті түрде араласты. Сонымен қатар студенттер концерт ұйымдастырып тұрды. Қараусыз қалған стадиондарды қалпына келтірді. Студенттер сол жерде тұрған жастарға ақыл-кеңес, жапалық бере отырып өз оқыған мамандықтары бойынша хабардар етіп отырды. Студент жастар басшылармен кездесу өткізіп, ауыл мектептерін қамқорға алды. Мектеп кітапханасының жөндеуден өткізіп кітаппен қамтамас етті. Әрбір студент міндетті түрде мал азығын жинауға қатысты.

Ауданда студенттерден басқа да ауыл шаруашылығында Жайсаң, Жоса, Мәртөк училищесінің түлектері де жұмыс жасады. Олар да өз үлесін қосты. Мәртөк ауданында Базар көшесіндегі училищесі осындай мамандарды дайындады: тракторшы, машинист, жүргізуші, электромонтер, т.б. Оған жастары 15,5 – 18 жастағы 6-8-10 класс бітірген жастарды қабылдады. Орта мектепті бітірген, 8-10

класс оқуын бітірген жігіттер мен қыздар, әскер қатарынан келген азаматтар 8-10 айда бітіріп шығатын топқа қабылданды. Оларға стипендия 104 сом беріліп тұрған. Осы училищесін бітірген оқушылар өз мамандығы бойынша жұмыспен қамтамасыз етілген. Осы училищесін бітірген түлектер жоғары оқу орындарына, сырттай оқу орындарына қабылданып, жұмыс жасап жүріп оқыған. Егер емтиханды тапсыра алса еңбек өтілінен қарамай оқуға түскен.

Оқушылар үш мезгіл ақысыз тамақпен, жатаханамен, киіммен, стипендиямен қамтамасыз етілді. Училишеде кешкі оқу 7-8-9-10 кластары ашылған. Ауыл шаруашылығын жұмысшылармен қамтамасыз етіп отыру қиынға соқпады.

1975 жылы – ауданда құрлыс жылы болды: ауданда мәдениет үйі салынды, байланыс бөлімі, 1000 нөмірлік автомат станциясы іске қосылды. КСХТ-да 1000 трактор жөндейтін шеберхана ашылды. Аудандық мал дәрігерлік комплексінің құрылысы аяқталды. 16-ты пәтер және 4 пәтерлік үйлер тұрғызылды. Аудандық мәдениет үйі Мәртөкке үлкен сән беріп тұрды. Оның қалай салынған еске алсаң...

1975-1976 жылғы ПМК-а құрылысын басқарған Н.Луцешко еді. Бригада жұмыс барысында жақсы нәтижемен өздерін көрсете білді. №1 Мәртөк орта мектебі салынды. Құрлысты «Актюбжилстрой» тресі материалмен қамтамасыз етіп отырған.

Шынына келсек, Мәдениет үйі 9 жыл бойы салынған. Ауыл жастары Мәдениет үйінің салынуына тілектес болды. Мәртөкте демалыс күндері де жұмыс қарқынды жүрді. Әр жұмысшының қайткенде де Мәдениет үйінің құрылысы тез бітсін деп армандаған. Байланыс бөлімі, білім беру орталығынан, КСХТ-дан, автобазадан, қаржы бөлімінен, аудандық ауруханадан т.б. мекемелерден сәнбiлiкке жастар қатысқан.

Жастар ұйымшылдықпен жинала біліп, тиісті жұмыс орнын бөліп алып отырды. Жоғары қабатты КСХТ-ы жастары, байланыс бөлімінің жастарын өз қарамағына алды, қалғандары төменгі қабатты алған. Қыздар қолдарына қуыс күрек алып боқтықты зембiлге салып, жігіттер төгіп тастап отырған. Өздерінің келісуімен, ерінбей жұмыс жасаған.

Салынған мәдениет үйінің ұзындығы 62, ені 31 метр. Кіретін жері Байғанин көшесінің алды, жүретін көше жолы асфальталған. Оның алдына гүл ағаш отырғызылуы керек болды. Ішін жылы ауамен жылытуы керек еді. Мәдениет үйін тұрғызу үшін сол жерде

орналасқан мейрамхана, дүкен, қоймалар тағы да тұрғын үйлер алынып тасталуы керек еді, артынан осы мәселе қаралып, алынып тастамауы шешілді.

Уақытында тапсырылатын құрлыс кешікті. Оған да біраз себеп болды. Мәдениет үйінің салынуы 1967 жылы бекітілді. Сол жылы Мәртөкте су құбыры кіргізіліп жатқан еді. Құрлыс тапсыру үшін су құбырының жұмысы тоқталды. Сондықтан Мәдениет үйі сумен камтамас етілмей тұрған. Ол кезде жылу да тоқтатылған. Мәдениет үйіне орталық котельная жылу бере алмаған. Әртүрлі жағдайларды қарастырып, ақыры тоқпен жылытатын болған.

Құрлыста құрлыс материалдары жетіспей тұрған, әкелсе де құрылысқа лайық емес еді. Оларды сондықтан да қолдана алмаған. Уақытында төбе бөліктерін дұрыс жасалмағандықтан, енді біраз жыл өткен соң оны өзгертіп, қазіргі талабқа сай алғашқы жоба бойынша салу керек болып отыр.

1977 жылы Мәртөкте ардагерлерінің мұражайы ашылды, онда жерлестеріміздің сіңірген еңбектерінің суреттері ілінген, онда қызықты, керекті құжаттар жиналған. Еске алу мақсатын да ардагерлер, азаматтық ұлы Отан соғыс ардагерлерінің және еңбек ардагерлерінің құжаттары бар. Бара-бара мұражай төрі үлкейтілді. 1985 жылы облыс мұражайының филиалы ашылды. Ол енді ауылдық әкім мекемесіне көшті. Мұражайда үлкен атақты жерлестердің құжаттары жиналған. Мұражайдың бір бөлімі табиғат аясында еді. Онда аудан тарихы туралы құжаттар бар.

1987 жылы басында соғыс ардагерлерімен еңбек ардагерлінің қоғамы ұйымдастырылды. Оған 6200 адам кірді. Олардың бірінші мақсаты – қарт адамдарды қорғау, құрметтеу, жастарға тәрбие беру, салт-дәстүрлерді құрметтеу көзделді.

80-жылы адамдардың әлеуметтік жағдайы, ауыл шаруашылық жағдайы жақсарды. Мәртөк тұрғындары өз қаржыларын жинақтау қассаға сақтады.

Мәртөк аудандық қаржы сақтау қассасы 1 қаңтар 1935 жылы Мәртөк ауданмен қатар өмір сүрді. 80-жылдары әртүрлі ауылдарда 9 қаржы сақтау қассасында 12 агенттік қызмет саласы жұмыс жасады.

Жылдан-жылға адамдардың еңбек төлем ақысы көтеруіліне байланысты, сақтайтын қаржысы да көбейді. Мысалы 1970 жылдары қаржы сақтау қассасында Мәртөк ауданында 790 мың сом сақталынса, ал 1971 жылы 835 мың сом деңгейіне көтерілген

акциаларын салған адамдар, сол жылы кассадан машина, мотоцикл, тоназытқыш алу үшін алған. Сол жылдары аудан бойынша 1000 адамдарға 250 қаржы салуга келіп тұрды. Орта есеппен әр салушыға 784 сомнан келді. Барлығы сол уақытта қаржы сақтау кассаларда 7374 мың сом болған.

Он жыл откеннен кейін өмір тез арада өзгерді. 1990 жыл Біз Мәртөкте қандай өзгерістерді байкадық? Құрылыс материалдар тапшылығы болды, газ алу үшін кезек екі айға созылды, бензин де аз болды. Элеватор фонд бойынша металл да құрылыс материалдары, қосалқы бөлшектер де бөлінбеді. Бірақ та ауданда жем, сүт, ет өнімдері жоспар бойынша тапсырылып тұрды. Базарда баға саны қараусыз болды. 1 жылда ет, шұжық екі есеге қымбаттады. Дүкенде заттың бағасы мемлекет қойған бағамен емес, нарық бағасымен сатылды.

Алғаш ереуліге шыққан дәрігерлер болды. Оларды мұғалімдер қостады. Ереуілге шығуына себеп болған олардың алған қаржысы ештеңеге жетпеді, көбісі мал ұстамайды. Қайткенде де адамдар жанына шиша іздеген. Уақыт келді; күр сөз емес, іспен көрсету алға ұмтылу көзделіп отыр.

Сонымен Мәртөк тұрғындары мықты шыдамдылықпен, сабырлықпен істің асуы күте білді. Сол уақытта саудагерлік көбейді, тауарлар қымбатына сатылды, оны алатын адамдардың қаржысы болмады, вагондар қоймаға айналды.

Сол уақытта Мәртөктің тұрғындары Германия, Россияға кете бастады. Бірақ та оларды Отанын сатқандарға жатқызуға болмайды. Сол уақыттарда басқа елдердің жағдайы туралы айтылмады. Қарапайым адамдар жалтақтап қалды. Адамдар өз пікірлерін айта алмады.

1979 жылы 1989 жылдың аяғына дейін аудан халқының саны 32749-дан 31716-ға азайды. Соның ішінде әйелдер санының кемуі байқалды. Егер де ерлер саны 205-ке азайса, әйелдер саны 828-ге азайды, ал 1990 жылы ауданда әйелдер саны ерлерге қарағанда, 740 адамға көп болды. Мәртөкте халық саны - 10250 адамды құрады.

Жастар Одағы мен коммунистік белгілерден ештеңе қалмады. Аға ұрпақтарын санасында тұңғыш жолбастаушы болып белгіленген комсомолдың да белгілері көрінбеді. Бұның ізінен кейін «Пионер елі» жойылды. (1988 жылы Мәртөк ауданы бойынша Бүкілодақтық пионер ұйымында 2487 пионер мен 1257 октябрат, ал 1989 - 2679

пионер мен 1200 октябрят, 1990 жылы 2611 пионер мен 1649 октябрят болды).

Пионер ұйымының орнына Жастар комитеті келді, бірақ бұл Жастарға көмек емес, көз бояушылық еді. Пионер мен комсомолдың орнына келген ұйымның мақсаты – Жастар қозғалысы болды, бірақ сол кездегі уақыт өте қатерлі еді. Сондықтан да үкімет жастар мәселелеріне нәмкұрайды қарап, олардың жұмысына не моральдық, не материалдық көмек бермеді.

Мәртөкте аграрлық өнеркәсіптің құлдырауы нарық экономикасына көшумен сәйкес келді. Аграрлық өнеркәсіптің орнына аудандық ауыл шаруашылық басқармасы келді. Мемлекеттік сұраныс болмай, шарттасудың міндетті келісімдері снгізілді. 1991 жылы біздің ауданымызға берілген бақылау сандарды орындау керек еді: нан – 60 мың тонна, сүт – 29700 тонна, ет – 7630 тонна, картоп – 3260 тонна, көкөніс – 1610, бақша өнімдері – 410. Бұл көсеткіштер аудан шаруашылығы үшін шамадан тыс болатын. Олар келісім шарт жасағанда 1990 ж. жоспардан кем түспеу талап етілді. Олай болмаған жағдайда орындалмаған өнімнің құнын 50% мөлшерінде төлейтін болды. Өнім сатудың нарықтық бостандығы болмаған жағдайда нарық экономикасына қалай көшуге болады?

Мемлекеттік сатып алу бағалары өсті, ал айырмашылық сол күйінде қалып, айырмашылықты мемлекет демеу қаржымен жапты. Бірақ бұл демеу қаржы бумераш ретінде колхоз, совхоздарға соққы болып тиді. Себебі селоның ауыл шаруашылығы өнімдеріне баға демеу ақымен қамтамасыз ету арқылы көтерілді. Ауыл тұрғындары мемлекет бағасы бойынша не ет, не шұжық, не сүт пен нан өнімдерін көрмеді. Мұның бәрі, нан бөлше өнімдері сапасы мен түрлері бойынша қалалықтардан артта еді және де сатып алу бағалары еш көтермелей, өз орнында қалды.

Мысалы бидайды алсақ, центнері 10 сом 60 тиын болатын. Үстіне 60% қосса, бұл 17 сомға шығады. Сату жоспарын орындауда 150%-ға 50% қосылды. Бұл 1 центнер 63 сомға дейін жетті, ал шарушылық бидайға 3 есе кем алды. Осындай қиын кезеңде Мәртөк ауданының шаруашылықтарын сақтап қалу үшін жоғары көрсеткішті 35-40% көтеру керек еді. Ал «Заветы Ильича» колхозында жоғарғы көрсеткіш – 10,2%, «Победада» – 15,8%, «Чапаев» колхозында – 25,3%. Ең төменгі көрсеткіш Энгельс атындағы «Красный пахарь» колхозы мен «Междуреченский» совхозында болды. Бірақ мемлекет

үшін бұл шаруашылықтар тиімді емес деп айтуға болмайды. Өйткені оларда өнімдерің, басқалар сияқты сол бағамен берді. Бұны тек базар, бәсекелестігі пеше алатын еді.

Чапаев атындағы колхозда етті қандай бағамен сату керектігін кім айта алар еді? 3 сом, 5 сом, әлде 10 сом ба? Тек сатып алушы ғана біледі, бірақ ол өз пікірін айта алмады. Шаруашылық үшін осы жоғары көрсеткіш қолайлы ма, әлде шығын екендігін кім анықтай алар еді?

90 жылдың басында фермерлік, шаруалар, өндірістік қатынастар фактілері пайда бола бастады. Бірақ олар аз болды. Фермерлер Нагорный, Мөртөк, Рыбаковкада, Жайсаңдағы шаруа қожалығында болды. Жайсаңда Комченко және Чупины отбасылары «Луч» шаруашылығын құрып, 10 га жер алып, өнім өндіріп, 50 шошқа фермасы салды. Оларға қажетті техника, құрылыс материалдары бөлінді.

Рыбаковка селосында сиыр етін өндіріп, жергілікті халықтан бұзау сатып алып, етті кооперативтік бағамен сатуға тілек білдірушілер де шықты. Қоғам малын жеке секторларға бөліп беру фактілері пайда болды: шопқаны өсіру, сиырлардың сүтін тапсыру. Бірақ мұның бәрі әлі тек бастама еді. Мұндай істі қолдайтындар мемлекет тарапынан техника, ақшалай несие алып, қолдау көретін болды. Өйткені үйде бағылатын малға жақсы күтім жасалады да, көрсеткіш сапасы да жақсарады. Бірақ бұрыннан қалыптасқан қағиданы қалай бұзуда болады?

Қайта құру жылдарында 1975 ж. құрылған Қаратөғайдағы арнаулы шаруашылық ұйымы жұмысын тоқтатты. Бұл ұйым келісім шарттар бойынша колхоздар мен совхоздардан еркек мал алып, салмағын өсіріп тапсырды. Бәрі әрқалан жақсы бола бермеді, сапасыз азық берілді, сөйтсе де өнеркәсіп толық жұмыс істеп, табысы жақсы болды. Мал ет комбинатына жақсы салмақпен кетіп жатты.

Аудандық арнаулы шаруашылық маңызды өнімді дайындаудағы жылдық жоспарларды орындау кезінде шаруашылықтарға көмек беріп тұрды. Бірақ қиын кезең келді. Серіктестердің арасында қарым-қатынастар өзгерді. Бұл келісім шарттардың бұзылуына әкеліп соқты. Мысалы, 1990 жылдың бірінші жартыжылдығына «Социализм» колхозы 100 мал басын тапсыруы керек еді, бірақ тапсырмады. «Победа» колхозы да 150

мал басының орнына 53 бас ғана тапсырды. Осындай мысалдар өте көп.

1 шілдеде Қаратөғайда 3440 мал болды, ал 1 жыл бұрын мал басының саны 1000-ға көп еді. 3 ылдық статистика малдың құдырауын көрсетіп отыр. 1988-5155 мал басы, 1989-4938, ал 1990 жылдың 1 қаңтарында 3390 ғана мал болды. Қаратөғай 120-160 кг тартатын мал қабылдасы, әр кг- 1,34 сом болды. Арнаулы шаруашылық ұйымының мал қабылдау уақыты (салмағы 400 кг. жететін) бір жарым жыл болды. Центнер құны -242 сомнан аспады (1989 ж. көрсеткіштер). Қазіргі шаруашылықтар мұндай көрсеткішті бәрі бірдей көрсете бермейді. Басында арнаулы шаруашылық ұйымында шаруашылықтың нақты бір саласын бекіту үшін қолынан келгенін істейді. Халықтан мал сатып алды, жылы қоралар салды. Келісім шартта шаруашылықтар мал әкелмеген жағдайда төлеуі керек деп айтылған. Бұл өте аз, әрине. Бұл арнаулы шаруашылық ұйымдарына ешқандай табыс әкелмеді. Оның үстіне практикада демеуқаржы сияқты сөз әлі болды. Жылдың аяғында колхоз, совхоздар тапсырылған ет бойынша, ет сатып алу бағасынан 66% алатын болды. Сондықтан да бұл саладағы мамандарды жоғары баға қынжытпады. Идея бойынша демеуқаржы өнеркәсіптің өсуіне кетуі керек еді, ол іс жүзінде ол нашар шаруашылықтарды жауып отырды. 90 жылдарға таман колхоз бен совхоздардың қарыздары көбейді.

1989 ж. 14 қарашасынан бастап Совет Министрлерінің № 981 қаулысы бойынша колхоз, совхоздардың қарыздары алынып тасталды, ал шаруашылықтардың қарыздары колхоз бен совхоздардың арендалық келісімге кетуіне қарай алынып тасталды. Қарыздар алынып, колхоз бен совхоздар жоғалды. Осындай жұмыс жүріп жатты. Ал қарыз болудың себебі: техника, ауылшаруашылық өнімдерін сатып алу бағалары өте төмен болды. Егер де баға дұрыс болса, ешқандай қарыз болмас еді. Қарыздар алынса да, азаймады, қайта өсе берді. Үкіметтің қарыздарын алып тастағанынан еш нәрсе өзгермеді, одан да қарыздардың өсу себебіне назар аударса ғой.

XX ғасырдың соңғы онжылдығы үлкен сынақ уақыты болды деп айтуға болады. Ауыл шаруашылық салалары біздің ауданда әр жыл сайын қиыншылық көрді. Олар тек бұрынғы қордың арқасында күн көрді. Бұрынғы жылдардың табыстары да

қуытпайды, керісінше өнеркәсіп өнімі төмендеді, энергияға, материалдық ресурстарға да баға өсті. Жаңармайға, көмір тасушыларға, өнеркәсіптерге шаруашылықтардың қарызы өсті. Соның ішінде аграрлық шаруашылық пен көліктердің қарыздарын санамағанда, аудандық жаңармай базасына, «Экибастузголь», «Қарагандауголь» ұйымдарына қарыздары 10 млн. сом болды. Ауыл шаруашылық өнімін сатқанда түскен қаражат қарызды өтемеді. Демеуқаржы сұрақтары шешілмеді. Осы кезде совхоз, колхоздардың болуын немесе болмауы сияқты сұрақ туады. Ауыл шаруашылығында еңбек және өнеркәсіп тәртібі құлдырады, қаражаттың жоқтығынан жұмысшыларға, колхозшыларға жалақы төленбеді. Бірақ осындай қиындықтарға қарамастан, жұмысшылар 1993 жылы 32 мың тонна астық, 17,7 мың тонна сүт және 3 мың тонна ет тапсыру үшін қолдан келгендерін істеді. Сүт тапсыруда келісімді 100,2%-ға орындады, ал етті 1230 тонна дайындап, 1992 жылғы деңгейден асты. Содан басқа аудан шаруашылықтары егін шаруашылығының, мал шаруашылығының өнімін ТМД елдеріне бартер бойынша алмастырылды.

Көктемгі егіс жинау жұмыстары да уақыты өтіп жасалды, ал нәтижесінде жер шаруашылығы өнімінің сапасыздығына әкелді, егін жинау барысында егіннің шығымы төмендеді. Аудан бойынша 1996 ж. егін жинауда 77614 га жер болды. Ең жоғарғы көрсеткіштер «Шевченко» колхозында және «Қызылжар» шаруашылық өнеркәсібінде - 6,1 ц., «Красный пахарь» колхозында - 6,0 ц. болса, «Энгельс» колхозында - 5,6 ц. құрады. Ал кейбір шаруашылықтарда астық өнімі өте төмен болды. Егін жинау аяқталды, ал қорытындысы нашар еді. Осының салдарынан ауыл шаруашылықтары келесі жылға қажетті тұқым жинай алмады. Бұл аудан тарихында бұрын болмаған жағдай еді. Сатып алу бағаларының төмендеуінің кесірінен мал шаруашылығының өнімін өндіру де төмендеді. 1993 ж. 2974 ірі қара сиыр жойылды, соның ішінде 1520 бұзау және жас мал болды. Колхоз «Буртинский», Калинин, Киров атындағы колхоздарда, «Женіс» ауылшаруашылық өндірісі, Энгельс колхозында, «Дзержинский» совхозында 20-дан 30%-ға дейін мал шаруашылығы құлдырады. Аудан бойынша ірі қараның құлдырауы - 49,6 % құрады. Ал жоғарыда айтылған шаруашылықтарда 60-тан 80%-ға дейін азайды. «Шевченко» колхозында 1 жыл ішінде 99 мал, оның ішінде 85 бұзау болды және 86 % құрады. Жас малды сақтай алмады.

Шошқа бағуда да осындай жағдай болды. Киров атындағы колхозда 47%, «Междуреченский» совхозында 50%, «Дзержинский» атындағы совхозында 29%, «Первомайский» совхозында 15% құрады. Бұл үшін ешкім жауап бермеді. Әрине баға да, өнімге қажеттілік те себеп болмады. Фермалар бос болып қалды. «Жайсаң» совхозында салмақты мал сойылса, бұл шығынды жабар еді. «Первомайский», «Междуреченский», «Жайсаң», совхоздарында, Ленин, Шевченко атындағы колхоздарда осындай көрсеткіштер болды. Бір жыл ішінде жетіспеген малдың саны – 638, оның ішінде 51 сиыр, 54 жылқы болды. Ұрланған және жоғалған малдың орны 135 ірі қарамен және 99 жылқымен толықты. Осындай жетіспеушіліктер 10 жыл ішінде бірнеше рет қайталанып тұрды.

Ауданда шаруашылықтар үшке бөлінді. Бірініші бөлімге мемлекет алдында қарызы жоқ шаруашылықтар жатты. Ондай шарушылықтар жоқ болды. Екінші бөлімге реабилитация немесе жаңаша өндірісті жүргізу керек шарушылықтар жатты. Ондай шарушылықтар көп. Мысалы: «Каратаусай», «Күмсай», «Коминтерн», «Қызыл Жар», «Хазрет», «Бұлақ», тағы да басқалар. Кейбір шарушылықтар фирмаларға қызмет ете бастады. Оларда көмектерін аямады. 3- бөлімге жататын 4 шарушылықтар банкрот болуының алдында тұрды. Оларға ПК «Байнассай», «Жаңару», «Бірлік», АО «Қаратөғай» жатты.

1996 жылы Нагорный поселкінің халықтары қайтадан колхоз құрып, кондитер фабрикасының қол астынан шықты. Колхоздың председателі болып Ширяев В.П. тағайындалды. Жаңа колхоз көп тұра алмады. Жаңа уақыт келді. Жаңа өмірге жаңаша қарау керек болды. Бұрынғы біреуге сену заманы өтті. Бас мамандар еңбек демалысына шығып кетті, ал жастар өмірге басқа көзқараспен келді. 1990 жылы Мәртөк ауданында 8 кооператив, оның алдында 14 кооперативтің 88 жұмысшысы болды. Кооперативтердің тапқан пайдасы 238132 сом болса 102749 саны еңбек ақыларына жұмсала, орташа 1552 сом болды бір жылға. «Транспортниктер» бір адамға 8484 мың сомға қызмет етсе, «Вайнах» -6305 сом, «Универсал» -1312 сомға, «Природа» - 479сом, «Рассвет» - 1862 сом. Осындай айырмашылықтан еңбек ақылары да әргүрлі болды.

1996 жылы ауданда 87 шаруа қожалықтары: Нагорныйда - 8, Қаратөғайда – 5, Первомайский, Новомихайл, Степановкіде Құмшыхатта, Линовицкіде, Қызылжарда, Покровский мен

Кенсахарада бірден болды. Шаруа қожалықтары мал өсірумен күн көріп отырды. 30 шаруашылықта 240 сиыр болды. 8 крестьян-шаруашылығы шошқа өсірумен айналысып отырды. 12 КШ-да 275 қой, 82 ешкі, 39 жылқы, Ақсу фермаларында 14 түйе өсірілді. Нагорный КШ-да 82 сиыр, 59 шошқа, 63 қой, 15 жылқы болды. Фермерлер күшейіп, шығынсыз жұмыс істей бастады.

90-ыншы жылдары КСХТ ғана 102,8% жоспарды орындады. Оттегі цехі 12 мың кубометр жоспардан тыс берді. А-41 цехтың жұмысшылары жоспар бойынша 677-ның орнына 724 трактор, комбайн двигательдері жасалды. Насос оңдайтын цехі 112%-ке жоспарды орындады. Трактор оңдайтын цехі 104% орындады. 90 жылдар басында 3 жыл ішінде жөндеуден өткен өнімдер 1 млн. сомға құрады. Колхоз, совхоздар өз ақшаларын есептей бастады. Халыққа қажет өнімдер шығару керек болды. Кәсіпорында 200 адамды қысқартып, колхоз-совхоз шеберханаларға айналдыру немесе жұмысты басқа жерден іздеу мәселесі туды. Екінші жол таңдалды. Кәсіпорын ұжымы қиындыққа қарамастан өздеріне өзі жұмыс таба бастады. Жұмысты Орынбор облысынан тапты.

Зауыттың жалпы табысы 10 % жетті, ал жөндеу жұмыстарында 4 %, бірақ шаруашылық есеп айырысу жағдайында ең аз табыс көлемі 20-25 % болу керек. Зауыттың 1,2 млн. сом шамасында пайдасы болу керек. Зауыт үнемі облыс ауылдарына қызмет көрсету түр-түрін кеңейтті. Ол Т- 4А тракторларының жөндеудің игеріш, қар тазартқышты, бульдозердің қалқасын, шөп шабатын техникасына шатундарды дайындады. Олар зауыт жасаушы топтама өнімдеріне қарағанда қымбатқа түсті. Бірақ қымбат болса да, болмағаннан болғаны жақсы емес пе? Зауыт бір жыл ішінде орта есеппен аудан ауылдарына 800 мың сомға қызмет көрсетті, ал одан көрген пайдасы ауданның және аудан орталығының бүкіл ұйымдары Мәртөк жөндеу зауытының қызметін пайдаланса да 48 мың, сом ғана құрады. Біртіндеп зауыт көрсеткен қызметтерінің бағасы тым өсіп, зауыт осы жағдайдан шыға алмады.

1996 жыл Жөндеу зауыты жұмыстың жаңа түрлеріне көшті – темір жол вагондарын жөндеді. Ол үшін бұрын болған трактор цехін қайта ашты. Бір тәулік ішінде бір вагон толық жөндеуден өтетін еді. Қосымша шаруашылық ұстай алмайтын аудан тұрғындарын азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесі – көкейтесті мәселелеріне айналды. Мәртөкте сауда қызметкерлері тұтынушыларға

бірдемелерді ұсынғысы келді, бірақ одан ештеңе шықпалы. тауарлары да, ақшалары да тұтас қалды. Дүкен сөрелерінде ешқандай тауар болған жоқ. Жалғыз ғана паркінің жанындағы киоскі Мәртөк балмұздағын сатып тұрды.

Дүкендердегі тауарларды тек қана етке алмастырып сатты. Үш тиын тұратын қақпақты сатып алу үшін ет тапсыру керек. Ет еш жерде сатылған жоқ. Ауыл тұрғындары 20 жыл бойы етті мемлекеттік бағамен сатып ала алмады. Май зауыты болғанымен, май болған жоқ. Адамдар дүкендерде талон бойынша азық-түлік алу үшін ұзақ уақыт кезекте тұратын. Ал киіну үшін шошқа ұстау керек болды.

Тауарлардың болмағаны халықтың тұрмыс жағдайына әсер етті. әсіресе әйелдерге әсер етті. Күні бойы ерксектермен қатар жұмыс істеп, оған тағы үйлерінде түскі тамақты пісіріп үлгеру керек еді. Ал одан бұрын бірнеше сағат бойы ұзақ кезекте тұру керек еді. Өнімдерді талон бойынша сатып алуға қиынға түсті. Осыдан кейін үйге келісімен оның көңіл-күйі қандай болатын? Соның салдарынан да жұмысында көңілі бұзылып, үйінде де татулық болмады. Сонымен қатар ақ нанды сатып алу қиын болатын. 1990 жылы ақ үн жетіскен жоқ, зауытта да бірнеше күн бойы болмай тұрды. Ақтөбеге машина жіберіліп, ол да кейде ұнды әкелмей келеді. Зауытқа үн аудандық тұтынушылар одағынан берілуі керек еді, бірақ онда үн болған жоқ.

90-шы жылдары ауданда тіркелген бір адам басына бір тоқсанда алатын тауарлардың мөлшері: кір жуатын ұнтақ – 400 гр, кір сабын – 400 гр, иіс сабын – 100 гр, қант – 1 келі, сары май – 250 гр, кәмпит – 200 гр.

Бұл өтпелі заман еді. Бюджетте ақша жетіскен жоқ. Дүкен, клуб, кітапханалар жабылып, ол түгіл учаскелік инспекторлары да жетіспеді. Адамдардың еңбек ақылары берілмей, инфляция сол еңбек ақыларының өсуіне керергі жасады.

1990 жылы нан зауытында жаңа кондитер цехі ашылды. Нанды пісіру үшін жаңа технологиялық жабдықтар қондырылды, бұл – ауысымына 1 тонна өнім шығаратын қуатты пеш. Сол кездері Мәртөкке кондитер бұйымдары жетіспейтін, сондықтан зауыттың «Северное», «Мятные», «Комсомольские» пряниктері, «Сахарное», «Дорожное», «Майское», «Овсяно-фруктовое» печеньеелері және басқа да пироженное, торттар сияқты ұсақ-түйек өнімдері тез арада сатылып кететін еді. Кондитер цехінің өнімдері жалпы азық-түлік

өнімдерінен арзандау болды. Печеньнің ең қымбаты – 1 сом 40 тиын, «Пряничный» тортының 1 келісінің бағасы – 1 сом. Егер кондитерлер бұрын бір ауысым ішінде 500 кг пряник өндірсе, жаңа цехтің ашылу нәтижесінде 1-1,2 тонна өндіре алатын болды. Бұл тек біздің ауданымыздың халқын ғана емес, бүкіл облыс халқын қамтамасыз етеге жағдай жасады. Сонымен бірге нан зауытының босаған аумағында бөлке нан және қалаш өнімдерін көбірек шығаруға мүмкіндік туды.

Ауданымыздың медициналық қызметкерлері де қиын жағдайда еді. Дәрі болған жоқ.

1992 жылы көмірге талон енгізілді. Оның мөлшері бойынша бір адам басына тұрғын үйдің 12 шаршы метрі келетін еді. Осындай тұрғын үй көлемінің бір шаршы метріне 75 кг көмір берілді. Егер үйде 5 адам болса, онда келетін көмір мөлшері былай есептелді: 5 * 12 * 75. Сонымен осы отбасына 4,5 тонна көмір келеді. Көмірдің бір тоннасы (тиелуімен бірге) 88 сом тұрды. Одан көбірек болса, бір тоннаның бағасы – 434 сом, ал тиелуі – 5 сом 50 тиын. Көмірді алу үшін әр отбасының 1996 жылға дейінгі кітапшасымен бірге талондары болу керек. Егер оны жоғалтып алса, көмір беру кітапшаларының көшірмелері берілмейді.

Сол уақытта, 20 жыл бұрын Мәртөкті және аудан ауылдарын газификациялау мәселесі қозғалып еді. 1986 жылғы 14 мамырда «Мәртөк ауылының тұрғын үйлер массиві мен өндіріс мекемелерін газификациялау бойынша тапсырыс беруші болуды облгазпромды міндеттеу» туралы № 197 шешім қабылданды. Ал облгазпром 1986 жылы тапсырыс беруші болуды Мәртөк РАПО-сына жүктеді. РАПО-ның қаражаты болмай, жүктелген міндеттерін орындай алмады. Мәртөк ауылын газификациялау мәселесін шешу 2005 жылдан ертерек жоспар бойынша мүмкіндік болмады. Мәртөк ауданының газификациялау мәселесін шешу үшін тапсырыс беруші ретінде бір өнеркәсіпті алып, ал газқұбырын салу аудан аумағында орналасқан өнеркәсіптар мен шаруашылықтардың үлестеп қатысу есебінен жүзеге асыру ұсынылды. Ол уақытта біздің шаруашылықтардың экономикалық жағдайы қиын болды, олардың қарыздары көп болды. Сол себепті газ құбырын өткізудің мүмкіндігі болмады.

Тұрғын үйлер мәселесі бұрынғыдай маңызды еді. 1989 жылы аудан бойынша 9142 шаршы метр тапсырылды. Бір жылда 176 отбасы тұрғын үй жағдайын жақсартты. «Тұрғын үй – 91»

бағдарламасы олық орындалмай, аудан орталығында тұрғын үйлерге кезек үлкен болды. Генмердігерлік жоспарын тек 72 %, ал өз күшімен 86,6 % орындалды. Аулдарда ПМК жасаған жұмыстар тоқтатылды.

Қаратоғай құрылыс комбинатының негізгі өнімі, материалдарына сұраныс төмендеп кетті. Кәсіпорынның өндірісін өзгертуге тура келді. Оның аумағында «Алтын жалын» Ақтөбелік фирмасы лигатур мен карбид кальцийдің өндетін цехтің құрылысын жүгізді. 1997 жылы Қаратоғай құрылыс материалдар шығаратын комбинат өз жұмысын тоқтатты.

Тез арада шешімін талап етіп тұрған мәселе – бұл кірпіш зауытының қайта құруын тездетіп бітіру мәселесі еді. Өтпелі кезеңнің қиын жылдары кбіртіндеп кірпіш зауытының шабылуына әкеліп соқты, сонымен қатар жұмыс болмағандықтан Шевченко колхозындағы күйдірілген кірпіш дайындайтын кооператив те жабылды.

Бұрын өркендеп тұрған «Райпотребсоюз» кәсіпорнының да жағдайы нашар еді. Ол табыс әкелмейтін кәсіпорын болып саналды. Дағдарыс жағдайдан шығып, өз кадрларын сақтап қалу үшін РПС қызметкерлері жылжымалы кесте бойынша аптасына үш күн жұмыс жасай бастады. Бірақ шығын көбее берді. Сауданы пай жарналары күтқара алған жоқ. Экономиканың жалпы дағдарыс аясында ауыл тұрғындарын әлеуметтік жағынан коммерциялық бағаларының озбырлығынан қорғайтын инфрақұрылымның аграрлы бөлігі – тұтынушылар кооперациясының ролі ескерілмей қалды. жеке бизнес саудаға екпінді еніп, тез арада тұтынушылар кооперациясының орнын басып алды.

Басты бағыттардың бірі – халықтың тауарларға сұранысын қанаттандырып, қызмет көрсету болып саналды. Аудандық быткомбинат ауданның әр тұрғынына 23 сомнап астам қызмет көрсетіп, бағдарламаны орта көрсеткіштен жоғары орындады. Бірақ негізгі 14 қызмет көрсету түрлері бойынша 9 ғана жоспарды орындады. Бұл кәсіпорынның жұмыс жасай бастағанына өте көп уақыт өтті. Бұл уақыт ішінде ол жоғары беделге ие болып, бірталай жетістіктерге жете білді. Ал енді жетістіктерге жетіп отыр деуге қиын болатын. Быткомбинат ұжымы жұмыс істеп жатты, бірақ кейбір қызметкерлер қысқартылу астына түсіп қалды. Ал жұмыста қалғандары қиындықтарға қарамай, халыққа қызмет көрсетіп, өз игі істерін жасап жатты. Тұрмыстық қызмет көрсету көлемі

орындалса да, шығыны 20000 сом құрады. Экономикалық қатынастардың үзілуі өндіріске әсер етті. Шикізат пен материалдарды табу жылдан жылға қиындай түсті. Комбинатты шекешелендіру мәселесі – көкейтесті мәселелердің бірі еді. Онсыз комбинат дағдарыстан шыға алмайтын еді. Және де оның экономикасын көмір мен электроэнергия «құртты». Қызмет көрсетудің бағаларын көтере алмады, өйткені халық келмей қоятын еді. шикізат пен мата күннен күнге қымбаттады. Аз ақшаға әртүрлі тапсырыстарды орындауға кірісті. Болашақтары бұлыңғыр еді.

1994 жылы аудандық газетінің редакциясына кейбір шараларды қолдануға тура келді. Жаңа жылдың басталуымен газет өз оқырмандарын «Мартукские новостиінің» көлемі екі есе қысқартылғанын хабарлады. Бұл қағаздан тапшылығына байланысты еді. Осы қиындықтар Қазақстанның өз валютасына көшуінің әсерінен және Ресейдің целлюлоза-қағаз комбинаттарына ақша аударалмау салдарынан туындады. Республикалық газеттерінің барлығы да осындай жағдайда еді. Бірақ қиыншылықтарға қарамай, 1992 қорытындысы бойынша Мәртөк типографиясы, ауданның басқа мекемелеріне қарағанда, жақсы нәтиже көрсетті. Газет шығару жоспарын орындап, бланк өнімдерінің 97,6 % өткізді.

Сол уақытта елімізде жекешелендіру болып жатты. «Сельхозхимия» кәсіпорны 1981 жылы құрылды, ал 12 жыл өткен соң ол «Плодородие» мемлекеттік кооперативтік ұйымы деп атала бастады. Ол аудандағы ең бірінші жабық түріндегі мекеме болды. Мүлігінің барлығы сонда жұмыс жасайтын адамдардың, ұжымның меншігі болып табылатын. Ақциялары болған жоқ, сондықтан кез келген адамдар дивиденттер ала алмады. 1992 жылының қаңтар айынан бастап бұл ұжым Мәртөк «Плодородие» кәсіпорны деп аталды. Бұдан бұрын кәсіпорын шаруашылық есеп айырысудың екінші моделі (1989 жылы) мен жекешелендіру (1991 жылы) басынан кешірген. Сол уақыттағы аудан жағдайында онша қозғалып, жұмыс жасай алмайсың. Кәсіпорындар бағалардың өсу әсерінен нашарлап жатты. Сондықтан шаруашылық есеп айырысудың екінші моделі бойынша шығынға қарсы механизм толық жұмыс істеп, жұмыстың осылай ұйымдастырылуы нарықтық қатынастарға бейімді еді.

90 жылдардың аяғында шағын бизнес дами бастады. Микронесие деген ұғым пайда болды. Микронесие – кредиттің бір

түрі, ол кәсіпкерліктің дамуына жағдай туғызып, аз қамтылған тұрғындардың өз-өздерін жұмыспен қамтуына бағытталған. Ауданымызда жұмыс орындары жетіспейтін еді, ал микронәсіе адамдарға өз ісін ашып, аяқтарына нық тұруына мүмкіндік берді. «Микрокредит» Мемлекеттік емес ұйымы еліміздің «Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білім алуы мен дәулеттілігі» деген ұзақ мерзімді қағидасын жүзеге асыру мақсатында пайда болды. Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясына сәйкес үкімет Қазақстан Республикасының ең аз қамтылған азаматтарына 1998 – 2000 жылдары микронәсіе беру Бағдарламасын бекітті.

Сол уақытта ауданымызда электр қуатын сөндіре бастады, жарық тұрғындарға кесте бойынша берілді. Сондықтан ауданымыздағы көптеген мектептерінің жағдайы да қиындай түсті. Өйткені отын табу мәселесімен қатар электр қуатының көмегімен жылытылатын мектептерін де жылыту мәселесі туды. Аудан орталық мұғалімдер ұжымы электр қуатымен қамтамасыз етудің қиын жағдайын ескеріп, 1-2 күндік еңбек ақыларын электр қуатына аударды. Бұл шараны мектептерде оқу барысы үзілмес үшін қолданды.

1990 аудандағы оқушылар саны 5747, мектепке дейінгі мекемелердегі балалар саны 2278 болды. Оқыту-тәрбие жұмысымен айналысатын мұғалімдер саны 816 болды.

1985 – 1999 жылдар аралығында екі мектеп, 1 балабақша, 6 жастағы балалар үшін 7 қосымша блок салынып, орталау мектепке – 2, орта мектепке – 6 мектеп аусып, 3 бастауыш мектебі ашылды.

Халыққа білім беру бюджеті аудан бюджетінің 56 % құрады. 14 мектептің материалдық базасы қанағатсыз жағдайда болды. Мектепке дейінгі мекемелер аумағын 100 орынға дейін көбейту керек болды. Ауданда барлығы 16 орта, 15 орталау, 6 бастауыш, 5 мектептен тыс, 42 мектепке дейінгі оқу орындары болды. Олардың ішінен оқыту және тәрбие жұмысы қазақ тілінде жүрді. Бұлар – Құмсай, 13 жылдық Қазақстан және Мәртөктегі «Балдырған».

Аудандағы барлық мектептерінің ішінен екі орта мектепте: Құандық орта мектебі және Мәртөк орта мектебі, Жаңатан орталау мектебі мен Құмсай бастауыш мектептерінде оқыту қазақ тілінде жүрді. Бұл мектептерінде оқып-тәрбиеленген балалар саны 8 мыңнан асты. Сол кезде ауданның әр елді-мекенінде оқу орны бар еді. Бұл қосымша 3 бастауыш мектептің ашылуына себеп болды. 2 бастауыш

мектепті – орталау және 4 орталау мектебі – орта мектептеріне айналдырылды. Мұндай ауысу базалық білім беруге бағытталып, әрі қарай жалғастырылды. Осы мақсатпен 1984 жылы Мәртөкте өндірістік оқыту комбинаты ұйымдастырылды. Мұнда аудан орталығындағы 3 мектептің 8 – 11 класс оқушылары оқыды. Өндірістік комбинатында 2 жыл оқығаннан кейін мектеп түліктері жүргізуші, механизатор, тігінші, дүкенші мамандықтарын алып шығатын болды. Өндірістік комбинаттың техникалық базасы негізінде оқушыларға білім беруге толық мүмкіндігі бар еді. Мұнда слесарлық, ағаш шебері шеберханалары, тігін цехы, механика және авто дәрісханалары болды. 3 ДТ-75 тракторы, МТЗ-80, ГАЗ автомобильдері, ДДА-100 суарғыш құрылымы, насос станциясы, ауылшаруашылық құрал-саймандар жиынтығы бар еді. Өндірістік комбинатқа «Победа» колхозынан 14 га жер бекітілген, мұнда оқушылар ерсектермен қатар еңбек етіп, ойлау мен өз бетімен шешім қабылдауға үйренді. Осы жерге 5 гектар асқабақ, 9 гектар қызылша еккен. Еңбек тәжірибесінде балалар балабақшаларға жиі жасаған. Тігін цехында перделер, халаттар, алдыжапқыштар тіккен. 1990 жылы Мәртөк өндіріс комбинатының оқушылары Республикалық слетке қатыса алған. Біздің ауданымыздан Сергей Лосев, Петр Камерцель, Юрий Срибныйлар қатысқан. Өндіріс комбинатының арқасында Мәртөк оқушылары болашақ мамандықтарына алғашқы қадам жасаған.

90 жылдардың ортасы – ауданның босап жатқан ғимараттары күйініш сезімін ұялатқан қорқынышты жылдар. Трикотаж фабрикасының филиалы, ПМК-17, сыра зауыты, нан зауытының аулаларын шөп басты. ПМК-17 кеңсесі, мәдениет-демалыс паркіндегі кафесі, бұрынғы аудандық быткомбинаты жартылай қиратылып, бұзылған. Бұрын мұнда тамаша тігін цехы болған! Ол ауданның барлық тұрғындарына қызмет көрсеткен. Мұнда нағыз шебер тігіншілер жұмыс істеген. Олардың барлығы да қайта құру кезеңінің келуімен жұмыссыз қалды. Тек қана бірнеше тігінші бірігіп, «Лада» шағын кәсіпорнын құра алды. Оны Г.А.Гаврюк басқарды. Қирап тұрған негізгі ғимаратының аясында, шөп басқан аулада, бұрынғы химчистканың ішінде «Лада» орнадасты.

Аудадағы құрылыс тоқтап қалды. Құрылыс материалдары болған жоқ, тіпті башқұр ағаштары да келмей қойды. Кеден жүйесі барлық байланыстарынан айрылды. Баяғы 30-40 вагон ағаштың

орнына 4 қана вагон алып тұрдық. Бірдеменің құрылысын бастайтын мүмкіндік болды ма? Шифер өкелу жағдайы да осылай – 1 ғана вагон. Құрылыс бригадалары да жетіспеді. Құрылыс жүргізетін ешкім болған жоқ. Бұрын жалдамалы жұмысшылар келетін еді, қазір олар да жоқ. Аудан шаруашылықтары МІМК-17 мекемесімен ешқандай келісім-шарт жасаған жоқ. Уақытында тапсыратынына кепілдік бере алмады. Сондықтан оның ұжымы жұмыссыз қалды.

1997 жыл. Өндірістің тоқтамай төмендеуі. Өндірістік кәсіпорындары 74 % ғана өнім шығарды. Дебиторлық қарыз 44,4 млн. теңгеге төмендеді, ал несиелік қарызы 166,5 млн. теңгеге көбейді. Кәсіпорындарының ішінде тек «Ремонтник» өндірісін көтере алды, әсіресе бұл вагондарды жөндеуден көруге болатын еді. Мұнда нан пісіруімен қатар сыра шығару жоспарланған. Ал бор зауыты 20 %, тон зауыты 23 %, май зауыты 30 %, аудандық тұтынушылар кооперативі тек қана 4 % өнім шығарды.

Бюджетке төлемдер азайды. Ауыл шаруашылығында үлкен өзгерістер болды. Қайта құру тодыққанды жүріп жатты. Ауданда 34 өндірістік кооператив, 5 жауапкершілігі шектеулі серіктестік, 10 акционерлік қоғам, 65 шаруа қожалығы бар еді.

Жаппай бөрі жаман болған жоқ. 90 жылдары аудан тарихының жақсы жерлері де болды.

Бұл біріншіден, біздің ауданға 1993 жылғы 26 тамызындағы Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың келуі. Мәртөктіктер елбасын жылы қабылдап, оның жүргізіп жатқан саясатына қолдау көрсетті. Оның сапары Ақтөде ауданынан басталып, Шевченко атындағы колхозынан өтіп, Мәртөк жерінде жалғасты. Президент «Феррохром» АҚ жаңа сүт цехін ашты.

Қазақстан Республикасының аумағынан тыс тұрып жатқан жергілікті ұлт өкілдеріне Қазақстан Республикасының азаматтығы заңды түрде берілгеннен кейін, Монголиядағы қазақтар ата-баба жеріне көше бастады. 1992 жылдың тамыз айының ортасында Мәртөк ауданына Баян-Өлгей аймағынан 25 отбасы (бір ауыл) көшіп келді. Оралмандарды зақсылап тұрып қарсы алды. Монғол қазақтары біздің ауданға келген ең бірінші оралмандар еді. Олардың артынан басқалары да келді. Байырғы мәртөктік болмағанымен, оралмандар «жергілікті емес» деген түсінікті теріске шығарып, керісінше Мәртөк өлкесінің байлығын қолдап, ғылымда, мәдениетте, әдебиетте, спортта оның атағын шығаруға тырысады.

Мәртөкте жаңа заманға сәйкес жаңа үлгідегі ғимараттар пайда болды. Бұл – аудандық аурухана, аудан әкімияты, аудандық телекоммуникация торабы, прокуратура.

1995 жылғы наурыз айының аяғында «Шоқаш» кіші кәсіпорын ұжымы бірінші вагон титан рудасын Лесаков кен байыту комбинатына жіберді.

Мәртөкте өте жақсы жұмсақ жиһаздар істеліне бастады. Бұл бұйымды «Актюббйтмебель» фабрикасының филиалы шығарды (жиһаз жасаушылар – Павленко Евгений Миронович және Мамалыға Виталий Николаевич).

Ең тұрақты кәсіпорындарының бірі – Жайсаң тон зауыты. Ол шикізат тапшылығы мен кедендік қиындықтарына қарамастан, жұмыс жасай берді. Цехтар жөндеуден өтті, келісімдерге қол қойылды, шығарылатын өнімдердің санын көбейтті және жалақыны 50 % көтерді. Қой терісінен істелген тон мен қолғаптан басқа, тәжірибе цехі теріден күрте, саусақты қолғап, аяқ киім, ішкі киімнің тігуін меңгерді.

1992 жылы «Жайсаң» кеден бекеті ашылды. Аудандық кедендік жұмыс объектісі 220 шақырымға созылды. Бір тәулікте кеден бекеті арқылы бірнеше жүздік автокөлік өтеді. Және де әрқайсысын дұрыс тексеріп, ресімдеу қажет. Қазақстан Республикасының мүддесін қорғап, кеден қызметкерлері адал ниеттерімен жұмысын атқарады.

Алматы – Самара жолы халықаралық болып табылады, сондықтан кеден қызметкерлеріне үлкен жауапкершілікті артады, қырағылықты бірде-бір минутқа әлсіретуге болмайды. Бұл қызмет ету деген.

Осы жылы Мәртөкте аудандық жер қатынастары мен жер құрылымы комитеті ашылды. (бірінші төрағасы – Н.К. Үмбетов)

Жер – елдің ең басты байлығы, сондықтан жерді есептеуге байланысты сұрақтар өте маңызды. Біздің ауданда дербес басқару органына жер реформасын өткізу қажет болды. Колхоз бен совхоздардың қарамағындағы жерлер бөлшектерге бөлінген еді. Әрбір жер иесіне құқықтық куәлігі берілді, олардың жалпы саны 17112 дейін жетті. Жер комитеті көп жылдар бері 1991 жжылғы «Жер өзгерістері туралы» Заңын, 2001 жылғы «Жер туралы» Заңын, 2003 жылғы «Жер кодексін» жоспарлы түрде жүзеге асырып келеді.

Сол кезде біздің ауданда «Қазақ тілі» қоғамы құрылды. Оның мақсаты мен міндеті – ана тілін теріңдетіп оқуын насихаттау, ұлттық

рухани мұрасын, салт-дәстүрлерін қайтару. 1990 жылдың 22 ақпанында аудандық Мәдениет үйінде «Тіл – халық жаны» атты Қазақ тілі қоғамының алғашқы ұйымдастырушылық конференциясы өтті. Аудандық Мәдениет үйі жанында әр сәрсенбі, бейсенбікүндері сағат 17.00-ден 18.00-ге дейін тегін қазақ тілі үйірмесі жұмыс жасады.

1999 жылдың 3 ақпанында отбасын жоспарлау жөніндегі «Шаңырақ» клубының алғашқы отырысы өткізілді. Клуб отбасын құруға дайындалып отырғандарға, жылы сөз, кеңес естігісі келгендерге, дәрігерлік көмекті қажет ететіндерге көмек көрсетуге міндетті. «Шаңырақ» клубы отбасы, әйелдер, демографиялық саясат мәселелерін қозғады.

Сол жылдары аудан тарихындағы маңызды оқиға – бұл Мәртөк теледидар бағдарламасы жұмыс жасай бастады. Эфирдің радиусы 50 км дейін жетті. Іріктеуден өткен бірінші жүргізушілері – Хакимова Анар мен Саламатина Мариана болды. Теледидар бағдарламасының көмегі арқылы жергілікті басқарушы органдары халықты аудан өміріндегі өзгерістері туралы хабарлап отырды, жеке кәсіпкерлер өз өнімдерін белсенді жарнамалап отырды. Ал жай тұрғындар өз тумаларын мерекелерімен құттықтады.

1993 жылының ақпан айында «Қазақ тілі» ұйымының ақсақалдар кеңесі аудан тұрғындарынан, кәсіпорын, мекеме басшыларынан, колхоздардан мешіт салуға көмек сұрады. 1999 жылдың 16 шілдесінде мұсылмандардың қасиетті жұма күні көптен күткен бірінші мешіт ашылды. Бұл мерекені Қызылжар ақына А.Тізілбаев мешіттің ашылуына арнап жазған өлеңімен ашты. Мешіт құрылысының бас демеушісі «Қызылжар» өндірістік кооперативінің басшысы Т.Сағызбаев еді.

Өкінішке орай, қаржының жетіспеуіне, құрылыс материалдардың жетіспеуіне, ауыр заттарды көтеретін кранның болмауына байланысты құрылыс тұрақты жүргізілмеді. Ол 6 жылға созылды. Сонда «Красный пахарь» колхозы тақтай, аудандық коммуналдық шаруашылығы – цемент беріп, орман шаруашылығы есік, терезе жасап берді. «Ремонтник» АҚ жар құюға арналған темір құралдарын жасап берді. «Жайсаң» АҚ шегемен қамтамасыз етті. Аудандық әкімияты да үлкен көмек көрсетті. Бюджеттік емес қордан 200 мың теңге бөлінді, бұл ақшаға төбені жабатын материалдар алынды. Жем-шөп дайындау жоспарын артығымен орындағаны үшін

облыстық әкімияттан ауданға берілген сыйлық ақысынан 2 жыл бойы 80 мыңнан мешіт құрылысына беріліп отырды. Тағы бірнеше мекеме мен кәсіпорындар мешіт құрылысына қаржы бөлді. Бұл – баяумен қамтамасыз еткен «Алтын астық», «Жайсаң», «Бірлесу», ДВП берген «Агроснаб», темір, цемент, бетон плиталарын берген «Жанару», «Жеңіс», «Бөрте», «Май» мекемелер мен кәсіпорындары еді. Құрылысты электр қуатымен үздіксіз қамтамасыз еткен Мәртөк энергожелі учаскісі. Хлебодаровкадан мешіттің айналасын қоршау үшін темір қоршағыш алып келіп, «Қараған» ЖШС мен аудандық ішкі істер бөлімі құрылыс қоқысын шығарып, орман шаруашылығы қара жер әкеліп төкті. «Тон», «Феррохром» АҚ, аудандық білім бөлімі, аудандық байланыс торабы әртүрлі көмектерін аямады. Жерлесіміз Рауль Мирхайдаров Ташкентте жасаған айшықты сыйға тартты.

Құрылыстың соңғы кезеңінде «Ерлан» шаруашылығының жетекшісі М.С.Жанғалиев белсенділік көрсетті. Терезесін әйнектеу, мешіттің айналасын ретке келтіру, асфальт төсеу сияқты жұмыстарды атқарды. Басқа ұйымдар бензин, жанармай, көлікпен қамтамасыз етті. «Қызылжар» шаруашылығы құрысшыларға еңбекақы төлеп, оларға ет, ұн беріп отырды. Қызылжар, Нововмихайловка, Қарашай, Жайсаң, бұрынғы Карл Маркс, Ленин колхоздарының тұрғындары өз еріктерімен қаржы жинап тапсырды. Бұл қаржыны арнаулы ұйымдастырылған комиссия керек деген жерлерге бөліп отырды.

1990 жылы Ақтөбе облысының жер суландыру шаруашылығы Мәртөк жерін суландыру жұмысын жүргізді. Бұл жұмысқа келергі келтіретін «Первомай» совхозындағы көктемде қар суы жиналатын тоғандар бұзылды. Бұзылған тоғандардың құны қайтарылып (30-40 мың теңге), басқа жерден (1 км жоғары) тоған жасау ұйғарылды.

Мәртөктің қасында табиғаты тамаша, көрікті Яблуновский тоғаны бар. Тоған баяғыда, бірнеше онжылдық бұрын салынған. Тоғанның суы таза бұлақ суынан жиналған, айналасынды ағаштардың, шөптің ыңеше түрі өседі. Нешетүрлі балық бар. Елек өзенінің суы лас болғасын, аудан тұрғындары Яблуновский тоғанының жағасында демалып, балық аулайды. Бұл тоғанның да жойылып кету қауіпі болғанын аудан тұрғындарының көбісі біле бермейді.

Оның айналасында үйіліп тұрған қоршауы канал салушыларға

кедергі болып тұрды (канал бір жарым километр төмен өткен еді). Тоғанның көктемде асқан суы гидротехникалық құралдарды шайып кетуі мүмкін еді. Құрылысшылар тоғанды бұзғылары келіп қоймады. Бірақ тоған болмаса да, көктемде еріген қардың суы бәрі бір ағар еді. Және де тоғансыз су ескі арнасымен егін үстіңкі кетер еді. Тек «Первомай» совхозы мен аудан орталығының тұрғындарының араласуымен бұл тоған бұзылмай, сақталып қалды.

1999 жылының 30 науырызы - ауданымыздың тарихындағы елжүлі күні. Дәл осы күні «Отан» партиясының құрылу конференциясы өтті. Оның қарсаңында, 1 наурызда Алматыда Республикалық «Отан» партиясының съезі өтті, онда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев сөз сөйледі. Партияның мақсаты – қоғамның әрі қарай демократиялануына бағытталған саяси және экономикалық реформаларды белсенді жүзеге асыру, әлеуметтік даму мен еліміздің тұрақтылығын сақтау, ұлтаралық және конфессияаралық келісімді нығайту, азаматтардың патриоттық сезімі мен Қазақстан Республикасының жанжақты және үйлесімді дамуы үшін мақтаншы пен жауапкершілік сезімдерін ояту.

Осы жылдары Қазақстан халқының санағы өткізілді. Санақ бойынша Мәртөк ауданында 30899 адам есептелді, солардың ішінде еркектер – 15016, әйелдер – 15883. Қазақтары – 14990, олардың еркегі – 7100, әйелі – 7190.

1999 жылдың 28 тамызында аудан орталығында «Мақсат» ЖШС салған жаңа базар ашылды. Ал бір жарым айдан кейін, 17 қазанда, Мәртөкте Ақтөбе медициналық колледжінің филиалы ашылды. Бір ай өткен соң, қарашаның 27-де, аудан орталығында тағы бір оқу орнының филиалы ашылды. Студенттерді Ақтөбе гуманитарлық колледжі қабылдады.

Ұзақ дағдарыстан кейін ауыл шаруашылығында өзгерістер басталды.

1999 жыл. Бұл жылы ауданда дөңді дақылдарының отырғызылған көлемі – 62394 га. Жинау кезіндегі нәтиже - 58839, орташа өнімділігі – бір гектардан 9,4 ц.

Ең үлкен егіс даласы – бидай даласы болды – 43074 га, өнімділігі бір гектар жерден – 9,1 ц. 16528 га жерінде егілген арпаның орташа өнімділігі – 10,9 ц, сұлының 687 гектарында – 0,8 ц, тары (1125 га) – гектардан 4,1 ц еді. 338 га жерге гречиха егіліп, 111 тонн өнім алынды, яғни бір гектардан 3,3 ц.

Ең жоғары өнім көрсеткіштері «Ақ қайын – 2» ЖШС (Шевченко с.) еді, оның алған өнімі 1 гектардан – 13 ц. Бірақ бұл шаруашылығының егіс даласы үлкен емес еді – 1,2 мың га. ал «Родник» ЖШС-і 9200 га егін егіп, әр гектардан 10 ц астық алды.

«Хазірет» АЖҚ ең жоғары нәтижелерге жетті. Егіннің аумағы – 8,5 га, ал өнімділігі – гектардан 11,7 ц болып, жалпы ұнталған өнім көлемі 9,9 мың тонның қасына жетті. Шаруашылық үлкен табыс алды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 14 желтоқсанындағы Жарлығымен «Хазірет» АЖҚ жетекшісі С.А.Тәңірбергенов ауыл шаруашылығында жоғары көрсеткіштерге жетіп, табанды еңбек еткені үшін «Құрмет» орденімен марапатталды.

Келесі жылғы егін жерлеріне 10272 тонн тұқым қарастырылды. Бұл мамандардың пікірінше, 90 мың га жерге жету керек болды, бірақ алға қойылған мақсат – 100 мың га жерді егіп тастау.

Ең үлкен көкөніс бақшасы Абиль Гасанович Гасановта болды. Қаратаусайтың қасындағы тастап кеткен жерлерінде ол 20 га көртөп, 5 га қырқабат, 3 га сәбіз екті. Суару жүйесін орнатты. Жұмысқа Қаратаусайдың 20 адамын алды. Олар жеті ай бойы жұмыспен қамтамасыз етілді. Өсірілген өнім жұмысшылардың жалақыларын төлеуге мүмкіндік берді, өзіне де пайда түсті.

Өткен жылдармен салыстырғанда ауданымыздың жалғыз нашар көрсеткіші – бұл қойлар санының төмендеуі. Ұжым шаруашылықтарының ішінде қойлар тек қана «Хазірет» АЖҚ болды, 1914 қой. Қой ұстау – шаруашылық үшін табысты және шығыны аз сала.

2000 жыл Мәртөк ауданы үшін өте маңызды еді. Жұмыссыздық әлі жойылмай, халықтың табыстары төмен болса да, ауыл тұрғындарының арасында түсіністік болды. Бұл жыл экономика жағынан біздің ауданымызға жағымды еді: егін аумағы 95,4 мың гектарға кеңейтілді, ірі мал саны 1096 басқа көбейді, ауыл шаруашылық өндіріс пен өңдеу жұмысының дамуына 14,5 млн теңге несие берілді. «Ремонтник» ЖШС-і «Қазақстан темір жолы» өнеркәсіп өндірісімен қатынастарын жаңартты. «Шоқаш» шикізат өндірісінің тағдыры шешілді. Сонымен қатар 6 жыл жабық тұрған аудандық Мәдениет Үйі жұмыс істей бастады.

Мәдениетті қолдау жылы маусым айында аудан орталығының

жастары жөңделген «Жастық» мәдениет және демалыс паркін, соның ішінде би және балалар алаңын сыйға алды.

Сол уақыттағы ауыл шаруашылық жағдайы тұрақтыланып келе жатты деуге болады. Ауданымызда шаруашылықтардың екінші тобына жататын 25 ауыл шаруашылық құрылым бар еді. Ауданның ауыл шаруашылық құрылымдары мен шаруа қожалықтары 1999 жылмен салыстырғанда 33033 га көптеу егіп, өнім алды. 95,4 мың га жерден гектардан 7,4 ц орташа , өнімділігі жағдайында 77,7 мың тонн астық алынды. Аудан бойынша ең көп астық алғандар: «Родник» ЖШС, «Хазірет» АЖҚ, «Қызылжар» ӨК.

Ауыл шаруашылық өнімдерін өндірушілер қарыздарынан құтылуға мүмкіндік алды. Шаруашылық ішіндегі сұраныстарға 6168 тонн, фураж – 8436 тонн, егінге тұқым – 15961 тонн, соның ішінде шаруа қожалықтары -6786 тонн астық дайындалды. Бұрын ауданның шаруашылықтарында тұқымды жаңартуға мүмкіндік болмаса, қазір жағдай өзгеріп, шаруашылықтар тұқымдарын жаңарту ісімен айналыса бастады.

Ауыл шаруашылық өнімдерін өндірушілер және ауыл тұрғындары көртөп пен көкөністерді жеткілікті өсіріп, 70 мың тонн шөп дайындады. 14,9 мың га жер айдалды. 17 мың га пар жерлері өңделді.

Барлық шаруашылық салаларында ірі мал – 27,2 мың бас, соның ішінде 13,9 мың сиыр, 15,7 мың шошқа, 3,1 мың жылқы, 12,9 мың қой мен ешкі бар еді. 1999 жылмен салыстырғанда, малдың барлық түрінің көбеюі байқалды, бұл негізінен жеке секторларда жүзеге асты.

Жалпы өнімнің өрдірілуі 1999 жылғы бағамен алғанда 1698140 мың теңге құраса, жалпы өнім көлемі 1999 жылы 1502000 мың теңгеге тең болды., яғни бұл 13,1 % өсті деген сөз.

Ауыл шаруашылығында тұқым өсіру жұмысын, зиянкестер мен арам шөптермен күресті жақсарту керек болды. Ауданның өнеркәсіп комплексі ол кезде ауыл шаруашылыққа қызмет етіп, ауыл шаруашылық өнімдерді өндірегін кәсіпорындардан тұрды.

Аудандағы жетекші кәсіпорын «Ремонтник» ЖШС болып есептелді. Мұндағы жағдай жақсарып, «Қазақстан темір жолымен» жылжымалы составтарды жөндеу бойынша қызмет көрсету жөніндегі келісім-шарт жасалды.

Жыл бойы өндіріс көлемі тұрақты өсіп, 31,3 млн теңгеге дейін жетті, бұл 1999 жылдың сәйкес мерзімінен 148 % жоғары еді.

2000 жылы «Ремонтник» АҚ шұжық цехының тұсау кесер рәсімін өткізді. Мәртөкте бұрын шұжық цехы болған, Жайсаңда да болған. Бірақ жабылып қалғандарына бірнеше жыл болды. Ол жерде нан цехының жұмыс жасағанына біраз болып қалды, ғасыр басындағы мәртөктіктер бұл цехтің өнімін жақсы таниды. – бөлкелі нан. Онда ұннан басқа да тәтті тағамдар жасалатын болған. Цехты В.П.Руденко басқарды. Цехтің қуаттылығы арқасында 3 аусым ішінде бір жарым мың бөлке нан пісіруге болатын еді. Шұжық цехі айына 800 сүрленген өнім мен 1 тонна шұжық өндіретін еді.

Аудан аумағында титан-цикрониялық рудаларының кені бар. Рұқсат қағазын алып, Ақтөбенің «Феррохром» АҚ кенді өндіру жұмысын әрі қарй жалғастыруы маңызды оқиға еді. 3 сүт өндіру кәсіпорынның – «Феррохром» АҚ, «Алғабас» ЖШС және «Нияз» ЖШС-нің сүт цехтары ерекше орын алды. соңғы екеуі 2000 жылы ашылды. «Алғабас» ЖШС тұшпараларды шығара бастады. Ондаған мәртөктіктер жұмыс тұрды. Тұшпаралар, әрине, ауданымызда өсірілген ұн, етімізден жасалатын болды.

Айта кететіні: сүт болмаған мезгілдері «Алғабас» ЖШС тұшпараларды шығаруымен шұғылданды. «Нияз» ЖШС мен «Феррохром» АҚ-ның сүт өндіру цехтары қоюландырылған сүт пен лиман сіпесін шығаруды жоспарлап қойған.

1999 жылы ауданда тағы бір «Анюта» атты инкубаторы ашылды. «Мәртөк – Север ШҚ Ассоциациясы» ЖШС өнеркәсіп комплексінің қайтадан жұмыс жасағаны қуантады. Мұнда диірмен, сусын жасау өндірісі апылып, жақын арада тұшпаралар шығарылып, дүкен ашылды. «Север» шаруа қожалықтарының ассоциациясы бұрынғы аудандық тұтыну кеңесінің тоқтап қалған кәсіпорындары: нан зауыты, сыра зауыты, дайындау кеңсесінің жұмысын жандандыруын қолға алды.

Шағын бизнестің дамуы әлеуметтік шиеленістердің төмендеу себебі болып, халықты жұмыспен қамтамасыз етіп, сондай-ақ салықтың төмендеу көзі ретінде өз жетістіктерін беріп тұрды. Ауданда 613 бизнес субъекті, соның ішінде 46 заңды, 567 жеке тұлға тіркелген. Шағын бизнес субъектілері өндіретін өнімнің жалпы көлемі 651,7 млн теңге құрады. Осы саланың салық төлеушілері бюджетке 41,5 млн теңге төледі.

Бұл салада жұмыс жасайтын адамдардың саны 3 мыңға дейін жетті. 24 пайызы - халықтың экономикалық белсенді бөлігі.

Аудандық телекоммуникациялар торабы үлкен жұмыс атқарды. Мәртөк ауданында 10 телефонды станциясы, біреуі ведомстволық («Қызылжар» ӨК) және аудандық телекоммуникациялар торабының 9 станциясы жұмыс жасады. Барлығы 3050 номер сиып, солардың ішінен жалпы 1539 номер, ал аудан орталығында 1171 номер жұмыста қолданды.

Ауданның білім беру мекемелер жүйесіне 41 мектеп кіреді. Солардың ішінен 6326 оқушысы бар 10 мектеп қазақ тілінде білім береді. Мектептен тыс 2 мекеме – БЖСМ (ДЮСШ) мен өнер мектебі, қосымша білім беретін 2 мектеп – ОӨК, ОӨШ, 60 адамға арналған 3 мектеп жанындағы интернат жұмыс жасады. 2000 жылы ауданда 729 мұғалім қызмет етті, соның ішінде 439-ы (60,2 %) жоғары білімді мұғалімдер.

Ауданда 90 жататын орны бар «Орталық аудандық аурухана» Мемлекеттік Қазыналық Кәсіпорны, 10 жататын орны бар «Қызылжар селолық ауруханасы», отбасылық дәрігерлік амбулаториялар мен 19 фельдшерлік пункт және Хазреттегі 1 фельдшерлік-акушерлік пункт (ФАП) жұртқа медициналық қызмет көрсетті.

2000 жылғы 24 шелдеде Мәртөк ішінде автобустық маршруттық қозғалыс жандандырылды. Арасына 30 – 40 минут салып, 12 аядамасы бар жолмен жүрді. Жүріс ақысы – 20 теңге, соғыс ардагерлері, балалар мен «Верона» орталығының қызметкерлеріне (бұрынғы сыра зауыты) жеңілдіктер берілді. Аудан орталығы ауылға теңселсе де, ауылдың бір шетінж екінші шетіне дейін 3 – 4 шақырым жер бар. Бұндай қашықты жаяу жүру қиын.

Бұл жыл Мәртөк элеватор қызметкерлерінің де есінде қалды. Бірнеше жыл ол Германияда тұратын адамның жеке меншігі болып есептелді. Өз кәсіпорнына қожайыны ақша түсімдерін алып кету үшін немесе мүлігінің жартысын сату үшін келіп-кетіп жүрді. Шын мәнінде, бұл элеватор жұмысының соңы еді: астық қоры бітіп, жаңа астықты мұнда ешкім тапсырмайтын болды, өйткені астық сақтау бағасы өте жоғары еді. Ал 2000 жылдың жазғы маусымда элеваторға жаңа дем бітті. «Хлебный Дом» ЖШС пайда болды. Ол элеваторды әрі қарай сатып алу мақсатымен жалға алды. «Ораз» ЖШС (Ақтөбе қ.) мен «Әліби» агрофирмасы (Астана қ.) «Хлебный Домның»

В целях реализации молодежной политики проведено заседание молодого политика и выпущен информационный бюллетень. Совместно с представительством партии «Отан» проведено заседание круглого стола на тему «Формула успеха» по реализации Послания Президента страны в части образования, жилищного строительства и развития предпринимательства.

В целях реализации Программы «Культурное наследие» в Мартукском районе 22 апреля 2004 года была организована краеведческая экспедиция «Мирас». В состав экспедиции вошли самые активные люди, интересующиеся историей родного края. Первый выезд состоялся в рамках Года России в Казахстане. Экспедиция посетила приграничный район и встретилась с акбулакской экспедицией «Дружба». Спустя год, члены районной краеведческой экспедиции «Мирас» побывала в Хобдинском районе, приурочив поездку к 80-летию А. Молдагуловой. Кроме того экспедиция много работает над исследованием нашего района, ведь он уникален своей историей, природой, людьми, событиями. Цель экспедиции накопить, обобщить, опубликовать краеведческий материал, чтобы будущее поколение могло изучать историю и по всему краю.

В текущем году, введены в эксплуатацию четыре многоквартирных дома в с. Мартук, начато освоение средств по строительству еще 4-х домов в с. Мартук – подрядчик, согласно проведенного тендера- ТОО «Эконс и К».

На стадии завершения ремонтные работы системы водоснабжения в с. Кенсахара, ведется строительство и реконструкция системы водоснабжения в с. Мартук.

Проведены тендера на осуществление капитального ремонта учреждений образования - четыре объекта на 12,6 млн.тг, четырех объектов здравоохранения на 8,8 млн.тг, на данный период идет заключение договоров. Завершены ремонтные работы Яйсанской ПШ-13 (5 млн.тг), идут ремонтные работы в Яйсанской спецшколе (3,6 млн.тг)

В 2005 года в районе проделана определенная работа по телефонизации населенных пунктов:

-направление Мартук- Казанка переведено с воздушной линии на кабельную, что дало возможность увеличения каналов межстанционной связи с 2 до 15 каналов;

құрылтайшылары болып, ірі астық компаниясын құрды. Солай элеватор астыққа толып, адамдар жұмысқа тұрды.

Бұрын айтылғандай, аудандағы кәсіпкерлік өсе бастады. Оның 613 субъектісі пайда болды, ал бір жыл бұрын екі есе аз еді. Бір жыл ішінде кәсіпкерлікпен айналысатын адамдар саны 1330-дан 2820-ға дейін өсті. Және бұл көрсеткіш күннен-күнге артып келе жатты, өйткені адамдар осы салаға үздіксіз жұмысқа алынып жатты. Кәсіпкерлердің аудан экономикасына қосқан үлестері көріне бастады. Бір жылдың ішінде шағын және орта бизнес субъектілерінің көрсеткен қызметтері мен өнім көлемі үш есе көбейді. Сауда жақсы дамыды, аудан орталығында ғана 32 сауда орны бар еді, бұл өткен жылмен салыстырғанда – екі есе көп еді. Тек халыққа қызмет ету саласы артта қалып бара жатты.

Қаражат қиыншылықтарына қарамай, механикаландырған орман шаруашылығы өз жұмысын белсенді атқарып жатты.

3 сүт өндіру цехі, 5 наубайхана аудан орталығы мен жақын ауылдарды сүт, нанмен қамтамасыз етіп тұрды. Тек қана бір жыл ішінде жергілікті өнеркәсіп орындарымен халыққа өткізген өнім көлемі екі есе артты.

Зейнетақылар, көптеген жәрдемақылар, бюджеттік саласының қызметкерлеріне жалақы төлене бастады. Ал бұның өзі сауда, кәсіпкерлік, демеушілікке жол ашты. Адамдардың ақшалары болып, тауарларды ала бастады, электр қуаты үшін ақша, салық төлене бастады. Электр қуаты жүйелі беріле бастады. Ауылдар, аудан орталығындағы көше тұрғындары электр қуаты үшін дилерлік төлеу немесе ортақ счетчиктен төлеуді ұйымдастырды. Жаңа АТС-ке көшуіне бағытталған телефон желілерінің қайта құруы басталды. Жергілікті «Жұлдыз» телеарнасының жұмыс жасағанына бір жыл болды. Ауданда тұрмыс жанданды. Бірінші орынға жұмыстың көлемі емес сапалылығы мен тиімділігі шыға бастады, яғни бәсекеге түсе алатын өнім шығарылды. Мал шаруашылығында мал емдеу мен тұқым мәселесіне назар аударылды. Егін егуде – атқарылған жұмыс табысты болу үшін агротехника мен тұқымзерттеу жұмысы маңызды еді.

2000 жылдың 20 қыркүйегінде облыстық мәслихат пен облыс әкімі «Алға, Мәртөк, Темір аудандарының әкімшілік-аумақтық құрылымының өзгеруі туралы» бірлескен шешім қабылдады. Осы шешім негізінде Мәртөк ауданы әкімінің шешімімен әкімшілік

орталығы Мәртөк селосындағы Мәртөк селолық округі құрылды. Оның құрамына Мәртөк, Казанка, Құмсай елді-мекендері кірді, жалпы аумағы 21164 га.

2001 жылдың мамыр айында ауданда ғасыр басының елжүлі оқиғасы болды. Мәртөкке Евроодағының делегациясы келді. Іскер шетелдіктер бізге өткен ғасырдың басында ғана келіп, Жоса жеріндегі мұнайды зерттеген, бірақ бұл оқиға Николай патшаның кезінде болған. Европа комиссиясының мүшелері бұрынғы ТМД елдеріне бизнестің дамуына сенгінін тигізген. Марион Мешон шағын және орта бизнесте жұмыс жасайтын кадрларды дайындауын қадағалап, Дирк Герлах кәсіпкерліктегі кіші субъектілерінің мәселелерімен айналысты. Брюссельден ұйымның басшысы Тула Хаутала-Ниemi ұшып келді. Ақтөбе облысының кәсіпкерлікті қолдау департаментінің директоры А.Н.Марченко шетелдіктерге серік болып жүрді. Мәртөк жерінің бизнесімен танысу «Анюта» ШҚ-нан (инкубатор) басталды. Делегация мүшелері «Алғабас» ЖШС мен «Нияз» ЖШС-нен оларды қызықтыратын көп мәлімет алды. Кәсіпорының екеуі де дамып, өз өндірісін нығайта түсті, және де олардың өнімдері сатылып алатын болды. Балмұздақ, тұшпаралар, сүт өнімдері жақсы өтін тұрды. Ал «Алғабас» ЖШС Атырауға балмұздақ тасып, ол жақтан балық әкеліп сүрлуді жоспарлаған еді. «Нияз» қоюландырылған сүт өндіретін құрал-жабдықтарды қондырып жатты. Қонақтар Жайсандағы 13-ші өндірістік мектепке, С.Үсенов кәсіпкері сатып алған бұрынғы екі қабатты универмагтың ғимаратына, бизнес-инкубаторына кіріп шықты.

Сол жылдың күзінде әкелеріміздің қатесін түзетіп, Хазіреттегі мешіт қайта ашылды. Оны тек қана жөндеп қоймай, бұрынғы заманда ауданымыздың қазақтарына білім мен рухани азық берген көне мешіт ғимаратының түрін қайтарды.

Аксақал түрлі ұлт өкілдерімен және түрлі дінге сенушілерімен ақылдасып, «Хазірет» ЖАҚ басшысы С.А.Тәңірберген тек қана Ақтөбе жерінің емес, бүкіл Қазақстанның рухани, мәдени байлығы – ауыл мешітін орнына қайта тұрғызуды ұйғарды.

Барлық шығынды «Хазірет» ЖАҚ көтерді. Әрине, мешіттен бұрын суырылып алған тастарды жинай алған жоқ, қазіргі жаңа материалдарды қолдануға тура келді. Бірақ қайта құрушылар бұрынғы мешіттің түрін дәл келтіруге тырысты: орнелі де, бояулары да бұрынғыдай. Қазір сәулеті тамаша мешіт көздің жауын алып тұр.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің он жылдығы мен Мәртөк ауданының 65-жылдығына орай Мәртөк энциклопедиясын шығару ұйғарылды. Бұл ауданымыздың тарихына үңілуінің, ұрпақтарымызға жасаған өмірімізді баяндаудың себепкері болды.

Сол уақытта адамдардың санасы өзгеріп, еліміздің пындық тарихын баяндай бастадық. 31 мамырда, саяси құрбандарды еске алу күні Мәртөкте Қ.Медетов көшесі мен Стрелковая көшелерінің қиылысында митинг өтті. Бұл митинг жерлесіміз, Қамбар Медетовке қойылған стелласының ашылуына арналды. Қамбар Медетовтың аты бұрыңғы Актюбинская көшесіне берілді.

(Қамбар Медетов 1901 жылының 1 мамырында Жайсаң ауылында мұғалімдік отбасында дүниеге келген. Қамбар Медетов Кіші жүз ханы Әбілқайырдың ұрпақтарының бірі, атақты әнші-сазгер Мұхит Мералиевтың жақын тумасы, ұлы күйші Дәулеткерейдің жақыны, және оның қайын атасы, Батыс Қазақстандағы танымал Үсен-төре – атақты күйші Қазанғаштың ұстазы. Қамбар Медетовтің алғашқы ұстазы, әкесі Ерқожа – шебер домбырашы, әнші еді. Үсен-төреден Қамбар көптеген күй үйреніп, өз шеберлігін шыңдайды.

1923 жылы ол қазақ әндері мен күйлерін жазып жүрген А.Затаевичпен танысады. Осы таныстық арқасында Затаевич өз жазуларын айтарлықтай толықтырды. Осы уақытқа дейін Қамбар Медетов 1500 қазақ күйін нотаға салып алған еді. 30-шы жылдары оны Алматыдағы қазақ музыкалық аспаптарды дайындайтын шеберханасына шақырады. Ол өзінің ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында Алматыға саусағынан бал тамған музыканттарды шақыртып алды.

Қамбар Медетов та 30-шы жылдарындағы репрессиялар құрбаны болды. 1937 жылдың қараша айында ол тұтқынға алынып, 10 жылға бас бостандығынан айырылып, Таяу Шығысқа жер аударылды. Сол жерде 1942 жылы Қамбар Медетов қайтыс болды.

Қ.Медетов соншама аз өмір сүріп, жұрттың есінде, тарихта «Ақсақ құлан» халық күйінің асқан шебер орындаушысы болып қалды. Оның орындауын Ромен Ролан жоғары бағалаған. А.Жұбанов, А.Затаевич, Е.Брусилловскийлер бұл туындыны дәл орындауның қиындығы, тіпті мүмкін еместігі туралы айтқан. Медетовтың репертуарына кірген күй-дастандары XX ғасыр сазгерлерінің шығармашылығында көрініс тапты.

Көп жылдар бойы Қамбар Медетов туралы ауыз аша алмадық. Сондықтан да оның А.Жұбанов, М.Бөкейхановтармен бірге Құрманғазы атындағы оркестірінің негізін салушылардың бірі болып, содан соң оркестірдің жетекшісі, кейін филармония директорының орынбасары болып қызмет атқарғаны туралы, солист болғаны туралы бәрі біле бермейді.

Оның атымен Жайсаң мен Мәртөкте көшені атап, стелланың орнатылуы – дарынды күйші, көптеген музыканттар ұстазының ұлы есіміне, кеш болса да, бас иерлігіміз. Стелланы «Ремонтник» ЖШС дайындады. Жобаны енгізген Ж.М.Қарылғашов.)

2001 жылы Мәртөк жерінде күйші-сазгер Қамбар Медетовтің 100-жылдық мерейтойы өтті. Оның атымен Балалар өнер мектебі аталатын болды. Осы БӨМ-нің және Жайсаңдағы мектеп-интернат қабырғаларына естелік тақталар ілінді. Қамбар Медетовтің өмірінен алынған көріністері қойылған ғылыми-практикалық конференция мерейтойдың ең басты шараларының бірі болды. Бұның сценарийін өнер мектебінің директоры Д.Құрманғалиева жазды. Ролде аудандық Мәдениет Үйінің, орталық кітапхананың қызметкерлері мен № 2 орта мектебінің мұғалімдері және оқушылары орындады.

2001 жыл мәртөктіктер үшін жаман болған жоқ. Бұған дәлел: ауданның 70 астам тұрғындары мемлекеттік медальдармен, еліміздің Елбасы Н.Ә.Назарбаевтің алғыс хаттарымен, естелік мерейтой белгілерімен марапатталды. Жыл бойы жүргізіліп жатқан саясатты қолдап, дұрыс түсінген халқымыз Президенттің 11 тапсырмасын орындауға тырысты. Сонымен қатар осы жыл – денсаулық сақтауды қолдау жылы болып жарияланды. Аудан басшылығы әлеуметтік мәселелерді шешу мен экономиканы дамыту жұмысында нақты мақсаттарды көздеді.

Жылдың басында ауданда ауыл шаруашылық өндірісімен 255 субъект айналысты, соның ішінде 1 – акционерлік қоғам, 5 – өндірістік кооператив, 18 – жауапкершілігі шектеулі серіктестік (ЖШС), 242 – шаруа қожалығы. Осы шаруашылық субъектілері 113,5 мың гектар жерге егін егіп, өнім алды, бұл 2000 жылға қарағанда, 17,6 га көп еді. «Родник» ЖШС, «Дина» ШҚ, «Қайсар» ШҚ сияқты ірі шаруашылықтары тыңайған жерлерді жаппай игеріп алды. аудан бойынша дөңде дақылдардың өндірілуі – 91,9 мың тонн, өнімділігі гектардан 8,1 ц.

2001 жылдың қорытындылары бойынша ауыл шаруашылық

өнімдерін өндірушілер алған несиелері, жанармайы, электр қуаты үшін қарыздарын өтеуге мүмкіндік алды. Көртөп пен көкөніс өнімдері жақсы шыққан.

Агротехникалық шаралардың маңызы зор болды. Қыстық арпа 10793 га жерге егіліп, 13400 га жер жыртылды. Ауданда 19,0 мың га жер пар астында жатты. Егін даласының арам шөппен өсіп кетуін тоқтатып, өнімді арттыратын шара ретінде 20 мың га аумағында гербициттер шашылды.

Аудандағы сүт беретін мал шаруашылығының дамуына бағытталған жұмыс жүргізіле бастады. «Құмсай»ӨК осы мақсатпен облыстық бюджетінен бөлінген несие ақшасына сүт беретін 125 бас мал сатып алды.

2001 жылы тұқымды жақсарту мақсатында шаруашылықтардың көбі элит бидайын сатып алды. 2002 жылына 13620 тонн дәнді дақылдары қарастырылған.

«Қызылжар» ӨК тұқым өсіретін шаруашылық атағын алуға сұрау жіберді. 2001 жылы эксперименталдық комиссия шаруашылықты зерттеді. Ірі малдарының жоғары тұқымдық белгілері бар еді. Қазан айында «Қайсар» ЖШС шошқа тұқымын өсіретін шаруашылық атағын алуға сұрау жіберді.

Ауданның ауыл шаруашылығына өндірістік жұмыстардың дамуына арналған 96,1 млн теңге инвестициялар тартылды. 2001 жылы жалпы өнім көлемі 2322,4 млн теңге құрады, ал 2000 жылы бұл көрсеткіш 1698,1 млн теңгеге тең болды.

Ауданның өнеркәсіп комплексі ауыл шаруашылық өнімдерін өндіретін және ауыл шаруашылығына қызмет ететін кәсіпорындарынан тұрады. Бұрынғыдай «Ремонтник» ЖШС үздік атанды. Мұндағы жағдай одан да жақсара түсті, 2002 жылға арналған темір жолының агрегаттарын жөндеу бойынша «Қазақстан темір жолымен» 24 млн теңге тұратын келісімге қол қойылды, бұл 124 адамды жұмыспен қамтамасыз ететін болды.

Ауданда сүт өндіретін кәсіпорындар ерекше орын алады, бұл 2001 жылдың ішінде 1933 тонн сүтті өндірген «Феррохром» АҚ, «Алғабас» ЖШС және «Нияз и К». Цехтың 3-і де сүтті тек қана ауыл шаруашылық субъектілерінен емес, 6 округтің жеке тұлғаларынан да қабылдап алды.

«Алғабас» ЖШС етті өндіріп, түшпараларды шығара бастады, мант пен тефтелдерді дайындау технологиясы қаралды. Барлығы 120 адам жұмыспен қамтылған еді.

«Феррохром» АҚ сүт пежының ұжымы 2001 жылы өнімнің жаңа түрі – сірне массасын, лиман сірнесін шығару технологиясын игерді.

«Нияз и К» ЖШС несие алып, қоюландырылған сүт өндіруімен айналыса бастады.

Бұл жылы ауданды тағы бір инкубатор ашылды. «Қайсар» ЖШС 19,2 мың тауық пен үйрек балапандарын халыққа сатып, 18600 тұқымға қалдырды, 15700 ет түрінде сатты.

2002 жылы ауданда 654 шағын бизнес субъектісі тіркелген, соның ішінде 47 – заңды тұлға, 607 – жеке тұлға. Шағын бизнес субъектілерінің шығарған жалпы өнім көлемі 1334,1 млн теңге, яғни 188 %. Кәсіпкерлікпен айналысатын адамдардың саны 175-ке өсіп, 3178 адам болды. Шағын бизнесінің 42 субъектісі кәсіпкерлікпен 2001 жылы айналыса бастаған.

Бос тұрған жерлерге: «Лакомка» кулинариясы, екі асхана, «Восточная кухня» кафесі, «МАР» жастар видео-аудиостудиясы. Көп жылдар босап тұрған универмаг ғимараты ашылып, онда «ДОС» сауда үйі орналасты. 12 тұрғын үй сауда орындарына айналды.

Фермерлерге көмек беру Фонды арқылы шаруа қожалықтары ақшаның үлкен көлемін игеріп алды. 25 жұмыссыз адам «Микрокредит» НПО арқылы несие алып, өз ісі ашу үшін құжаттарын дайындады.

Ауданда 2000 – 2002 жылдарға аймақтық кедейлік және жұмыссыздықпен күресу бағдарламасы қабылданды.

Ауданда 39 мектеп жұмыс істеді, соның ішінде 20 – орта мектеп, 10 – орталау мектеп, 9 – бастауыш мектеп.

Білім беру жүйесін компьютерлік кластармен қамтамасыз ету 2 плюс 1 бағдарламасына сәйкес барлық орталау мектебі қамтамасыз етіліп, 5 плюс 1 20 компьютерлік класс келіп, қазіргі кезде 39 мектепте 39 компьютерлік кластар орнатылды.

Жыл бойы денсаулық сақтау жүйесінде реформалар жүргізілді. Ауданда 90 орны бар Мөртөк аудандық аурухана, 10 орны бар Қызылжар селолық аурухана, 1 ФАП, 8 СВА, 19 ФП және 13 елді-мекендерде мед.жұмысшылар, стоматологиялық кабинет, 3 дәріхана мен 4 дәріхана киоскі бар еді. 2001 жылы ақысыз медициналық көмек көлемі өткен жылмен салыстырғанда, 37,6 млн теңге немесе 111,6 % құрады. Ақылы медициналық көмек көлемі 1465,0 мың теңге құрады. (2000 жылға қарағанда 143 %)

30 бала «Ақбөбек» орталығында қаралып, емделді.

Аудан аумағында 49 дене шынықтыру ұжымы жұмыс жасап, 66 спорт құрылымы бар еді. Жалпы білім беретін мектептері мен кәсіби мектептерінің 5870 оқушысы дене шынықтыру сабақтарына қатысып жүрді.

Аудан орталығында бизнес-инкубатор жанында шығыс спорт түрлерін үйрететін спорт клуб ашылды, онда 40 бала қатысты.

«Былғары доп» балалар жарыстары қайта басталды. «Қақйрат» стадионының орындықтары қайта салынды. Спорт ойындары мен жарыстардың түрі өтіп жатты.

Барлық аудан мектеп, мекеме, кәсіпорындарында денсаулық бұрыштары жасалып, аудандық денсаулық бөлімі жанында денсаулықты нығайту орталығының кабинеті ашылды.

2002 жылы ауданымызда алғашқы рет ауыл шаруашылық кәсіпорындарының семинар-кеңесі өтті. «АқтөбеАгро» Әйтеке би, Хромтау, Қарғалы, Мәртөк аудандарының бір қатар ауыл шаруашылық құрылымдарының инвесторы еді. Семинар осы фирманың бастауымен өтті. Семинарға бұл фирманың бөлшектері болып табылатын шаруашылықтарының басшылары, мамандары, үздік механизаторлары қатысты. Мәртөк ауданында мұндай шаруашылық «Мәртөк – агросервис» ЖШС еді. Оның құрамына Б.Н.Аманов басқарған бұрынғы «Байторы», «Аққайын», «Бөрте» ЖШС кірді.

Семинар неге Мәртөк жеріде өтті? өйткені мұнда жұмыс жақсы жүріп жатты, бұған «Мәртөк – агросервистің» егін далалары дәлел бола алатын еді. Семинар егін далаларының жағдайын анықтаудан басталды. Егіннің жалпы жағдайы қанағаттанарлық деп танылды: астық та жаман болмайтын болу керек, еңбек пен материалды шығындар өтелетін болды.

«АқтөбеАгро» фирмасының басшылығы өткен жылдары ауыл шаруашылығына аз қаржы саланғаны туралы айтты. Ауыл тұрғындарының жасаған еңбек нәтижелері инвесторларды қуантты. Келесі жылы-ақ ауыл шаруашылығына инвестициялар көлемі көбейді: қосалқы бөлшектер әкелініп, жанармай жеткілікті болды. Тұқым егілер алдында уланды. «Мәртөк – агросервис» ЖШС-нің егін даласы 9 мың га құрады, ал инвесторлар бұны тағы 4 мың га көбейтіп, 2003 жылға дейін егін аумағын 13 мың гектарға жеткізуді жоспарлаған. Олардың мақсаттары орындала бастады. «Мәртөк –

агросервис» егін далаларында қазіргі кезде бидай көптеу егілді, ал егіншілер, инвесторлардың қолдауымен, төрт айналдырып егін егуді жоспарлаған еді. Үш жыл ішінде егіс далалары екі есе өсті, агротехника мен тұқым жақсарту жұмысы да қолға алынды. Фирма аудан дамуына жағымды ықпал ететін инвестор екені анық. Олардың көмегісіз аудандағы машина-трактор паркін де жаңарту мүмкін емес. Фирма өткен жылы 5 комбайн сатып алды. Сонымен қатар, өндірістің ұлғаюы бюджетке салық төлемдерінің көбеюіне әкеледі, соның ішінде жергілікті бюджетке кірістері ауданның әлеуметтік сферасын дамытуына мүмкіндік тудырады. Инвестордың өзі де әлеуметтік-мәдени салаларына, тұрғындарға бұрыннан көмегін көрсетіп тұрған.

Сол жылы Ақтөбе облысы аудандарының ішінде Мөртөк ауданында алғашқы кадастр орталығы ашылып, жұмыс жасай бастады.

Мал шаруашылығындағы алға қойылған міндеттерге жету үшін іріктеу-асылдандыру жұмысы негізінде малдың тұқмын жақсартуда жұмыстар жүргізілуде.

Өткен жылдармен салыстырғанда шаруа қожалықтарында қой басының едәуір өскені байқалуда. Ірі қараны асылдандыру үшін «Фиалка» ШҚ қызыл-дала асыл тұқымды қашардың 21 сатып алды, «Хазрет» ЖШС осы тұқымды қашардың 100 сатып алды.

Соңғы жылы ауылшаруашылық тауар өндірушілермен және аудан тұрғындарымен тірі салмақта 3,5 мың тонна мал және құс өндірілді (2004 – 3,4) өсім 103 пайыз, жалпы сауылған сүт – 18,8 мың тонна (2004- 17,8 мың тонна) немесе 105,6 пайыз, алынған жұмыртқа – 6,2 млн. дана (2004 – 6018 млн. дана) – 100,3 пайыз.

Малшаруашылығында барлық мал басының өсуі байқалуда:

- ірі қара мал- 41,3 мың бас (2004 – 39,5 мың бас) немесе 104,5 пайыз;

- оның ішінде сиыр - 16 мың бас (2004 – 15,8) немесе 101 пайыз;

- шошқа - 36,5 мың бас (2004 – 34,5 мың бас) немесе 106 пайыз;

- қой - 36,5 мың бас (2004 – 19,5 мың бас) немесе 105 пайыз;

- жылқы – 4,8 мың бас (2004 – 4,5 мың бас) немесе 106,6 пайыз;

- құс – 100,1 мың бас (2004 – 95 мың бас) немесе 105 пайыз.

Асыл тұқымды малшаруашылығын қолдау және дамыту мақсатында ауданда ұрықтандыру бойынша жұмыс жүргізілуде. Бүгінгі таңда ауданда қолдан ұрықтандырумен айналысатын 15

пункт жұмыс жасайды. «Қараағаш» ШҚ асыл тұқымды малды өсіру үшін Қостанай облысынан ірі қараның қара-ала тұқымынан 30 бас әкелді.

Үстіміздегі жылы республика бюджетінен көктемгі егіс және жинау жұмысына 84,6 млн. теңге көлемінде қаражат бөлінді, бұған 1395 тонна жеңілдетілген жанар-жағар май алынды. Мемлекеттік азық-түлік корпорация қаражатынан ауданның екі шаруашылығы: «Карасор» және «Казанка» ЖШС егістік жұмыстарға 37 млн. теңге сомасында несиелік алды.

Ауданның Машино-тракторлық паркі қиын қаржылық жағдайға байланысты 1994 жылдан бастап жаңартылған емес, бар техника 80 пайызға құлдыраған.

2005 жылы машино-трактор паркін жаңартуға 348,7 млн. теңге бағытталды. «Казагрофинанс» АҚ арқылы жалпы сомасы 309,6 млн. теңгеге барлығы 7 трактор, 1 тиегіш, 2 жатқа, 2 «Кейс» егу комплексі, 5 «Джон Дир» егу комплексі алынды.

Облыстық бюджет қаржысын пайдалану нәтижесінде жалпы сомасы 39,1 млн. теңгеге 3 «Алмаз», 2 «Камаз» автокөлігі, 4 трактор, 22 дән сепкіш, 1 тұқым улағыш, 1 дән тиегіш, 1 дән лақтырғыш, 4 жатқа алынды. Шаруашылықтардың қаражатына жалпы сомасы 117,4 млн. теңгеге 3 «Бюллер» және 2 трактор алынды.

Ауданымыздың ауылшаруашылық тауарын өндірушілердің бос қаражатын біріктіру бойынша біршама жұмыс атқарылды, нәтижесінде «Мартук» АНС құрылды (АНС - ауылшаруашылық несиелік серкітестігінің 25 ірілі-ұсақты шаруашылық құрылтайшы болды). «Алғабас» ЖШС жанынан жарғылық капиталы 6 млн. теңге құрайтын шағын несиелік мекеме құрылуда.

Ауданның өндірісі тек қана ауылшаруашылық өнімін өңдейтін кәсіпорындармен көрсетіледі. 2005 жылы ауданның өндірістік кәсіпорындары бойынша тауар өнімінің көлемі 130,8 млн. теңге, немесе қткен жылмен салыстырған да 105 пайыз құрады.

Ауданда өсімдік және мал шаруашылық өнімдерін өңдеу бойынша желі дамыған. 11 диермен, 14 наубайхана, 2 макорон цехы, 6 майсыққыш, 3 сүт өңдейтін зауыт, 2 түшпара шығаратын цех бар.

Ауылшаруашылық өнімін өңдейтін кәсіпорындар жылма-жыл өндіріс көлемін ұлғайтып және өнімдердің түрлерін кқбейту жағын қарастырып жатыр. Осы мақсатта «Алғабас» ЖШС биыл алынған несиелік қаржыға ірімшік және түшпара шығаратын құрылғылар алуды жоспарлап отыр.

Нарықтық реформалар жылдары кәсіпкерлік сектор аудан экономикасынан елеулі орын алды. Сонымен, 2005 жылдың 1 шілдесіне алынған дерек бойынша ауданда 881 кәсіпкерлік субъект бар екен, немесе өткен жылдың осы күніне алған дерегімен салыстырғанда 107,3 пайыз, оның ішінде 830 бірлігі жеке кәсіпкерлер, фермерлік шаруашылықтар және 51 субъект- заңды тұлғалар. Кәсіпкерлік салада 4774 адам бұл ауданның экономикалық бөлсенді халқының 24 пайызы.

Кәсіпкерлік экономиканың дамуында қозғаушы күш болды. Ол көптеген экономилық, әлеуметтік мәселелерге шешілуіне септігін тигізуде, жұмыссыздықты ауыздаудауға да өз үлесін қосуда.

Есепті жылда кәсіпкерлік субъектілердің саны 72 бірлікке өсті және бұл сан 2005 жылдың басында 847 құрады, оның ішінде өндіріс – 7, ауылшаруашылық – 450, сауда – 322, көлік – 58, басқасы – 10.

Ауданда кәсіпкерліктің жаңа түрлері шықты: такси қызметі, маркетинг қызметі, жиһаз жөндеу, дөңгелек жөндеу, компьютерлік клубтар қызмет етеді және т.б. Мемлекетіміздің тәжірибесі дәлелдегеніндей – экономиканың қарқынды дамуы кәсіпкерлікке байланысты. Мемлекеттік саясаттың жүйелілігінің арқасында шағын бизнесбіздің ауданның тұтынушы секторының бөлінбес бөлшегіне айналды.

Ауданда бүгін 100 дүкен бар, ол арада күнделікті тұтынатын заттардан басқа тұрмыстық техника, жиһаз т.б. көруге болады. 11 асхана, 4 кафе, базар қызмет етеді. Тағы бір сала- жолжаға сервисі дамып келеді. Екі кафе ашылды (Пагорныйда және Жайсаңда), жоспарда Жанар-жағар май стансасын және автобекет салу ашу. Жол жаға сервисі әле де дамиды, себебі республикалық маңызы бар 100 км созылған трасса төрт селолық округ аумағымен өтеді. Айта кету қажет аудан аумағында үш темір жол стансалары бар, бұларда бизнесмендердің назарынан тыс қалмайды деген сенімдеміз.

Ауданда шағын және орта бизнестің дамуына қолдау көрсететін структуралар бар. Олар Мартукский бизнес-инкубатор қоғамдық қоры және екі Халықаралық жоба: «Ақтөбе облысындағы шағын және орта бизнесті дамыту» және ТАСИС жобасы.

Жоғарыда айтылған структуралар кәсіпкерлікті дамытуда біршама істер атқарды. Жайсаң ҚМ-13 жанынан дәнекерлеуші және ірімшік жасаушы кәсіптеріне оқыту жоспарланып отыр. Бүгінгі

күні осы мақсатқа дүниежүзілік тәжірибе алынып, қондырғылар мен компьютерлер алу қарастырылуда.

Ауданда 2004-2006 ж.ж. Мәртөк ауданының индустриалды-инновациалық даму шаралары әзірленді.

Соңғы жылдары ауданның өндіріс секторы тек қана ауылшаруашылық өнімдерін өңдеу және ауылшаруашылық техниканы жөндеуде қызмет көрсету кәсіпорындарымен көрсетілді.

Қазір ауданда сүтті өңдейтін 3 кәсіпорын бар: ТНҚ «Казхромның» сүт цехы, «АКМ Холдинг» және «Алғабас» ЖШС-тері. «Алғабас» ЖШС ет өңдеумен және ет жартылайфабрикат өндірісімен айналысады. Кәсіпорында кең ассортиментте балмұздақта-ың жеті түрі шығарылады және 2003 жылдан бері сүт өнімдерін шығару ұйымдастырылған. Өндірісте 195 адам жұмыс жасайды. Барлық шығарылғае өнім ауданда, облыста сатылады. Бұл кәсіпорын жыл сайын екінші деңгейдегі банк несиелерімен жұмыс жасайды.

ТНҚ «Казхромның» сүт цехы сүт өнімін шығарумен айналысады, ол Ақтөбе қаласында сатылады. Кәсіпорын шикі затты аудан шаруашылықтарынан және жеке сетордан алады. «АКМ Холдинг» ЖШС 2004 жылы құрылды, олсүттен жасалынатын газдандырылған «Тан» суынын шығарады.

Жоғарыда аталған кәсіпорындар өз жағдайларын жыл сайын өндіріс көлемін 15 пайызға ұлғайтып жақсартып алды.

«Тон» ОК, бұрын тері мен былғары өңдеумен айналысатын ал қазір арнайы киімдер тігумен айналысады. «Катекс» ЖШС – кислород өндірумен, «Ремонтник» ЖШС – ауылшаруашылық агрегаттарын жөндейді.

Халықтың жұмыссыз бөлігін және кәсіпкерлерді оқытуға үлкен назар аударылуда, бұл мәселемен екі халықаралық жоба және бизнес-инкубатор айналысып отыр. Үстіміздегі жылдың жартыжылдығындаосы структурармен 12 семинар, тренингілер өткізілді. Бизнес-инкубатордың көмегімен «Мирамгуль» ШҚ Центр Кредит банкісінен несие алды, «Дина», «Даулен», «Ерсамат» ШҚ лизинг бойынша тракторлар алды. Мәртөк бизнес-инкубаторында 32 адам компьютерге оқылды, оның ішінде: жастар – 16, орамандар – 5, жұмыссыздар – 18 адам.

Халықаралық жобамен де фермерлік шаруашылықтарды ұйымдастыруда біршама істер атқарылды.

Ауданда бюджетке түсетін салық төлемдерінің толық және уақытылы түсуі бойынша біршама жұмыс атқарылды. Бірінші жартыжылдықта салық түсімдері 101,4 пайызды құрады. Күтілгені 114,2 млн. теңге болса түсуі 115,9 млн. теңге болды. Жергілікті бюджетке кіріс 100 пайызға орындалды.

Кедейлікті, жұмыссыздықты азайту мәселерін шешуде жақсы өзгерістер байқалуда. Мәселе негізінен кәсіптік оқыту мен қоғамдық ақылы жұмыстарға тарту арқылы шешіліп жатыр. Үстіміздегі жылы 36 азаматтық азамат тіркелді олардың барлығы да қоғамдық ақылы жұмыстарға жіберілді.

Кедейлікті азайту бойынша аймақтық бағдарламаны іс-жүзіне асыру мақсатында ведомствоаралық комиссия құрылды. Жыл басынан бастап жұмыспен қамту бөліміне 389 аудан тұрғыны жұмыс іздеп жолықты, оның ішінде 290 жұмысқа орналастырылды, 32 адам оқуға жіберілді. Үстіміздегі жылдың 1 шілдесіне 244 жаңа жұмыс орны ашылды. 2005 жылдың 1 маусымына қарағанда жұмыссызды саны 128 адам болды, жұмыссыздар деңгейі – 0,76 пайыз.

Биыл кедейлікті төмендету мақсатында 91 азаматтық азамат жалпы сомасы 9,1 млн. теңгеге несиеленді.

Қазіргі таңда халыққа медициналық қызметті ОАА, 9 ОДА, 1 ФАП, 16 ФП, шағын ауылдардағы 14 медқызметкер және 33 дәріхана мен дәріхана пункттері көрсетеді. Биыл ОАА 3 керуәттік реанимация бөлімшесі ашылды, рентген және флюорокабинеттері жөнделді.

Ауданда демографиялық көрсеткіштер келесідей:

- 1000 тұрғынға шаққанда туу 13,5 құрады (2004 ж. – 13,0);
- өлім 1000 –ға шаққанда -11,5 (2004 ж. – 13,6)
- табиғи өсім + 2,0 (2004 ж. - -0,6)

Амбулаториялық-поликлиникалық көмек 108,2 %-ға, стационарлық көмек 111,6%-ға орындалған.

Ауруханада бактериологиялық лаборатория, бинокулярлы микроскоп, рентген және флюорокабинеттер қызмет көрсетіп отыр.

Ауданда 54 дәрігер, 10000 халыққа 17,7, 143 орта медициналық персонал жұмыс жасайды. Денсаулық мекемелерінде сауықтыру және динамикалық бақылау мақсатында жаңа «Баланың денсаулық паспорты» санақ формасы енгізілген.

Аудандық білім беру жүйесінде 37 мектеп бар. Оның 21 орта, 9

негізі, 7 бастауыш мектептер, олар 100% компьютерлермен жабуықталған.

Барлық компьютерлердің саны 201, оның 66% интернет жүйесіне қосылған.

Қазақстан білім жүйесінің дамуы бұрынғы методология жағдайында жүріп жатыр, бұл біздің халықаралық білім кеңістігіне кезек – кезек пен кіруімізге жеткіліксіз. Осыған байланысты 2003-2004 оқу жылында №1 Мәртөк орта мектебі базасында 12 жылдық білім сынағы басталды.

Мектептердің материалдық базасын нығайтуға қаржы бөліне бастады. Жоғарда аталған мектепке 7313 мың теңгеге мектеп жиһаздары алынды. Республикалық бюджеттен Вознесенка және Степановка елді мекендерінде интернат алуға 21082 мың теңге, интернаттардың жабдықтарына 4576 мың теңге бөлінді.

Ауданда мектепке дейінгі мекемелер даярлынған балалардың 86 % қамтылған. Аудандық «Топлек» балалар бақшасында туберкулез ауруына шалдығу ынтымалдығы бар балалар тәрбиеленетін, күшейтіліп тамақтандырылатын санаторлық топ жұмыс жасайды. Балабақшада 4 мақтанарлық даярлық тобы бар. Олардың екеуі халықаралық Сорос бағдарламасы аясында қызмет көрсетеді. 2006 жылы ауданда тағы 2 бала бақша ашу жоспарланған. Аумақтық «Забота» акциясы шеңберінде аз қамтылған отбасы балаларын киім-кешекпен қамтамасыз етілді, бұл шараға 126 мың теңге, жашпай оқыту қорынан 181 мың теңге бөлінді. Жалпы білім беру мекемелерінде жасөспірімдерді жазғы мезгілде сауықтыру, демалдыру жоспарлары жасалған. Жазғы демалыспен 3557 бала қамтылған, оның ішінде 753 аз қамтылған отбасы балалары. Вознесенка орта мектебі жанынан «Шұғыла» лагері ашылып, 2 маусымда 60 бала демалды. Облыстық дарын мектебінде №1, №2 мектептердің балалары демалды. Республикалық халықаралық «Балдаурен» оқу- сауықтыру лагеріне облыстық және аудандық олимпиадалардың жеңімпаздары жіберілді. Шілде айында оқу озаттарымен белсенді оқушылар Астана қаласына демалуға барып қайтты. Ауданда суретшілер конкурсы болып, оған 14 мектеп қатысты, оның ішінде 13 сурет республикалық конкурсына жолдама алды. №1 Мәртөк орта мектебінде Республикалық олимпиаданың 2-ші этапы өтті. Сонымен қатар аудандық «Жеңістің 60 жылдығы»-на арналған шығармалар конкурсы өткізілді.

Аудандағы хореографиялық «Қарлығаш» бишілер тобы наурыздың 23-мен сәуірдің 7 аралығында Германияның Ганновер қаласында өткен «Бегущая по волнам» конкурсында қатысып жүлделі 1-ші орын алып келді. Әлемнің 5 мемлекетінен келген 18 топтық ішінен аудандық өнер мектебінен хореографы Әсел Имангазина басқарған бишілер тобы осындай деңгейдегі конкурсқа бірінші рет қатысып отырғандарына қарамай жоғарғы жетістікке жетуі қыруар еңбекпен келетінін аудан жұртшылығы біліп отыр.

Ауданда 530 бала қатысатын 68 спорт объектілері бар. 2003 жылы балар – жасөспірімдер спорт мектебіне облыс басшылығы олимпиаданың күрес кілемін және боксерлық рингін сыйға тартқан еді, сол рингті биыл селоның 100 жылдығына орай бұрынғы «Ремонтник» зауытының мәдениет үйі жөнделіп соған орнатылды. Осы спорт кешені 2005 жылдың 17. қарашысында облыс әкімі Елеусін Сағындықовтың қатысуымен салтанатты түрде ашылды. Аудандық балалар жасөспірімдер спорт мектебі облыстық және республикалық жарыстардың жеңімпаздарын тәрбиеледі.

Осы мектепте 4000 разрядник, 100 артық спорт шеберіне кандидат, 4 спорт шеберін, 1 халықаралық деңгейде спорт шеберін даярлап шығарылды (Азамат Наурызбаев). Бүгінгі күні бұл спорт мектебінің 4 түлегі (Ш. Абдуллин, М. Сейтжанов, Қ. Ходжаниязов, Қ. Алькуатов) Қажымұқан Мұнайпасов атындағы республикалық мектеп-интернатында дәріс алуда.

Олардың ішінде Қазақстан құрама командасының мүшесі, грек-рим күресінен спорт шеберіне кандидат, 4 Республика чемпионы, Азия чемпионатының жүлдегері М.Ходжаниязов та бар (жеке жаттықтырушысы Нурниязов Атымтай Нурлыханулы).

Дене шынықтыру пәніне және спорт секцияларына 6109 адам қатысады. Ауданда Алға, Мәртөк аудандардың қатысуымен футболдан Ақбидай - 2005 атты жазғы ауылдың бағдарламаға орай облыстық, аймақтық жарыстар өткізілді. Содан кейін ауыл жастары арасында аудандық жазғы-аймақтық Ақбидай 2005 атты спорт түрлерінен спратакиада өткізілді.

